

▶ Н.А. Жұманбаева

A photograph of a notary seal with a black handle and a brass base, resting on a document. The seal is stamped with a red circular mark. The document is on a wooden desk, with a pen and other papers visible in the background. The image is framed by a large red geometric shape.

**ҚАЗАҚСТАН  
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ  
НОТАРИАТ**

*Оқу құралы*



**TURAN**  
UNIVERSITY

**«ТУРАН» УНИВЕРСИТЕТІ**

**Н.А. Жұманбаева**

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ НОТАРИАТ**

**Оқу құралы**

**Алматы**  
**2018**

УДК 347.961 (075.8)

ББК 67.410 я 73

Ж 81

Жоғары оқу орындарының барлық оқу нысаны бойынша «құқықтану» мамандығының білім алушыларына арналған оқу құралы ретінде «Тұран» Университетінің Ғылыми Кеңесімен ұсынылған (2018 ж. 25 қазандағы №2 хаттама)

Рецензенттер:

Заң ғылымдарының докторы, профессор Шарипов Ш.М.

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Алаева Г.Т.

Заң ғылымдарының кандидаты, доцент Алимкулов Е.Т.

Жұманбаева Н.А.

Ж 81 Қазақстан Республикасындағы Нотариат: оқу құралы /  
Жұманбаева Н.А. – Алматы: «Тұран» университеті, 2018. – 128 б.

ISBN 978-601-214-391-1

Оқу құралы дәрістер жинағынан, тәжірибелік сабақтардың тақырыбынан, аралық бақылауға арналған сұрақтардың, емтиханға арналған тестілік тапсырмалардың, нормативтік қайнар көздердің тізімінен тұрады.

Жоғары оқу орындарының барлық оқу нысаны бойынша «құқықтану» мамандығының 2,3,4 курс білім алушыларына арналған.

УДК 347.961 (075.8)

ББК 67.410 я 73

ISBN 978-601-214-391-1

© Жұманбаева Н.А., 2018

© «Тұран» университеті, 2018

## АЛҒЫ СӨЗ

«Нотариат» курсының пәні нотариаттық қызметтің мәселелерін, ең бірінші кезекте, Нотариат туралы Қазақстан Республикасының заңының негізін және оның тәжірибеде қолданылуын оқып үйрену болып табылады. Бұл оқу құралы мемлекеттік және жекеше практикамен айналысатын нотариустардың түсінігін, міндеттерін, өкілеттіктерін, сондай-ақ оның қызметін реттейтін заңнамаларды қарастырады, сондай-ақ нақты нотариаттық іс-әрекеттердің түрлерін жасаудың ережелерін оқып үйренуге арналған.

Оқу пәнінің мақсаты білім алушылардың Қазақстан Республикасындағы нотариаттың және нотариаттық қызметтің мәні мен жүйесін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыруды және нотариаттық іс жүргізуді реттейтін құқық нормаларын игеру болып табылады.

Оқу пәнінің міндеті болашақ заңгерлер бойында нотариаттық қызмет туралы, нотариат институтының жалпы қағидаттары туралы, нотариат жүйесіне кіретін органдар мен лауазымды адамдар алдында тұрған міндеттер туралы негізгі құқықтық білімді қалыптастыру. Нотариаттың жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету барысындағы рөлін ұғыну, нотариус қызметінің теориялық және тәжірибелік негізін оқып үйрену.

«Нотариат» курсының маңызды міндеттері:

- білім беру – білім алушылардың жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен заңды мүддесін қорғау барысында нотариаттық құқық бойынша білімді игеру;
- тәжірибелік – білім алушылардың бойында нотариаттық қызмет туралы алынған теориялық білімді тәжірибеде қолдана білу дағдысын қалыптастыру;
- тәрбиелік – білім алушылардың бойында нотариаттық қызметті құқықтық реттеу мемлекеттік маңызды мәселе екендігі туралы түсінік қалыптастыру.

## ДӘРИСТЕР ЖИНАҒЫ. ТЕОРИЯЛЫҚ БӨЛІМ.

### **I. НОТАРИАТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.**

Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі Нотариат туралы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасындағы нотариат – бұл нотариаттық іс-әрекеттер жасау арқылы жеке, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ететін білікті заң көмегін көрсету жөніндегі құқықтық институт.

Нотариат қолданыстағы заңға сәйкес нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өкілеттік берілген органдар мен лауазымды тұлғалардың жүйесі. Осыған орай бұл тек қана жекеше практикамен айналысатын нотариустар ғана емес, бұл жүйеге нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өкілеттік берілген атқарушы билік органдарының лауазымды адамдары, басқа мемлекеттің аумағында нотариаттық іс-әрекеттерді жасайтын консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар және ерекше жағдайда нотариаттық іс-әрекеттерді жасайтын басқа да лауазымды адамдар кіреді.

Нотариаттық қызмет – бұл нотариустың Нотариат туралы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы. Құқық қорғау мен заңды мүдделер әрбір адам үшін маңызды мәселе болып табылады. Бұл пайда болған құқық иеленудің шынайлығы, құжаттың немесе құжатқа қойылған қолдың түпнұсқалығы болуы мүмкін. Осындай әлеуметтік қажеттіліктерді нотариат және оның қызметі туралы заңнама қамтамасыз етеді.

**Нотариаттың мақсаты** азаматтар мен заңды тұлғалардың құқығын қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

#### **Нотариаттың негізгі міндеттері:**

- 1) жеке және заңды тұлғалардың меншігін, құқықтарын және заңды мүдделерін қорғау;
- 2) заңдылықты және құқықтық тәртіпті нығайту;
- 3) нотариаттық іс-әрекеттер жасауда заң нормаларына сәйкес дер кезінде заң бұзушылықтардың алдын-алу.

Көп ғалымдардың пікірінше, нотариат, құқық қорғау органдарының қатарына жатады. Нотариаттық қызмет өз функцияларымен ерекшеленеді және құқықты растау, куәландыру және юрисдикциялық қызметпен тығыз байланысты. Бір жағынан бұл қызметтер Әділет Министрлігінің құқықтық қызмет көрсету жұмысын ұйымдастырудың жалғасы болып табылады. Екінші жағынан, нотариат және сот органы азаматтық айналымда заңдылыққа алдын ала бақылаудың біркелкі қызметін жүзеге асырады.

Нотариаттың алдында тұрған жеке және заңды тұлғалардың құқығын қорғау міндеті, сот органдарының міндетімен ортақ болып келеді, бірақ алдын алу сипатында болатын, тек нотариатқа ғана тән әдіс, тәсілдермен жүзеге асырылады.

Сотта дау туындаған жағдайда, нотариаттық түрде куәландырылған құжаттың бар болуы, мүдделі тарапқа өзінің құқығын дәлелдеуді жеңілдетеді, өйткені, келісімге келген тараптардың құқықтары мен міндеттері, қойылған қолдың түпнұсқалығы, жасалған шарттың уақыты нотариаттық органмен ресми расталған құжат шынайы және дау тудырмайды. Осылайша, нотариаттық қызметтің пәні, сот органдарының қызметіне қарағанда дау тудырмайтын істер, басқаша айтқанда, даусыз фактілерді куәландыру болып табылады.

Жеке және заңды тұлғалар, қоғам мен мемлекет үшін нотариаттық қызметтің заңдық маңызы нотариустардың өзінің қызметін асыра пайдаланғанда ықтимал ауыр салдарға әкеліп соғатынын анықтайды.

ҚР ҚК 251 бабына сәйкес жекеше нотариустың, өз қызметінің міндеттеріне қайшы және өзі немесе басқа адамдар немесе ұйымдар үшін пайда мен артықшылықтар алу не басқа адамдарға немесе ұйымдарға зиян келтіру мақсатында пайдалануы, егер бұл іс-әрекет азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, төрт мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Көрінеу кәмелетке толмаған адамға немесе әрекетке қабілетсіз адамға қатысты не бірнеше рет жасалған дәл сол іс-әрекет – мүлкі тәркіленіп немесе онсыз, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан бес жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, бес мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Нотариаттық құқық оқу пәнінің және әдісінің жүйесін реттейтін өзара тығыз байланысты, біркелкі жүйені құрайтын қағидаттардан тұрады.

Нотариаттық қызметтің негізгі арнайы қағидаттарына мыналарды жатқызуға болады:

- нотариаттық қызметтің заңдылығы;
- нотариаттық қызметтің тәуелсіздігі;
- нотариаттық қызметті жүзеге асыру барысындағы бейтараптылық;
- нотариаттық іс-әрекеттердің құпиялығы;
- нотариустарды қаржылық қамтамасыз ету;
- нотариустың жауапкершілігі;
- іс жүргізу тілі.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасындағы нотариат атқарушы билік органдарының жүйесіне кірмейді. Ал нотариусқа келетін болсақ, нотариус лауазымды адам ба, жоқ па ол туралы пікір әлі бір жақты емес.

Кейбір авторлар, нотариусты лауазымды тұлға емес, заң жүзінде нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өкілеттілік берілген мемлекеттің өкілдері деп санайды (В.В. Ярков, В.В. Ефимова, А.М. Гатин). Басқалары керісінше, нотариустарды лауазымды тұлға деп есептейді (Ю.Н. Власов, В.В. Калинин, Л.А. Стешенко, Т.М. Шамба).

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет туралы заңына сәйкес лауазымды адам – билік өкілінің функцияларын тұрақты, уақытша немесе арнайы өкілеттік бойынша жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда ұйымдастырушылық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды атқаратын адам.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы ҚР заңына сәйкес лауазымды адам – тұрақты, уақытша немесе арнаулы уәкілеттік бойынша билік өкілінің функцияларын жүзеге асыратын не мемлекеттік органдарда, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық функцияларды орындайтын адам.

Біздің ойымызша, заң тұрғысынан жекеше практикамен айнылысатын нотариустарды лауазымды адамдар қатарына жатқызу немесе оларды мемлекеттік биліктің өкілдері қатарына жатқызу да дұрыс емес сияқты.

Нотариат туралы заң нормалары жекеше практикамен айналысатын нотариустың қызметіне кірісуін және оны қызметінен айыруды әділет органдары мен нотариаттық палатының құзыретіне берген. Нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз санын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі аумақтық әділет органының аумақтық нотариаттық палатамен бірлесіп берген ұсынымы бойынша анықтайды. Олардың саны әрбір нақты нотариаттық округ бойынша белгіленуі керек. Нотариустардың санын

анықтаудың басты критерийі тиісті түрде нотариаттық қызмет көрсетуді қамтамасыз ету үшін, нақты аумақтың нотариаттық іс-әрекеттер жасайтын нотариустарға қажеттілігімен анықталуы тиіс. Бұл келесі жағдайларды ескерумен: нотариаттық округтегі халықтың саны мен тығыздығына; өңірдің экономикалық дамуына, географиялық орналасуына, инфрақұрылымы мен басқа да ерекшеліктерінің болуына байланысты анықталады.

Нотариат туралы Заңның 6 бабында нотариус болу үшін қойылатын талаптар көзделген: жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар, нотариуста кемінде бір жыл мерзімде тағылымдамадан, әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан өткен және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматы нотариус бола алады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасында белгіленген тәртіппен қызмет атқаратын әкімшілік мемлекеттік қызметші мемлекеттік нотариус болып табылады.

### **Қазақстан Республикасында нотариаттың дамып-қалыптасу тарихы.**

Қазіргі кездегі нотариаттың күрделі әрі ұзақ даму тарихы бар. Отандық заң терминдеріне кірген басқа да көптеген заң терминдері сияқты «нотариус» сөзі латын тілінен енді. Латын тілінен аударғанда, бұл сөз «белгі» дегенді білдіреді, ал белгілік нышандар мысалы музыкада (ноталық сауаттылықта) қолданылады, бұл салада олардың бастапқы жазылуы мен мазмұны сақталды.

Роман-германдық тілдер тобында, мысалы қазіргі ағылшын тілінде бұл сөздің латын тіліндегі түбірі, әрі туындылары сақталған: notary-нотариус, notaryal-нотариаттық, notarise-растау, нотариаттық куәландыру .

Тарихи тұрғыдан нотариатқа деген қажеттілік меншіктік қатынастардың белгілі бір даму деңгейінде объективті түрде пайда болды. Меншіктік қатынастардың дамығандығы және құқықпен реттелгендігі нотариустармен немесе мемлекетпен нотариалды өкілеттіліктер берілген тұлғалармен жүзеге асырылуы тиіс нақты заңды процедуралардың қажеттілігін тудырады.

Қоғамдық формацияның дамуының басынан бастап, құқықтың қажеттілігі көріне бастайды. Әрине, жеке адамдардың арасында ғана емес, сондай-ақ топтардың арасында да даулар пайда бола бастады. Мүмкін, осындай жағдайлардың пайда болуы адамдарды өз өмірлерін тыныш әрі бейбіт құра алатындай ережелерді қалыптастыруға итермелеген шығар. Сөйтіп біртіндеп бірінші қол жазба жүріс-тұрыс қағидалары, нақтырақ айтқанда, құқық пайда болған.



Ежелгі Вавилонда жеке меншіктің және жай азаматтық айналымның пайда болуынан бастап иемденген құқықтырды растауға куәгерлер қызмет етті. Олар жазбаша келісім мәмілелер жасасу әдеті орнатылғанша нотариалдық қызметке ұқсас жұмысты атқарып отырды. Куәгерлер мәмілеге сәйкес міндеттемелердің мазмұнын есте сақтап, керекті кезде оны қайталап келтіріп отыруы тиіс болды. Жазбаша мәміле пайда болғаннан соң куәгердің рөлі өзгерді. Ол мәміленің мазмұнын емес, тек оның жасалғандығын ғана растау үшін қолданылып отырды. Мәмілелер мазмұны саз балшықтан жасалған арнайы тақтайшаларға жазылып, өз иесінде сақталды немесе иелерінің қалауы бойынша жақсы сақталу үшін шіркеу мұрағатына енгізіліп отырды. Тақтайшыны құжатты дұрыс толтыруы үшін сәйкес білімі бар хатшы толтырды. Азаматтық айналымның дамуы иеленген құқықтырдың даусыздығын қамтамасыз ететін құжаттарды құрастыратын арнайы жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік шенеуніктерге деген мұқтаждықты тудырды.

Бірінші дерек көздерінде берілген нотариус мамандығы туралы ескерме Хамурапи ханының кодексімен байланысты. Бұл кодекстің мәтіні мемлекеттің көптеген елді мекендерінің негізгі алаңдарына орналастырылған бекем тастың бетіне жазылған. Оның мазмұнында бүгінгі біздің «нотариаттық құқық» деп айтып жүргеніміз болды: азаматтық хал актілері, құрылтай келісімдері, мұрагерлікті құрастыру, неке тіркеу туралы келісімдер.

Мұндай «сазды актілер» негізінде шіркеулерде сақталды, ал нотариалды функцияларды атқарып жүрген тұлғалар өте қадірлі, абыройлы әрі ел ішінде беделі бар адамдар болды. Бұл тарихи дерек көздері бойынша нотариус қызметі қаншалықты көне екенін аңғаруға болады. Хатшы (хатшылар), шіркеу қызметкерлері және т.б. қағаз ойлап шырағылғанға дейін де нотариалды қызмет атқарып отырды.

Айтып кетуіміз керек, нотариус болып өте қадірлі адамдар жұмыс істеді. Жұртшылық олардың айтқанын тындап, қадірлеп, сенім артты. Нотариалдық хаттауды керек ететін кейбір мәмілелерді жасасу кезінде жеке адамдардың қатысуы қажет болды, олар кейде қызық жағдайларға да куә болып отырды. Мысалы, адам қарызды қайтару кепілі ретінде отбасын бірнеше жылға құлдыққа аманат ретінде беретін болды.

Адам ойының дамуымен бірге нотариалдық қызмет те дамыды. Келесі кезең ұлағаттылығын Аристотель, Платон және Диоген айқындаған Ежелгі Грециямен байланысты. Дәл осы кезде нотариустар мемлекеттік және жеке құқыққа сүйене отырып келісім-шарттарды жасау мен тіркеуді жүзеге асыра бастады. Рим империясында алғашқы рет нотариус жөнінде Юлий Цезарьдың хатшысының жазуларында айтылған. Жоғарыда айтылғандай, «нотариус» сөзінің Римдік тегі бар, оның пайда болуы б.з.д. 103 жылға

катысты. Цезарьдың басқаруы кезінде нотариустар ерекше өкілеттіліктерге ие болды, өйткені екі жақ қол қойып, қолдары анықталған әр түрлі актілерді тіркеу мүмкіндігі пайда болды.

Ежелгі Римде құқықтық материалды жазбаша түрде құрастырумен айналасатын адамдардың 2 тобы болды: мемлекет қызметінде тұрған хатшылар (олардың қызметтеріне магистраторлар беретін өкімдерді және претораторлар шығарған сот формулаларын жазбаша құрастыру кірді) және жеке тұлғалардың қызметінде болған хатшылар (әр түрлі заң мәмілелерін ресімдейтін үйдегі хатшылар). Тағы бір адамдар тобы –табеллиондар (олар да заңды материяны құжат түріне енгізді, бірақ олар не мемлекет, не жеке тұлға қызметінде тұрмады, дегенмен олардың іс-әрекеттері мемлекеттің бақылауында болды) болды. Табеллиондар мемлекеттік қызмет атқармайтындарына қарамастан, заңмен бекітілген сыйақы үшін және мемлекеттік бақылау негізінде заңдық актілерді және сот қағаздарын құрастырумен еркін кәсіп ретінде айналысты. Құқықтық білімі бар әр адам табеллион болуға мүмкіндігі болды.

1997 жылы 14 шілдеде қабылдаған №155 «Нотариат туралы» Заң республиканың жаңа нотариалдық жүйесін қалыптастырды. Жеке нотариустың мәртебесі құқықтар мен фактілерді куәландыруға және аталған Заңмен қарастырылған басқа міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған жариялық құқықтың әрекеттерін жасауға өкілеттілігі бар ерекше заң мамандығы ретінде анықталды.

1998 жылы 25 сәуірде нотариалдық кәсіппен айналысуға құқық беретін алғашқы лицензиялар берілді. Сол жылдың қыркүйегінде Павлодар қаласында нотариустар үшін бірінші республикалық семинар өтті.

Нотариат жүйесі, бұрын әрекет еткен тәртіпке қарағанда, атқарушы билік органдарының жүйесіне кірмейді, заңға сәйкес тікелей және дербес қызмет ететін, өзін-өзі реттейтін белгілі нотариалдық бірлестіктер аумағында өмір сүреді.

1998-1999 жылдары республика облыстарында, Астана және Алматы қалаларында 16 территориалдық нотариаттық палаталар құрылды. 2000 жылы көктемде Қазақстанның барлық нотариустардың құрамынан (900 адам) жеке нотариустар (600 адамдай) нотариаттық палаталарының мүшелері болды. Қалған нотариустар мемлекеттік нотариустар болды, олардың қызметі Әділет министрлігінің территориалдық органдарымен реттелді.

2000 жылдың 18 ақпанында өткен І құрылтайшы Съезде территориалдық нотариаттық палаталардың қызметін республикалық деңгейде реттеу үшін және жеке нотариус мамандығы мен кәсіби мүдделерді

бұқаралық түрде өкілеттеу үшін Республикалық нотариаттық палатаны құру туралы шешім қабылдады.

Қазіргі кезде бұл құқықтық институт құқық жүйесінде өзіндік дәрежелі орынға ие. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, Қазақстанда 80% жекеше практикамен айналысатын нотариустар және 20% - мемлекеттік нотариустар бар.

Қазақстан Республикасының Нотариат туралы Заңын шартты түрде екі бөлімге бөліп қарастыруға болады. Бірінші бөлімде – жалпы ережелер, екінші бөлімде – әртүрлі нотариаттық іс-әрекеттер мен оларды жасаудың тәртібі.

Мемлекеттік нотариат кеңсесінде жұмыс істейтін нотариус пен аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша мемлекеттік баж алады.

Жекеше практикамен айналысатын нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттерге ақы Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген мемлекеттік баж мөлшеріне сәйкес келетін ставкалар бойынша төленеді.

- Нотариаттық заңнаманың маңызды қайнар көздері болып табылады:

- Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі;
- Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексі;
- Қазақстан Республикасының Жер кодексі;
- Қазақстан Республикасының Тұрғын үй қатынастары туралы Заңы.

Жалпыға танылған халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормалары және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі болып табылады. Сәйкесінше, халықаралық шарттар мен келісімдер нотариаттық құқықтың қайнар көздері болып табылады. Атап айтқанда, Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы Конвенция (22.01.1993 жылы Минскіде жасалған, 19.05.1994 күшіне енген), Адамның құқықтарын және негізгі бостандықтарын қорғау туралы Еуропалық Конвенция (4 қараша 1950 жыл).

Бұдан басқа нотариаттық құқықтың қайнар көздері ретіндегі заңға тәуелді актілер:

- Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы;
- «Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустар куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысанын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы №104 Бұйрығы;
- «Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі ережені бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №32 Бұйрығы;
- «Тағылымдамадан өткен адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы №56 Бұйрығы;
- «Нотариустың үй-жайы талаптарын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №29 Бұйрығы.

**Нотариалдық өзін-өзі басқару органдары.** Бюджеттік емес салада жұмыс істейтін, жариялы-құқықтық сипаттағы кәсіптің мәртебесіне байланысты нотариустардың бірыңғай стандарттары мен жұмыс істеу ережелері болуы керек. Қазақстандық нотариат жүйесінде нотариус мемлекеттік қызметкер болмағандықтан, сәйкесінше, мемлекет бұл кәсіп түріне тікелей басшылық ете алмайды. Сондықтан нотариустар өздерінің кәсіптік органдары – міндетті мүшелікті талап ететін нотариаттық палаталарға бірігеді.

ҚР Нотариат туралы заңының 26 бабына сәйкес нотариаттық палата жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады

Нотариаттық палата заңды тұлға болып табылады және заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

Нотариаттық палатаның заңды мекен-жайы, банкілік есеп-шоты, мөрі, әртүрлі мөртаңбалары және басқа да заңды тұлғаға қажетті атрибутикалары болады.

Нотариаттық палатаны құру туралы шешім оның тиісті ҚР заңдарында көзделген негіздерде тіркелуге жататын Жарғысы қабылданатын құрылтайшыларының жиналысында қабылданады.

Құрылтай жиналысында нотариаттық палатаның басқару және бақылау органдары құрылады және лауазымды тұлғалары сайланады:

нотариаттық палата мүшелерінің жалпы жиналысы, нотариаттық палатаның төрағасы, нотариаттық палатаның басқармасы.

Нотариаттық палата қызметінің негізгі қағидаттары: заңдылық, жариялылық, өзін-өзі басқару, өзін-өзі қаржыландыру.

Нотариаттық Палатаның өкілеттіктері ҚР Нотариат туралы Заңының 27 бабымен анықталады.

Республикалық нотариаттық палатаның қызметі ҚР Нотариат туралы Заңымен және оның жарғысымен белгіленеді. Республикалық нотариаттық палата заңда белгіленген тәртіппен тіркелуге тиіс.

## II. НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ЖАСАУДЫҢ ТӘРТІБІ

Нотариаттық іс-әрекеттер – бұл өз кезеңімен жасалатын заңдық фактілердің жүйесінде көрініс табатын нотариустардың заңдық маңызы бар әрекеттері.

Басқа заңды әрекеттерден ерекшеленетін нотариаттық іс-әрекеттер белгілі бір сипаттамаларға ие:

1) нотариаттық іс-әрекеттерді арнайы заңмен өкілеттілік берілген белгілі бір тұлғалар ғана жасайды;

2) жасалатын нотариаттық іс-әрекеттер арнайы заңмен көзделуі керек;

3) нотариаттық іс-әрекеттер арнайы процедураның шегінде – нотариаттық іс жүргізу шегінде жасалады;

4) кез келген нотариаттық іс-әрекеттер, нотариаттық іс-әрекеттің қандай салаға қатысты болуына қарамастан, арнайы және басқа да заңдардың талаптарына сәйкес келуі. (Мысалы, нотариус мұраға құқық туралы куәлік береді, бұл жағдайда ол ҚР Нотариат туралы заңын және ҚР АҚ тиісті нормаларын басшылыққа алады);

5) мемлекеттік баж немесе нотариаттық тарифті төлеу. Егер осы екі төлемнің ең болмағанда біреуі болмайтын болса, онда нотариаттық іс-әрекет жасалған жоқ деп танылады.

ҚР Нотариат туралы заңының 42-бабына сәйкес нотариус немесе лауазымды адам нотариаттық іс-әрекет жасаған кезде нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген азаматтың, оның өкілінің немесе заңды тұлға өкілінің жеке басын анықтайды.

Адамның жеке басын анықтау нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттар негізінде жүргізіледі. Мұндай құжаттар қатарына жатады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 2) Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;
- 3) шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат;
- 4) азаматтығы жоқ адамның куәлігі;
- 5) туу туралы куәлік;
- 6) шетелдік паспорты.

16 жасқа толмаған, кәмелетке толмаған адамның жеке басын баланың заңды өкілдерінің бірі кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігінің және баланың заңды өкілдерінің бірінің жеке басын куәландыратын құжатының негізінде растайды.

Мәмілелерді куәландырған кезде нотариус нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адамның жасын, жеке басын куәландыратын құжатының негізінде анықтайды.

Жеке тұлғаның әрекетке қабілеттілігі оның жеке басын куәландыратын құжаттарын берген сәттен, сондай-ақ әңгімелесу барысында көзбен шолу және Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің (бұдан әрі – БНАЖ электрондық тізілімі) арқылы «Жеке тұлғалар» мемлекеттік деректер қорында анықталады.

Әрекетке қабілеттілігін тексерген кезде, нотариус мәміле жасау үшін өтініш білдірген тұлғаның өзінің іс-әрекеттерінің маңызын, мәнін түсінетіндігіне және өзінің іс-әрекеттеріне жауап бере алатындығына көз жеткізуі тиіс. (яғни тұлғаның психикалық жағдайы қалыпты болуы керек).

Заңды тұлғаның, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдіктің, филиалдың (өкілдіктің) құқық қабілеттілігі БНАЖ арқылы «Заңды тұлғалар» мемлекеттік деректер қорынан анықталады.

**Нотариустардың пәндік және аумақтық өкілеттіктері.** ҚР Нотариат туралы Заңының 34-бабында жекеше практикамен айналысатын нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер көзделген. Осы заңның 35-бабында аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер, ал 36-бабында консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер көзделген.

Қазақстан Республикасының әкімшілік-аймақтық бөлінісіне сәйкес бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың аумағы нотариаттық округ болып танылады.

Нотариаттық округ – нотариустың қызмет ету аумағы болып табылады.

Қазақстан Республикасының аумағында нотариаттық іс-әрекеттер кез келген нотариуспен жүзеге асырылады. Нотариустың қызмет ету аумағы ҚР Нотариат туралы Заңның 34-бабы 1-тармағының 3, 4, 5-тармақшаларында, сондай-ақ 54-бапта көзделген іс-әрекеттерді жасаған жағдайда сақталады. Басқа жағдайлардың бәрінде жеке және заңды тұлғалардың нотариаттық іс-әрекеттер жасату үшін кез келген нотариусқа жүгінуге құқығы бар.

Нотариаттық өндіріс – бұл нотариустың және өкілетті тұлғалардың нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адамдарға қатысты белгілі бір нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асыру үшін жасалатын заңдық қызметтердің жүйесі.

Бұл анықтамадан нотариаттық өндірістің мынандай белгілері пайда болады: 1) субъектілердің біреуі болып нотариус танылады; 2) нотариаттық

өндірістің пәні мен қорытындысы нотариаттық іс-әрекеттердің жасалуы болып табылады.

Нотариаттық іс жүргізу Қазақстан Республикасының архивтер мен құжаттаманы басқару жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органымен келісу арқылы Республикалық нотариаттық палатаның қатысуымен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін Нотариаттық іс жүргізу жөніндегі қағидаға (бұдан әрі - Қағида) сәйкес жүзеге асырылады.

Қағида талаптарының сақталуына бақылау жасауды аумақтық әділет органдары мен нотариат палаталары жүзеге асырады.

Ведомствааралықты қандай да бір құқықтық даулар мен заңдық істердің құзыретті шешілуінде ұтымды жағдай ретінде қарастыруға болады, кейде мұндай жағдайларда әртүрлі мемлекеттік органдардың да өз құзыреті шегінде әрекет етуіне болады.

Нотариустарға қастысты ведомствааралық істердің түрлері:

- а) ерекше;
- б) көптүрлі:
  - келісімдік
  - альтернативті

Ерекше ведомствааралық іс-әрекеттерге тек қана нотариус жасайтын іс-әрекеттер кіреді (мұраға құқық туралы куәлік беру).

Көптүрлі ведомствааралық іс-әрекеттерге нотариуспен қатар басқа да лауазымды тұлғалар жасайтын іс-әрекеттер кіреді (мысалы, өсиетті нотариус та басқа да лауазымды тұлға куәландыра алады).

Көптүрлі ведомствааралықтың тағы бір көрінісі **келісімдік** болып табылады (мүдделі тұлғалардың қалауы бойынша нотариалдық куәландыруды талап етпейтін мәмілелерді жасау) және **балама** (сенімхаттарды, өсиеттерді нотариуста немесе тиісті өкілеттілік берілген лауазымды тұлға арқылы куәландыру).

**Нотариаттық өндірістің міндетті сатылары:**

а) нотариаттық өндірісті қозғау (өтінішпен жүгіну және оны нотариустың қабылдауы, нотариаттық іс-әрекетті жасауға құқықтың болуы және оны жүзеге асырудың шарттары);

б) нотариаттық іс-әрекетті жасау үшін қажетті заңдық құрамды анықтау;

в) нотариустың нотариаттық іс-әрекетті жасауы немесе оны жасаудан бас тартуы.

**Нотариаттық өндірістің факультативті сатылары:**



- а) нотариаттық іс-әрекетті жасау үшін алдын ала дайындық (нотариустың қосымша мәліметтерді талап етуі немесе құжаттарды сараптамаға жіберуі кезінде орын алуы мүмкін);
- б) нотариалдық іс-әрекеттерді орындау;
- в) нотариалдық іс-әрекеттерге шағымдану немесе оларды жасаудан бас тарту.

**I саты.** Нотариаттық өндірісті қозғаудың диспозитивті сипатта болуына орай, нотариаттық өндіріс мүдделі тұлғаның тиісті өтінішпен жүгінуі арқылы жүзеге асады. Мүдделі тұлғаның тиісті өтініші болмаса нотариус нотариаттық іс-әрекеттерді жасауға құқылы емес.

Нотариус нотариаттық өндірісті қозғау барысында аталған нотариаттық іс-әрекет заңмен көзделген бе және оны жасау үшін заңмен тыйым салынбаған ба деген мәселені анықтайды. Нотариаттық өндіріс ҚР Нотариат туралы заңының 21-бабына, яғни нотариустың қызмет ету аумағына сәйкес қозғалуы керек.

Бұдан кейін, нотариус нотариаттық іс-әрекетке өтініш берген адамның немесе оның өкілінің жеке басын анықтайды.

Нотариус ҚР Нотариат туралы Заңының 43-бабына сәйкес, мәмілелерді куәландырған кезде азаматтардың іс-әрекетке қабілеттілігі анықталады және нотариаттық іс-әрекет жасау кезінде мәмілелерге қатысушы заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігі тексеріледі. Мәміле өкілдер арқылы жасалған жағдайда олардың өкілеттігі тексеріледі.

**II саты.** Екінші кезеңде нотариаттық әрекетті жүзеге асыру үшін қажетті дәлелдемелер қатарын анықтау жұмысы жүргізіледі.

Аталған сатыда мынандай жалпы ережелерге мән берілуі керек:

- а) нотариаттық іс-әрекетті жасау үшін ұсынылатын ҚР Нотариат туралы заңының 45-бабында көрсетілген құжаттарға қойлатын талаптар;
- б) егер материалдық құқықпен талап етілсе, басқа тұлғалардың құқығын сақтауды тексеру (мысалы, кәмелетке толмағанның мүлкіне ортақ иелену немесе иеліктен шығару);
- в) меншікке құқықты және басқа да мүліктік құқықтарға меншік құқығын тексеру.

Аталған сатыда қажетті фактілік құрамды анықтағанша нотариус ҚР Нотариат туралы заңының 41-бабына сәйкес, нотариаттық өндірісті кейінге қалдыруға немесе тоқтата тұруға құқылы.

**III саты.** Үшінші сатыда нотариус мәмілелер, өтініштер және басқа да құжаттардың жобаларын жасайды, құжаттардың көшірмелері мен үзінділерін дайындайды, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттерге қатысты мәселелер

бойынша түсініктеме береді. ҚР Нотариат туралы заңының 44-бабына сәйкес нотариат куәландырған құжаттың мазмұны қатысушылардың қалауы бойынша дауыстап оқылуы мүмкін. Қатысушылар нотариус куәландырған мәмілелерге, өтініштер мен басқа құжаттарға нотариустың қатысуымен қол қояды. Нотариалдық құжаттарға куәландыру жазбасы жазылады, мемлекеттік баж немесе нотариаттық тариф төленеді.

ҚР Нотариат туралы заңының 41-бабында нотариаттық іс-әрекеттер жасауды кейінге қалдырудың және тоқтата тұрудың негіздері мен мерзімдері көзделген.

**Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.** Кейбір жағдайларда нотариус нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға құқылы.

ҚР Нотариат туралы заңының 48-бабында нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартудың негіздері көрсетілген.

Нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адамға нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартылған кезде, нотариус нотариаттық іс-әрекет жасауға ол өтініш берген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде жазбаша түрде бас тартудың себебі көрсетілген дәлелді қаулыны береді.

Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға немесе нотариаттық іс-әрекеттің дұрыс жасалмағаны үшін сот тәртібімен шағымдануға болады.

### III. НОТАРИАЛДЫҚ ОРГАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ БАҚЫЛАУ, ОЛАРДЫ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

ҚР Конституциясының 13-бабына сәйкес әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Бұл құқықты тиісті заңдарда көзделген нотариаттық іс-әрекеттерді нотариустардың жасауы арқылы нотариат та қамтамасыз ете алады.

Нотариустардың қызметі - олардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасауы барысында, яғни өзінің кәсіби міндетін атқаруда кімнен болса да толық тәуелсіздігі.

Нотариустардың қызметін бақылау мәселесі ҚР Нотариат туралы Заңының 5-тарауында көзделген.

Бақылаудың бірнеше түрін бөліп қарастыруға болады:

- 1) кәсіби бақылау;
- 2) салық органдарының және мемлекеттік бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді жүзеге асыратын органдардың бақылауы;
- 3) соттық бақылау;
- 4) прокуратура және тергеу органдары жүзеге асыратын бақылау.

Бақылаудың әрбір түрі бақылауды жүзеге асыратын органның қызметінің сипатына, міндеттері мен өкілеттіктеріне байланысты болатын ерекшеліктерге ие.

**Кәсіби бақылау** келешектік және алдын ала сипатқа ие болады, өйткені ол бұрын жіберілген қателеліктерді анықтауға және болашақта оларды болдырмауға бағытталған.

ҚР Нотариат туралы заңының 31-бабына сәйкес, жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және мемлекеттік нотариустың және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы жүзеге асырады.

Жеке практикамен айналысатын нотариустың жасаған нотариаттық іс-әрекеттерінің заңдылығын және іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы мен нотариаттық палата жүзеге асырады.

Кәсіби бақылаудың міндеті - нотариустарға заманауи заңдарды дұрыс қолдануға көмектесу, қандай да бір нормативтік құқықтық актілер болмаған кезде бірінғай нотариаттық тәжірибеге бағдарлануды қамтамасыз ету болып табылады.

Нотариустың және аудандық маңызы бар қалалар, кенттер, ауылдар, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының

Қазақстан Республикасының салық заңнамасын сақтауын бақылауды Қазақстан Республикасының мемлекеттік кіріс органдары жүзеге асырады.

Нотариустың Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды аумақтық әділет органы жүзеге асырады.

Әділет органы мен нотариаттық палатаның лауазымды адамдары нотариус қызметін тексеру кезінде мәлім болған нотариаттық іс-әрекеттер жасау құпиясын сақтауға міндетті. Құпияны жария еткені және нотариусқа келтірген зияны үшін бұл адамдар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауап береді.

Нотариустың қызметін бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде белгіленген тәртіппен де жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының заңнамасымен көзделген жағдайларда Қазақстан Республикасының прокуратура және тергеу органдары өздерінің өндірісіндегі істер бойынша нотариустардың қызметін тексеруге құқылы.

Нотариустардың қылмыстық жауапкершілігі ҚР Қылмыстық кодексінің 251-бабында көзделген (**«Жекеше нотариустардың, бағалаушылардың, жеке сот орындаушыларының, медиаторлардың және аудиторлық ұйым құрамында жұмыс істейтін аудиторлардың өкілеттіктерді теріс пайдалануы»**).

**Соттық бақылау.** Нотариат өз өкілеттігі шегінде Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығын қамтамасыз етеді.

Нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысында нотариустар өздерінің міндеттерін Қазақстан Республикасының Конституциясына, Нотариат туралы Заңының негіздеріне, басқа да заңнамалық және нормативтік актілерге сәйкес орындауға міндетті. Нотариустар өзінің кәсіби міндеттерін жүзеге асыруда толық тәуелсіз болып табылады. Нотариаттық палатаның төрағасы, сондай-ақ әділет органының немесе басқа да мемлекеттік органның басшысы нотариаттық іс-әрекет жасауға байланысты нотариусқа қандай да бір нұсқау бере алмайды, нотариаттық іс-әрекеттерді орындаудан бас тарту туралы қаулыны бұза алмайды бұл құқық тек сотқа ғана беріледі. ҚР Нотариат туралы Заңының 48-бабына сәйкес нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға немесе нотариаттық іс-әрекеттің дұрыс жасалмағаны үшін сот тәртібімен шағымдануға болады.

Азаматтық іс жүргізу заңнамасына сәйкес нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жүзеге асыру барысындағы соттық бақылау талап арыздарды қарастыру кезінде, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттерге

өтінімдерді қараған кезде немесе оларды жасаудан бас тарту бойынша сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Нотариусқа қандай да бір нотариаттық іс-әрекетті жасау үшін өтініш берген әрбір азамат немесе заңды тұлға білікті, сауатты рәсімделген нотариаттық актіні алуға құқылы. Жасалған нотариаттық әрекетті немесе нотариаттық әрекет жасаудан бас тартуды дұрыс емес деп санайтын мүдделі тұлға бұл туралы нотариус немесе нотариаттық әрекет жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адам тұрған жер бойынша сотқа шағым беруге құқылы.

Шағым жасалған нотариаттық әрекет туралы немесе нотариаттық әрекет жасаудан бас тарту туралы арыз берушіге белгілі болған күннен бастап есептелетін он күн мерзімде сотқа беріледі.

Шағымды сот арыз берушінің, шағым жасалып отырған нотариаттық әрекетті жасаған немесе нотариаттық әрекетті жасаудан бас тартқан нотариустың немесе нотариаттық әрекеттер жасауға уәкілеттік берілген лауазымды адамның қатысуымен қарайды. Алайда олардың келмеуі істі шешу үшін кедергі болмайды.

ҚР АПК 367-бабына сәйкес арыз берушінің шағымын қанағаттандырған сот шешімі жасалған нотариаттық әрекеттің күшін жояды немесе осындай әрекетті жасауға міндеттейді.

Осылайша, нотариустың мәмілені куәландырудан, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беруден, мұраға құқық туралы куәлік беруден, атқарушылық жазба жасаудан, ақшаны депозитке қабылдаудан бас тартуы ерекше сот ісін жүргізу рәсiмiнде қаралады.

Сот бақылауының екі түрін қарастыруға болады: **тікелей бақылау және жанама бақылау.**

**Тікелей сот бақылауы.** Тікелей сот бақылауы ҚР Азаматтық-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚР АПК) 45-тарауында көрсетілген ережелер бойынша анықталады («**Нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға берілетін шағымдар бойынша іс жүргізу**»). Сонымен қатар, тікелей соттық бақылау нотариусқа қатысты мүліктік зиянды өтеу туралы талап-арыздарды қарастыру кезінде жүзеге асырылады, мұндағы сот талқылауының пәні, ең алдымен - нотариаттық іс-әрекеттің заңдылығы болып табылады.

Нотариустардың және нотариаттық іс-әрекет жасауға уәкілетті лауазымды адамдардың әрекеттеріне ҚР АПК 364-бабына сәйкес сотқа мүдделі тұлғалар ғана шағымдана алады, мұндай тұлғалардың қатарына өздеріне қатысты нотариаттық іс-әрекет жасалаған немесе оны жасаудан бас тартылған жеке немесе заңды тұлғалар кіреді.

Нотариаттық іс-әрекетті жүзеге асырған немесе оны орындаудан бас тартқан нотариус (немесе лауазымды адам), іске қатысушы ретінде ҚР АПК 46-бабында көрсетілген барлық процесуалдық құқықтарға ие болады, ҚР АПК 435,436-баптарының негізінде сот шешіміне кассациялық шағым келтіруге құқылы.

**Жанама сот бақылауы** нотариаттық актілерге қатысты істерді караған кезде жалпы юрисдикциялы соттар арқылы жүзеге асырылады.

Бұндай жағдайларда соттар нотариустарды даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлға ретінде тартады (нотариуспен куәландырылған мәмілені даулау туралы).

**Мемлекеттік және жекеше практикамен айналысатын нотариустардың қызметін қаржылық қамтамасыз ету. Мемлекеттік баж және нотариустың тарифі.** Мемлекеттік нотариалдық кеңселерді қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік бюджетінен бөлінетін қаржы есебінен жүргізіледі. Мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін төленетін ақы мемлекеттің кірісіне аударылады. Мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустар, жалақасын мемлекет қаржысы есебінен алады.

Жекеше практикамен айналысатын нотариустың қызметін қаржыландыру көздерін жеке және заңды тұлғалардың өтініші бойынша нотариаттық іс-әрекеттерді орындағаны, сондай-ақ заңды және техникалық қызмет көрсету үшін мемлекеттік баждың мөлшеріне сәйкес тарифтер бойынша төлемдер түрінде алынған қаражаттар құрайды.

Осы қаражаттардың есебінен нотариус салықтар мен басқа міндетті төлемдерді төлейді:

- өздерінің қызметін сақтандыру туралы шарт бойынша сақтандыру сомалары (ҚР Нотариат туралы Заңының 16-бабы);
- нотариаттық палатаға төленетін мүшелік жарна;
- ақпараттық қамтамасыз етуге төленетін төлем (БНАЖ электрондық тізілімі);
- зейнеткерлік қорға және басқа да міндетті төлемдер;
- табыс салығы.

Нотариаттық палатаға мүшелік жарналардың мөлшерін жыл сайын нотариаттық палата мүшелерінің жиналысы, яғни нотариустардың өздері белгілейді.

Сонымен Қазақстан Республикасында мүдделі тұлғалардың өтінішіне сәйкес нотариустармен жасалатын нотариаттық іс-әрекеттер ақылы болып табылады. Қазақстан Республикасының Нотариат туралы Заңының 30-

бабына сәйкес, мемлекеттік нотариат кеңсесінде жұмыс істейтін нотариус пен аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексінде белгіленген ставкалар бойынша мемлекеттік баж алады.

Жекеше нотариус жасайтын нотариаттық іс-әрекеттерге ақы Қазақстан Республикасының салық заңдарында белгіленген мемлекеттік баж мөлшеріне сәйкес келетін ставкалар бойынша төленеді.

Қазақстан Республикасы консулдық мекемесінің лауазымды адамы нотариаттық іс-әрекеттер жасағаны үшін Қазақстан Республикасының салық заңнамасында көзделген тәртіппен және мөлшерде консулдық алым алады.

Мемлекеттік баж – уәкілдік берілген мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар заңдық мәні бар іс-қимылдар жасағаны не құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлем болып табылады.

Салық Кодексінің 533-бабына сәйкес заңдық мәні бар іс-әрекеттер жасау және (немесе) құжаттар беру жөнінде уәкілетті мемлекеттік органдарға немесе лауазымды адамдарға өтініш жасайтын жеке және заңды тұлғалар мемлекеттік баж төлеушілер болып табылады.

Осы Кодекстің 549-бабына сәйкес консулдық алым – Қазақстан Республикасының дипломатиялық өкілдіктері мен консулдық мекемелері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі консулдық әрекеттер жасағаны және заңдық маңызы бар құжаттарды бергені үшін шетелдіктерден, азаматтығы жоқ адамдардан, бейрезидент шетелдік заңды тұлғалардан, Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларынан алатын төлем.

Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар және бейрезидент шетелдік заңды тұлғалар, Салық Кодексінің 521-бабында көзделген консулдық іс-әрекеттер өздерінің мүдделері үшін жасалатын Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары консулдық алым төлеушілер болып табылады.

Мемлекеттік бажды төлеу бойынша міндеттеменің пайда болуының міндетті шарты - бұл мүдделі тұлғалардың нотариаттық (заңдық маңызы бар) іс-әрекеттерді орындау үшін жүгіну фактісі болып табылады.

Нотариустарға Ұлы Отан соғысына қатысушылар және оларға теңестірілген адамдар, мүгедектер, бала жастан мүгедектердің ата-аналарының бірі, оралмандар тағы да басқа тиісті заңмен мемлекеттік баж төлеуден бостатылатын адамдар жүгінеді

Нотариус мүдделі тұлғаларды нотариаттық іс-әрекет жасағаны үшін төлемақыдан толығымен босатуды немесе жеңілдік жасауды көздейтін заңнама нормаларын қатаң сақтауға міндетті.

Нотариаттық іс-әрекет мемлекеттік бажды немесе тарифке сәйкес соманы төлегеннен кейін жасалды деп есептеледі.

Нотариаттық іс-әрекет жасау үшін нотариус өзінің жұмыс орнынан тыс жерге барған жағдайда мүдделі адамдар оған нақты көлік шығыстарын өтейді (ҚР Нотариат туралы Заңының 30-бабының 6-бөлігі).



#### IV. МӘМІЛЕЛЕРДІ КУӘЛАНДЫРУ

Адамның сөзсіз құқықтарын қорғауға бағытталған нотариаттық іс-әрекеттердің бірі мәмілелерді куәландыру болып табылады. Мәмілелердің маңыздылығы - заңды нормалар негізінде жеке тұлға мен заңды тұлғалардың құқықтары мен міндеттері пайда болатын, өзгеретін және тоқтатылатын ең көп таралған заңдық фактілер екендігінде.

Нотариаттың азаматтық-құқықтық мәмілелерге қатысты рөлі оларды жасауға жәрдемдесу, сондай-ақ оларды тиісті заңдық нысанда бекіту арқылы жасалған құжаттардың заңдылығы мен жоғарғы дәрежелі шынайылығын қалыптастыру болып табылады. Аталған мәмілелер көрсетілген құжаттарды жоғалтқан жағдайда оларды оңай қалпына келтіруге болады.

Нотариус заңдармен міндетті нотариаттық куәландыру белгіленген мәмілелерді куәландырады. Тараптардың тілегі бойынша нотариус басқа мәмілелерді де куәландыра алады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі қарай – ҚР АК) 147-бабына сәйкес азаматтар мен заңды тұлғалардың азаматтық құқықтары мен міндеттерін белгілеуге, өзгертуге немесе тоқтатуға бағытталған әрекеттері мәмілелер деп танылады.

Қазақстан Республикасының аумағында АК-тің 151-бабына сәйкес мәмілелер ауызша және жазбаша нысанда жасалады (жай немесе нотариалдық).

Қазақстан Республикасының заңдарында немесе тараптардың келісінде белгіленген жағдайларда жазбаша мәмілелер оларды нотариат куәландырғаннан кейін ғана жасалды деп есептеледі.

Заңда белгіленген жағдайларды қоспағанда, нотариаттық куәландыру туралы талаптарды сақтамау ҚР АК-нің 157-1-бабының 3-тармағында көзделген салдарлармен мәміленің маңызсыздығына алып келеді.

Мәмілелерді нотариалдық куәландыру міндетті:

- 1) егер заңмен көзделсе;
- 2) тараптардың келісімімен көзделсе, егер заң бойынша аталған мәміле нысанына нотариаттық куәландыру талап етілмесе де.

Сонымен, нотариалдық куәландыралатын мәміле жазбаша түрде жасалуы керек. Бұндай түрде жасалған мәмілеге жасалып отырған мәміленің біржақты, көпжақты болғанына қарамастан нотариустың қатысуымен мүдделі тұлғалар қол қоюға тиіс.

Егер азамат дене кемтарлығы, науқастығы немесе сауатсыздығы салдарынан өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша мәмілеге басқа азамат қол қоя алады. Соңғысының қойған қолын, егер заңдарда өзгеше

көзделмесе, нотариат немесе сондай нотариалдық әрекет жасау құқығы бар басқа лауазымды адам, мәміле жасаушының өзі қол қоя алмаған себептерді көрсете отырып, куәландыруға тиіс (ҚР АҚ-нің 152-бабының 4-бөлігі, ҚР Нотариат туралы Заңының 44-бабының 3-бөлігі).

Нотариус пен нотариаттық іс-әрекет жасаушы лауазымды адамдар тараптарға, олар табыс еткен мәміле жобасының мазмұны мен мағынасын түсіндіруге және оның мазмұны тараптардың шын ниеттеріне сәйкес келетінін және заң талаптарына қайшы келмейтінін тексеруге міндетті (ҚР Нотариат туралы Заңының 53-бабы).

Нотариус азаматтарға және заңды тұлғаларға құқықтар мен міндеттерді түсіндіруге, олардың заңды білмегендігі өздеріне зиян келтіруге пайдаланылуы мүмкін болмауы үшін, жасалған нотариаттық іс-әрекеттерінің салдарлары жөнінде ескертуге міндетті.

Нотариаттық куәландырылған мәміленің мәтіні анық және түсінікті жазылуға немесе басылуға, мәміленің мазмұнына қатысты сандар мен мерзімдер ең болмағанда бір рет сөздермен, ал заңды тұлғалардың атаулары қысқартусыз, олардың тұрған жері көрсетіле отырып жазылуға тиіс. Азаматтардың тектері, аттары мен әкесінің аттары, олардың тұратын мекен-жайлары толық жазылуға тиіс.

Өшіріп тасталған, қосылып жазылған, сызылған сөздері немесе басқа да келісілмеген түзетулері бар мәмілелердің мәтінін куәландыруға немесе құжаттарды, сондай-ақ қарындашпен жазылған құжаттарды куәландыруға болмайды (ҚР Нотариат туралы Заңының 45-бабы).

Нотариат куәландырған құжаттың мазмұны қатысушылардың қалауы бойынша дауыстап оқылуы мүмкін.

Жасалған мәміле міндетті түрде нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімінде тіркеледі.

Нотариус кәмелеттік жасқа жетпеген немесе қорғаншы немесе қамқоршысы бар басқа тұлғалардың мүлкінің кемуіне әкеп соқтыратын кез-келген мәмілелерді жасаған кезде осындай мәмілені жасауға қорғаншы және қамқоршы органның келісімін талап етуі қажет.

14 жасқа толмаған кәмелетке толмағандар үшін олардың ата-аналары, асырап алушылары, қамқоршылары олардың атынан мәмілелер жасауы мүмкін.

**Рента шартын куәландыру.** ҚР АҚ-нің «Рента» атты 28-тарауы ренталық қатынастарды реттейтін нормаларды көздейді.

Рента – бір тарап (рента алушы) екінші тараптың (рента төлеушіге) меншігіне мүлік береді, ал рента төлеуші алған мүлікке айырбас ретінде рента алушыға белгілі бір ақша сомасы түрінде немесе оны ұстау үшін өзге

де нысанда қаражат беру түрінде мезгіл-мезгіл рента төлеп отыруға міндеттеуді көздейтін азаматтық құқықтың институты. Рентамен кез келген, жылжитын немесе жылжымайтын мүлікке ауыртпалық салынуы мүмкін: ақша, бағалы қағаздар, пәтер, мекеме, гараж, тұрғын үй, мәдени және өнер заттары, жиһаз т.б.

ҚР АҚ 518-бабына сәйкес рента шарты нотариатта куәландырылуға жатады. Жылжымайтын мүліктің ренталық ауыртпалығы заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркелуге жатады.

Рента шартын куәландыру барысында нотариус мәміленің мазмұнына қатысты барлық маңызды шарттардың қарастырылғандығын тексеруге міндетті, егер маңызды шарттар қарастырылмаған жағдайда тараптарға мәміленің жобасына тиісті өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы түсіндіруге тиіс.

Шартта мыналар көрсетілуі тиіс:

- 1) рента алушының өзінің мүлкін (үшінші тұлғадан тәуелсіз) басқа тарапқа ақылы немесе ақысыз түрде беруі туралы міндеттемесі;
- 2) келісімшарттың қолданылу мерзімі ішінде рента төлеушінің жүйелі түрде рента алушыға төлем төлеу туралы міндеттемесі;
- 3) рентаның көлемі және төлемдерді қамтамасыз етудің көздері;
- 4) ренталық төлемдердің мерзімі;
- 5) келісімшартты бұзудың шарттары;
- 6) басқа да шарттар.

Рента төлеу үшін иеліктен айырылатын мүлікті рента алушы рента төлеушінің меншігіне ақы төлетіп немесе тегін беруі мүмкін. Рента шартында мүлікті ақы төлетіп беру көзделген жағдайларда тараптардың беру және төлеу жөніндегі қатынастарына сатып алу-сату шарты туралы, ал мұндай мүлік тегін берілетін жағдайларда, егер заңда өзгеше белгіленбесе және шарттың мәніне қайшы келмесе, сыйға тарту шарты туралы ережелер қолданылады.

ҚР АҚ-нің 521-1 бабына сәйкес рента төлеуші шарттың талаптарын елеулі түрде бұзған жағдайда рента алушы рента төлеушіден осы Кодекстің 528-бабында көзделген талаптармен рентаны сатып алуды не шартты бұзуды талап етуге құқылы.

Егер рента төлеуші рента алушының өміріне қастандық жасаса не оған қасақана дене жарақатын салса, рента алушы шартты бұзуды және шығындарды өтеуді талап етуге құқылы. Рента төлеуші рента алушыны қасақана өлтірген жағдайда шарттың бұзылуын және шығындардың өтелуін талап ету құқығы рента алушының мұрагерлеріне тиесілі болады.

Егер рента төлеу үшін тұрғынжай немесе өзге де мүлік тегін иеліктен шығарылған болса, рента төлеуші шарттың талаптарын елеулі түрде бұзған кезде рента алушы осы мүліктің құнын рентаның сатып алу бағасының есебіне жатқыза отырып, оны қайтаруды талап етуге құқылы.

Рентаның мынандай түрлері бар:

1) Тұрақты рента.

Тек қана азаматтар мен коммерциялық емес ұйымдар, егер бұл олардың қызмет мақсаттарына сәйкес келсе, тұрақты рентаны алушылар бола алады.

Тұрақты рента шарты бойынша рента алушының құқықтары, егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше көзделмесе, қойылатын талапқа жол беру және мұрагерлік не құқық мирасқорлығы тәртібімен заңды тұлғаларды қайта ұйымдастыру арқылы ҚР АҚ-тің 523-бабының 1-тармағында аталған тұлғаларға берілуі мүмкін.

2) Ғұмырлық рента.

Рента төлемі ретінде мүлік берген азаматтың өмірі кезеңіне не ол көрсеткен басқа азаматтың өмірі кезеңіне ғұмырлық рента белгіленуі мүмкін.

Егер шартта өзгеше белгіленбесе, рента алу құқығындағы үлестері тең деп саналған бірнеше азаматтың пайдасына ғұмырлық рента белгілеуге жол беріледі.

Рента алушының біреуі қайтыс болған жағдайда, егер шартта өзгеше көзделмесе, оның рента алу құқығындағы үлесі тірі қалған рента алушыларға ауысады, ал соңғы рента алушы қайтыс болған жағдайда рента төлеу міндеттемесі тоқтатылады.

Шарт жасасу қарсаңында қайтыс болған азаматтың пайдасына өмір бойына рента белгілейтін шарт маңызсыз болады.

**Сенімхаттарды куәландыру.** Сенімхаттың түсінігі және оларды куәландырудың негізгі ережелері ҚР АҚ-нің 5-тарауының нормаларымен анықталады.

Бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі сенімхат деп танылады. Мүлікке билік жасауға және нотариаттың куәландыруын талап ететін мәмілелер жасауға берілетін сенімхатты, егер заң құжаттарында өзгеше белгіленбесе, нотариат куәландыруға тиіс (ҚР АҚ 167-бабы).

Субъектілер ретінде жеке және заңды тұлғалар бола алады.

ҚР АҚ 167-бабында нотариат куәландырған сенімхаттарға теңестірілетін сенімхаттардың, сондай-ақ нотариалдық куәландыруды талап етпейтін сенімхаттардың тізімі.

Сенім білдіргенге берілген өкілеттіктің мазмұны мен көлеміне қарай сенімхаттар:

- басты (автокөлік құралын пайдалану және иелік ету құқығына сенімхат);
- арнайы (көлік құралын пайдалану және техникалық қызмет көрсету құқығына сенімхат);
- бір жолғы (мемлекеттік көлікті тіркеу органдарында көлік құралын тіркеуге арналған сенімхат) болуы мүмкін.

Нотариалды куәландырылған сенімхатта оның жасалған орны мен қол қою күні, жеке және заңды тұлғалар туралы мәліметтер көрсетілуі тиіс.

Сондай-ақ нақты берілетін уәкілдіктердің мазмұны мен сенімхаттың қолданылу мерзімін көрсету қажет. (Сенімхат үш жылдан аспайтын мерзімге берілуі мүмкін. Егер сенімхатта неғұрлым ұзақ мерзім көрсетілсе, ол үш жыл бойы, ал егер қолдану мерзімі көрсетілмесе, берілген күннен бастап бір жыл бойы жарамды болады).

Берілген күні көрсетілмеген сенімхат маңызсыз болып табылады.

Заңды тұлға берген сенімхат нотариаттық куәландырылуы мүмкін. Мемлекеттік органның, коммерциялық және коммерциялық емес ұйымдардың атынан ақша немесе басқа да мүліктік құндылықтарды алуға немесе беруге берілген сенімхатқа осы ұйымның бас (аға) бухгалтері қол қоюы тиіс.

Нотариустар бір немесе бірнеше адамның атынан бір немесе бірнеше адамның атына сенімхаттарды куәландырады.

ҚР АҚ-нің 169-бабының негізінде сенім білдірілген адам өзіне уәкілдік берілген әрекетті өзі жасауға тиіс.

Кейбір жағдайларда сенім білдірілген адам өзіне берілген өкілеттіктердің барлығын толық көлемде немесе кейбірін басқа адамға орындау үшін тапсыруы мүмкін.

Қолданыстағы азаматтық заңнамаға сәйкес, сенім білдірілген адамның өз өкілеттігін басқа адамға беруі жөніндегі сенімхатты нотариат куәландыруға тиіс.

Қайта сенім білдіру тәртібімен берілетін сенімхат қайта сенім білдіру құқығы көрсетілген негізгі сенімхат ұсынылған кезде ғана куәландырылуы тиіс. Бұндай сенімхаттарды куәландырған кезде нотариус мына жағдайларға:

- 1) өкілеттіктердің негізгі сенімхатта берілген өкілеттіктерден асып кетпеуіне;
- 2) сенімхаттың қолданылу мерзімінің негізгі сенімхатта көрсетілген мерзімнен асып кетпеуіне мән беруі тиіс.

Сенім білдірілген адам негізгі сенімхат бойынша өкілеттіктерін толық ауқымда берген жағдайда қайта сенім білдірілген деген белгісі бар бастапқы сенімхат қайта сенім білдіру тәртібінде берілген сенімхатқа тігіледі және үшінші тұлғаға беріледі.

Қайта сенім білдіру тәртібімен берілген сенімхат негізінде одан әрі қайта сенім білдіруге жол берілмейді.

**Жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шарттарды куәландыру.**

ҚР АҚ-нің 117-бабына сәйкес, жылжымайтын мүлікке (жылжымайтын заттар) жер учаскелері, ғимараттар, құрылыстар, көпжылдық екпелер және жермен тығыз байланысты өзге мүлік, яғни орнынан олардың мақсатына сай емес шығынсыз ауыстыру мүмкін болмайтын объектілер жатады.

Мемлекеттік тіркеуге жататын әуе және теңіз кемелері, ішкі суда жүзу кемелері, "өзен-теңіз" жүзу кемелері, ғарыш объектілері, магистральдық құбырлардың желілік бөлігі де жылжымайтын заттарға теңестіріледі. Заңнамалық актілермен жылжымайтын заттарға өзге мүліктер де жатқызылуы мүмкін.

Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарты бойынша сатушы сатып алушының мүлігіне жер учаскесін, ғимаратты, құрылысты, пәтерді, үйді немесе басқа жылжымайтын мүлікті беруге міндеттенеді. Жылжымайтын мүлікті сатып алу-сату шарты тараптардың қолы қойылатын құжат нысанында жазбаша түрде жасалуы тиіс.

Егер жылжымайтын мүлікті сатушысы және сатып алушысы мемлекеттік тіркеуге жататын жылжымайтын мүлікті (пәтер, бақша, жер телімі, саяжай, гараж, тұрғын үй) иеліктен шығару туралы келісімшарттың нотариалды нысаны туралы келісімге келсе, онда мұндай келісім осы жылжымайтын мүлік орналасқан жердегі нотариалдық округте орналасқан нотариуспен куәландырылады.

Нотариус бірінші кезекте иеліктен шығарылатын мүліктің сатушыға тиесілігін тексеруі тиіс. Сатушыға (меншік иесіне) иеліктен шығарылатын мүлікке меншіктің тиесілігін куәландыратын құжаттар меншікке құқық куәлігі, мұрагерлік құқығы туралы куәлік, жекешелендіру, сатып алу-сату, сыйға тарту, айырбастау немесе кез келген басқа да келісім-шарттары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларында көрсетілген тәртіппен меншікке құқықты растайтын басқа да құжаттар болуы мүмкін құжаттар нәтижесінде мүлікті беру туралы келісім, тіркеу болуы мүмкін Ресей Федерациясының заңнамасымен рұқсат етілген, сатушының иеліктен

шығарылған жылжымайтын мүлікке меншік құқығын растауы (меншікке құқықты растайтын мемлекеттік тіркеу туралы міндетті белгісі бар).

Нотариус жылжымайтын мүлікті иеліктен шығаруға тыйым салынбағандығын және басқа да ауыртпашылықтардың бар немесе жоқ екендігін тексеруі керек. (Егер қандай да бір ауыртпалықтар болса, жылжымайтын мүлікті сатып-алу сату шарты жылжымайтын мүлікке тыйым салған органның келісімімен, ал тыйым салынған жағдайда, тыйым (арест) алып тастағаннан кейін ғана куәландыруға болады).

Шарттың мәтінінде көрсетілуі тиіс жалпы мәліметтер:

1. Шарт жасасушы тараптар туралы мәліметтер: ТАӘ – толығымен, туған күні, айы, жылы, тұрғылықты мекен-жайы, жеке басын куәландыратын құжаттың мәліметтері.

Заңды тұлғаларға қатысты – заңды тұлғаның атауы – толығымен, БСН заңды тұлғаның орналасқан жері, тіркеудің орны мен күні, тіркеу нөмері көрсетіледі.

2. Куәландырылуға ұсынылған құжат мәтінінде жылжымайтын мүліктің қысқаша сипаттамасы болуы:

а) объектінің түрі – жер учаскесі;

ғимарат немесе құрылыс;

тұрғын немесе тұрғын емес.

Егер объектінің нақты атауы болса, оны келісімшартта солайымен көрсету керек (мысалы, Әуезов атындағы Қазақ драма театры);

б) объектінің кадастрлық немесе шартты номері;

в) жылжымайтын мүлік орналасқан жердің мекен-жайы;

г) объектінің көлемі;

д) объектінің мақсаты: мысалы, тұрғын, тұрғын емес, сауда алаңы және т.б., жер учаскелері үшін жердің категориясы көрсетіледі;

е) басқа да қажетті мәліметтер: инвентарлық номер, қабаттың саны, объектінің орналасқан қабаты т.с.с.

3. Меншік құқығына қатысты ақпарат.

4. Ауыртпалықтар жөніндегі ақпарат.

Нотариус бұндай шарттарды куәландырған кезде ерлі-зайыптылардың меншігі болып табылатын жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудың, ортақ үлестік меншіктегі жылжымайтын мүлікті иеліктен шығарудың ерекшеліктерін, сондай-ақ кәмелетке толмаған меншік иелерінің және үшінші тұлғалардың құқықтарын қорғау мәселесіне аса назар аударуы қажет.

Меншік иесінің ортақ бірлескен немесе үлестік меншік құқығындағы мүлікті иеліктен айыру, барлық қатысушылардың келісімімен жүргізіледі. Нотариаттық куәландыруды немесе мемлекеттік тіркеуді талап ететін

мәмілелерді жасау кезінде, нотариус ортақ меншіктің басқа қатысушыларының мәмілелерді жасауға берген келісімі туралы нотариалды куәландыруға жататын өтінішін талап етеді.

Ортақ үлестік меншіктің басқа қатысушыларын үлесінің сатылатыны туралы хабардар ету дәлелдемелері мыналар болып табылады:

1) ортақ үлестік меншік қатысушысының басымдықты сатып алу құқығынан бас тарту, қолтаңбасының түпнұсқалы екендігі нотариалды куәландырған өтініші;

2) қолтаңбасының түпнұсқалығы нотариалды куәландырылған, нотариусқа ортақ үлестік меншік қатысушыларын үлесті сату ниеті туралы хабардар ету үшін берілген үлесті сатушының өтініші, сондай-ақ осы өтініш ортақ үлестік меншік қатысушысына берілген пошталық немесе өзгедей хабарлама.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың екеуінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Жұбайлардың біреуі жұбайлардың ортақ мүлкіне билік ету жөніндегі мәміле жасасқан кезде, егер неке шартымен мүліктің өзге тәртібі белгіленбеген болса, екіншісінің келісімі керек болады.

Ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады.

Мыналар:

1) некеге отыруға (ерлі-зайыпты болуға) дейін ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі болған мүлік;

2) ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде мұрагерлік тәртібімен немесе өзге де өтеусіз мәмілелер бойынша сыйға алған мүлкі;

3) некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражаты есебінен сатып алынса да, қымбат заттар мен басқа да сән-салтанат заттарын қоспағанда, жеке пайдаланатын заттары (киім-кешек, аяқкиім және басқалар) ерлі-зайыптылардың әрқайсысының меншігі болып табылады.

Кәмелеттік жасқа жетпеген немесе қорғаншы немесе қамқоршысы бар басқа тұлғалардың мүлкінің кемуіне әкеп соқтыратын кез-келген мәмілелерді жасаған кезде осындай мәмілені жасауға қорғаншы және қамқоршы органның келісімін талап ету қажет.

16 жасқа толмаған, кәмелетке толмаған адамның жеке басын баланың заңды өкілдерінің бірі кәмелетке толмаған адамның туу туралы куәлігінің



және баланың заңды өкілдерінің бірінің жеке басын куәландыратын құжатының негізінде растайды.

**Суррогат ана болу шартын куәландыру.** Суррогат ана болу шарты «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 54-59-баптарының ережесіне сәйкес жасалады және куәландырылады.

Суррогат ана болу шарты Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптары сақтала отырып, жазбаша нысанда жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландыруға жатады.

Суррогат ана болу шартының жасалуы қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған балаға ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) ата-аналық құқықтары және міндеттерінің болуын әдейі көздейді.

Суррогат ана болу шартымен бір мезгілде ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) тиісті қызметтер көрсететін, қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолданатын медициналық ұйыммен шарт жасасады.

Егер суррогатты ана некеде тұрған жағдайда, онда жұбайының осындай шарт жасасуға және суррогат ананың сурағатты ана бағдарламасына қатысуына келісімі талап етіледі, онда нотариус қолдың түпнұсқалылығын куәландырады. Егер суррогат ана некеде тұрмаса, онда ол туралы өтініш алынады, онда нотариус қолдың түпнұсқалығын куәландырады.

Нотариус суррогат ана шартын жасасу және куәландыру кезінде ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) неке қатынастарын тексереді. Ерлі-зайыптылар некеге тұру туралы куәлікті ұсынады, оның көшірмесі нотариустың істерінде қалады, сондай-ақ медициналық ұйымның қосымша репродукциялық әдістерді және технологияларды осы үшін балалы болғысы келетін адамдардың не донорлық банктің биоматериалдарын қолдануы туралы толық және жан-жақты ақпаратпен қорытынды ұсынады. Қортындының бір данасы түпнұсқада суррогат ананың нотариаттық куәландырылған шартына қоса тіркеледі және мәміле жасалған жерде сақталады.

Суррогат ана болу шартында:

- 1) ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) және суррогат ананың деректері;
- 2) суррогат ананың күтіміне арналған материалдық шығыстарды төлеу тәртібі және шарттары;
- 3) тараптардың шарт талаптары орындалмаған кездегі құқықтары, міндеттері және жауапкершілігі;

4) ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 57-бабының 1-тармағында көзделген өтемақының мөлшері және оны төлеу тәртібі;

5) өзге де, оның ішінде төтенше оқиға жағдайлары қамтылуға тиіс.

Суррогат ана болуға тілек білдірген әйел жиырмадан отыз беске дейінгі жаста, медициналық ұйымның қорытындысымен расталған, қанағаттанарлық тән денсаулығы, психикалық және репродуктивтік денсаулығы, сондай-ақ өзінің дені сау баласы болуға тиіс.

Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) суррогат ана болу шарты негізінде қосалқы репродуктивтік әдістер мен технологияларды қолдану нәтижесінде туған баланың ата-аналары болып танылады, сондай-ақ сәйкес екі және одан да көп бала туған жағдайда ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) әрбір туған бала үшін тең жауаптылықта болады.

Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) баладан бас тартуы оның туылғаны тіркеуші органда тіркелгеннен кейін белгіленген тәртіппен ресімделеді, бұндай жағдай орын алса, суррогат анадан материалдық шығыстарды өтеуді талап етуге құқылы емес.

Суррогат анамен шарт жасасқан ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан жағдайда, ана болу құқығы өз қалауы бойынша суррогат анада қалатын болады, ал ол бас тартқан жағдайда, бала мемлекет қамқорлығына беріледі.

Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) баладан бас тартқан кезде және баланы суррогат ана қабылдап алған кезде бұл адамдар суррогат анаға шартта белгіленген мөлшерде және тәртіппен өтемақы төлеуге міндетті.

Ерлі-зайыптылар (тапсырыс берушілер) некені (ерлі-зайыптылықты) бұзған жағдайда, суррогат ана болу шарты бойынша туған бала үшін жауапкершілік ерлі-зайыптылардың екеуіне де жүктеледі.

Ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) біреуі қайтыс болған жағдайда суррогат ана болу шарты бойынша туған бала үшін жауапкершілік олардың көзі тірісіне жүктеледі, екеуі де қайтыс болған және олардың жақын туыстары туған баланы асырап алудан бас тартқан жағдайда, бұл бала суррогат ананың тілегі бойынша - оған, ал ол бас тартқан жағдайда, мемлекет қамқорлығына берілуі мүмкін.

Қорғаншылық нысанында баланың суррогат анаға не мемлекеттік ұйымдарға берілуі оның суррогат ана болу шарты бойынша ерлі-зайыптылардың (тапсырыс берушілердің) мұрагері ретіндегі құқықтарын тоқтатпайды.

Суррогат ана болу шарты жасалғаннан кейін суррогат ана табиғи түрде жүкті болған жағдайда шарт бұзылады, ол суррогат ана болу шартына сәйкес тапсырыс берушілер жұмсаған барлық шығыстарды төлейді.

## **V. МҰРАГЕРЛІК ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУДАҒЫ НОТАРИАТТЫҢ РӨЛІ**

Мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы. Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуына байланысты қолданылуы тоқтамайтын құқықтары мен міндеттері кіреді. Мұраның құрамына мұра қалдырушының тірі кезінде ресімделмеген мүліктік құқықтарын ресімдеу үшін қажетті құқықтар, оның ішінде оларды тіркеу құқығы да кіруі мүмкін.

Мұра қалдырушы болып кез келген Қазақстан Республикасының азаматы, соның ішінде әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеті шектеулі азаматтар, Қазақстан Республикасының аумағында тұратын шетел азаматтары танылады.

Мұрагер болу мүмкіндігі адамның әрекет қабілеттілігі мен азаматтығына байланысты болмайды. ҚР АҚ-нің 1044 бабына сәйкес мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы азаматтық заңнамасына сәйкес, мұрагерлік мүлік мұрагерлік құқық арқылы мемлекетке ауысады:

- 1) егер мүлік мемлекетке өсиет арқылы қалдырылса;
- 2) егер мұра қалдырушының заң бойынша да, өсиет бойынша да мұрагері болмаса;
- 3) егер мұра қалдырушымен барлық мұрагерлер мұрагерлік құқығынан айырылса;
- 4) егер мұрагерлердің біреуі де мұраны қабылдамаса.

Егер мұрагерлердің біреуі өзіне тиесілі мұрадан мемлекеттің пайдасына бас тартса, онда мұралық мүліктің осы мұрагерге тиісті бөлігі ғана мемлекетке ауысады, егер заң бойынша мұрагерлер жоқ болып мұра қалдырушымен мұралық мүліктің жартысы ғана өсиет етілген болса, онда мұралық мүліктің қалған бөлігі мемлекетке ауысады.

Бұндай жағдайда мемлекетке мұраны қабылдауға бағытталған қандай да бір іс-әрекеттерді жүзеге асырудың қажеті жоқ. Мүлік мемлекеттің мұрагерлік құқығымен танылғаннан кейін, нотариус тиісті уәкілетті органға осы мүліктің тізімі мен мемлекеттің мұраға құқығы туралы куәлігін жібереді.

**Өсиет бойынша мұрагерлік.** Азаматтың ол қайтыс болған жағдайда өзіне тиесілі мүлікке билік ету жөнінде өз ықтиярын білдіруі өсиет болып танылады. Өсиет белгілі бір заңдылықтармен сипатталады.

**Өсиеттің жеке сипатта болуы.** Өсиетті өсиет қалдырушының өзі жазады не өсиет қалдырушының айтуымен куәлардың қатысуы арқылы нотариус жазады. Заңда көзделген жағдайларда өсиетке басқа адамның қол қоюы мүмкін. ҚР АҚ-нің 1050-бабына сәйкес, егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетке өзі қол қоя алмаса, оның өтініші бойынша оған нотариустың немесе өсиетті куәландырушы басқа адамның қатысуымен өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебін көрсете отырып, басқа азаматтың қол қоюы мүмкін. Бұл ретте өсиет қалдырушының өсиетке өзі қол қоя алмауының себебі көрсетіле отырып, өсиет мәтінінде және куәландыру жазбасында тиісінше жазу жазылады.

Егер өсиет қалдырушы дене кемістіктеріне, науқастығына немесе сауатсыздығына байланысты өсиетті жеке өзі оқи алмайтын жағдайда болса, ол үшін оның мәтінін нотариустың қатысуымен куә жария етеді, бұл туралы өсиет қалдырушының жеке өсиетті оқи алмауының себебі көрсетілген куәландырған жазбаға дейінгі өсиет мәтініне тиісті жазу жазылады.

Бірнеше адамдардың немесе өкілдің атынан өсиетхатты куәландыруға жол берілмейді.

Өсиетті оны жасаған кезде толық әрекет қабілеттілігі бар азамат жасайды.

**Өсиеттің еркіндігі.** Өсиеттің еркіндігі ҚР АҚ-нің 1046-бабының нормаларында көрініс тапқан. Атап айтқанда азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға, сондай-ақ заңды тұлғаларға және мемлекетке өсиет етіп қалдыра алады. Өсиет қалдырушы себебін түсіндірместен заң бойынша мұрагерлердің біреуін, бірнешеуін немесе барлығын мұрадан айыруға құқылы. Мұра қалдырушы өзінің кез келген мүлкі, оның ішінде болашақта сатып алуы мүмкін мүлкі туралы да өкім бар өсиет жасауға құқылы.

Өсиеттің еркіндік қағидатына сәйкес өсиет қалдырушы өзінің қалауы бойынша мыналарға:

- өзінің мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға өсиет етуге;
- жасалған өсиеттің оны жасағаннан кейін кез келген уақытта күшін жоюға және өзгертуге;

- өсиет қалдырушы мұрагерлердің мұрадағы үлесін кез келген түрде белгілеуге;
- әртүрлі мүлікке қатысты бір немесе бірнеше өсиет жасауға;
- өсиет қалдырушы өсиетте көрсетілген мұрагер мұра ашылғанға дейін қайтыс болған, оны қабылдамаған не одан бас тартқан немесе АҚ-тің 1045-бабындағы тәртіппен лайықсыз мұрагер ретінде мұрагерліктен шеттетілген жағдайда, сондай-ақ мұрагер мұра қалдырушының заңды талаптарын өсиет бойынша орындамаған жағдайда, басқа мұрагер тағайындауға (мұрагерді қосымша тағайындау);
- өсиет қалдырушы өсиет бойынша мұрагерге мұра есебінен өсиеттік бас тартуды орындауды талап ету құқығын алатын бір немесе бірнеше адамның (бас тартылушылардың) пайдасына қандай да болсын міндеттемені (өсиеттік бас тарту) орындауды жүктеуге;
- өсиет қалдырушы өсиетті орындауды мұрагер болып табылмайтын, өсиетте өзі көрсеткен адамға (өсиетті орындаушыға, өсиет жүктелген өкілге) тапсыруға
- өсиет қалдырушы мұрагер мінез-құлқының сипатына қатысты мұра алуды белгілі бір талаппен байланыстыруға және т.б. құқылы.

Өсиеттің еркіндігінің тағы бір көрінісі өсиет қалдырушы өсиет жасағаны туралы, өсиетті жойғаны немесе оны өзгерткендігі жөнінде ешкімге айтуға міндетті емес.

Өсиеттің еркіндігі ҚР АҚ-нің 1069-бабының нормаларымен ғана шектелуі мүмкін, яғни мұра қалдырушының кәмелетке толмаған немесе еңбекке жарамсыз балалары, сондай-ақ оның еңбекке жарамсыз жұбайы мен ата-анасы, өсиеттің мазмұнына қарамастан, заң бойынша мұрагерлік кезінде олардың әрқайсысына тиесілі болатын үлестің (міндетті үлес) кемінде жартысын мұраға алады.

**Өсиет бір жақты шарт ретінде.** Өсиет - бұл біржақты шарт, яғни қолданыстағы заң нормалары негізінде бір адамның ықтияры ғана қажетті және жеткілікті болатын шарт. Өсиетті жасау үшін мұрагердің келісімі қажет етілмейді. Өсиет қалдырушы өсиетті кез келген уақытта жаңа өсиет жазу арқылы өзгерте алады, сондай-ақ оның күшін жоя алады немесе оның бір бөлігін өзгерте алады. Өсиет шарт ретінде заңда көзделген шарт жасауға қойылатын барлық талаптарға жауап беруі тиіс.

Тиісті нысанда жасалмаған өсиет маңызсыз болады. Өсиеттің жарамсыздығы ҚР АҚ-нің 4-тарауының мәмілелердің жарамсыздығы туралы қағидаларына негізделеді. Өсиетке мәмілелерге қолданылатын жалпы ережелер қолданылады, өйткені бұл өсиеттің біражақты сипаты мен мәніне және заңға қайшы келмейді. Өсиет қолданыстағы азаматтық

заңнаманың нормалары негізінде жарамсыз болып табылуы мүмкін. Сонымен өсиет мынандай жағдайларда жарамсыз болып табылуы мүмкін:

- заңға немесе басқа да құқықтық актілерге сәйкес келмейтін;
- егер өсиетті әрекет қабілеттігі толық емес азамат жасаса;
- егер азамат өзінің жасап отырған іс-әрекетінің мәні мен маңызын түсінбесе;
- алдау, зорлық-зомбылық, қорқыту т.б. түрлі жағдайларда жасаса.

Осы өсиет арқылы өзінің құқығы немесе заңды мүддесі бұзылды деп шешкен мүдделі тұлғаның берген талап-арызы арқылы соттың шешімімен өсиет жарамсыз деп танылуы мүмкін. Өсиетті даулауға мұра ашылғанға дейін жол берілмейді.

Егер сот мұра қалдырушының өз еркін білдіруін түсінуге әсер етпейді деп белгілесе, өсиетті жасау, қол қою немесе оны растау кезінде жіберілген техникалық сипаттағы және басқа да елеусіз қателер өсиетті жарамсыз деуге негіз бола алмайды.

Өсиет толығымен немесе өсиетте көрсетілген кейбір өсиеттік нұсқаулар жарамсыз болуы мүмкін. Өсиеттің жарамсыз болуы, басқа заңды, жарамды өсиет негізінде онда көрсетілген тұлғалардың мұрагерлер болып танылу немесе мұрадан бас тарту құқығын шектемейді.

Өсиет жазбаша нысанда оның жасаған жері мен уақытын көрсете отырып, нотариуспен куәландырылып жасалынуы тиіс.

Өсиетті басқа адамдардың куәландыруына ҚР Нотариат туралы Заңының баптарымен көзделген жағдайларда жол беріледі, атап айтқанда аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы жасайтын өсиеттер (36-бап); нотариаттық түрде куәландырылған құжаттарға теңестірілген өсиеттер (37-бап).

Қолданыстағы заңнамамен көзделген өсиеттің жазбаша болуына және оның куәландырылуына қойылатын талаптар сақталмаған жағдайда, өсиет жарамсыз деп танылуы мүмкін.

ҚР АҚ-нің тиісті нормаларында өсиеттің жарамсыздығының жекеше тұстары көрсетілген, ол өсиетті жасау барысында куәнің қатысуына байланысты нормалар. Өсиет қалдырушының қалауы бойынша өсиет жасау барысында куәнің қабысуы мүмкін. Бірақ, қолданыстағы заңнамада өсиетті жасау кезінде міндетті түрде куә қатысу керектігі туралы нормалар да бар, ондай жағдайлар құпия өсиет жасағанда орын алады. ҚР АҚ-нің 2051-бабына сәйкес өсиет қалдырушының тілегі бойынша нотариус өсиеттің мазмұнымен таныспай-ақ оны куәландырады (құпия өсиет).

Құпия өсиет, оның жарамсыз болып қалу қаупімен, өсиет қалдырушының өз қолымен жазылуға және қолы қойылуға, екі куәнің және

нотариустың қатысуымен куәлар қол қоятын конвертке салынып, желімденуге тиіс. Куәлар қол қойған конверт куәлардың және нотариустың қатысуымен, нотариус куәландырып қол қоятын басқа конвертке салынып желімденеді.

ҚР АҚ-нің 1050-бабының 4-бөлігінің ережелеріне сәйкес өсиетті жазу, оған қол қою немесе куәландыру кезінде куәлар қатысуға тиіс болған жағдайларда:

- 1) нотариус немесе өсиетті куәландыратын өзге адам;
- 2) пайдасына өсиет жазылған немесе өсиет қалдырудан бас тартылған адам, оның зайыбы, оның балалары, ата-аналары, немерелері мен шөберелері, сондай-ақ өсиет қалдырушының заң бойынша мұрагерлері;
- 3) толық әрекетке қабілеттілігін иеленбейтін азаматтар;
- 4) сауатсыз және өсиетті оқуға қабілетсіз басқа да адамдар;
- 5) жалған жауап бергені үшін соттылығы бар адамдар куә бола алмайды, сондай-ақ өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоя алмайды.

**Өсиеттің заңмен белгіленген нысаны.** Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес өсиет нотариуспен (жекеше практикамен айналысатын немесе мемлекеттік), аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамымен куәландырылуы мүмкін. Нотариус жоқ елді мекендерде тұратын адамдардың өсиетін заң актілерінде нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдар куәландырады.

ҚР АҚ-нің 1052-бабына сәйкес нотариатта куәландырылған өсиеттерге:

1) ауруханаларда, санаторийлерде, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінде емделіп жатқан, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлерде тұратын азаматтардың осы ауруханалардың, санаторийлердің, өзге де емдеу-алдын алу мекемелерінің бас дәрігерлері және кезекші дәрігерлері, сондай-ақ қарттар мен мүгедектерге арналған үйлердің директорлары, бас дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

2) госпитальдарда, санаторийлерде және басқа да әскери-емдеу мекемелерінде емделіп жатқан әскери қызметшілер мен басқа адамдардың осы госпитальдардың, санаторийлердің және басқа да әскери-емдеу мекемелерінің бастықтары, олардың медицина бөлімі жөніндегі орынбасарлары, аға және кезекші дәрігерлері куәландырған өсиеттері;

3) жүзу кезінде Қазақстан Республикасының жалауымен теңіз кемелерінде немесе ішкі жүзу кемелерінде жүрген азаматтардың осы кемелердің капитандары куәландырған өсиеттері;



4) барлау және басқа да экспедицияда жүрген азаматтардың осы экспедициялардың бастықтары куәландырған өсиеттері;

5) нотариустары және нотариат әрекеттерін жасауға уәкілдік берілген лауазымды адамдары жоқ әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелердің, әскери-оқу орындарының орналасқан мекендеріндегі әскери қызметшілердің өсиеттері, сондай-ақ осы бөлімдерде жұмыс істейтін жай адамдардың, олардың отбасы мүшелерінің және әскери қызметшілердің отбасы мүшелерінің де әскери бөлімдердің, құрамалардың, мекемелер мен оқу орындарының командирлері (бастықтары) куәландырған өсиеттері;

б) бас бостандығынан айыру орындарындағы адамдардың бас бостандығынан айыру орындарының бастықтары куәландырған өсиеттері теңестіріледі.

Осы лауазымды адамдар өсиет куәландырылған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде, ал егер бұл дәлелді себептермен мүмкін болмаса, осындай мүмкіндік пайда болған кезде куәландырылған өсиеттің бір данасын өсиет қалдырушының тұрақты тұрғылықты жеріндегі нотариусқа сақтауға дереу беруге міндетті.

Егер өсиет қалдырушының Қазақстан Республикасында тұрақты тұрғылықты жері болмаса немесе оның тұратын жері белгісіз болса, өсиет Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі белгілейтін нотариусқа жіберіледі.

Нотариус сақтауға келіп түскен өсиетті тексеруге және оның заңға сәйкес келмейтіндігі анықталған жағдайда, тиісті дәрежеде ресімдеу үшін өсиет қалдырушыға және өсиетті куәландырған лауазымды адамға бұл туралы хабарлауға міндетті.

Өсиетке қатысты жоғарыда көрсетілген заң талаптарын сақтамау, өсиетті жарамсыз деп тануға әкеліп соғады.

Куәландырған өсиеттердің уақтылы берілмеуі салдарынан мұрагерге (мұрагерлерге) келтірілген шығын үшін лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапты болады.

**Өсиеттің құпиялығы.** ҚР АҚ-нің 1054-бабында өсиеттің құпиялығы қағидаты бектілген, яғни мұра ашылғанға дейін өсиеттің мазмұнына, оның жасалуына, күші жойылуына немесе өзгертілуіне қатысты мәліметтерді жария етуге құқығы жоқ тұлғалар көрсетілген. Мұндай тұлғаларға мыналар жатады:

- нотариус;
- өсиетті куәландыратын басқа адам;
- куәлар;
- өсиетті орындаушы;

- өсиет қалдырушының орнына өсиетке қол қоятын азаматтар.

ҚР Нотариат туралы заңының 3 бабына сәйкес нотариустар мен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті басқа да адамдар, нотариустың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілері, нотариус ретінде қызметін тоқтатқан адамдар нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтауға міндетті.

Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер мен құжаттар өздері жүргізіп жатқан істер бойынша соттың, тергеу және анықтау органдарының, өздері жүргізіп жатқан атқарушылық іс жүргізу істері бойынша әділет органдарының жазбаша талап етуі бойынша, прокуратура органдарына, сондай-ақ әділет органдарына және осы Заңмен нотариустар қызметін тексеруді жүзеге асыруға уәкілдік берілген нотариат палаталарына беріледі.

Сонымен қатар бұрынғы қолданыстағы құпиялылық қағидаты нотариустарға және нотариалдық кеңсенің қызметкерлеріне ғана қатысты қолданылатын. Қазіргі кезде өсиеттің құпиялығын сақтауға міндетті субъектілердің қатары әлдеқайда кеңейтілген.

Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер, нотариус берген құжаттардың көшірмелері немесе дубликаттары тапсырысы бойынша нотариаттық іс-әрекеттер жүргізілген заңды және жеке тұлғаларға, не олардың уәкілетті адамдарына ғана беріледі.

Өсиетке қатысты құпия қағидатының тағы бір көрінісі ретінде өсиеттер туралы мәліметтер, өсиеттердің дубликаттары мен көшірмелері мүдделі адамдарға, егер заңдарда өзгеше белгіленбесе, өсиет беруші өлгеннен кейін ғана берілетіндігі жөніндегі тиісті заң нормасын атауға болады.

**Өсиетке түсінік беру.** ҚР АҚ-нің 1055-бабына сәйкес өсиеттің қандай да болсын ережесінің дәлме-дәл мағынасы түсініксіз болған кезде ол осы ережені басқа ережелермен және өсиеттің тұтас мағынасымен салыстыру арқылы анықталады.

Өсиетке түсінік беруге өкілетті:

- нотариус
- өсиетті орындаушы
- сот.

Өсиетке түсінік беру туралы қандай да бір процессуалдық құжаттың қабылдануы заңмен көзделмеген. Өсиетке түсінік беру, оған өкілеттік берілген тұлғаның одан арғы іс-әрекетінде көрініс табады. Осылайша, өсиетке түсінік беруді нотариус жасалған өсиетке байланысты мұраға құқық туралы куәліктер беру арқылы немесе керісінше өсиеттің заңға сәйкес келмеуі себебінен мұраға құқық туралы куәліктер беруден бас тарту арқылы жүзеге асырады.

Өсиеттің маңыздылығы мен жарамдылығы туралы дау орын алса, ол сот тәртібімен шешіледі, яғни мұндай жағдайда өсиетке түсінік беру өкілеттігін сот жүзеге асырады.

**Өсиетті куәландырудың орны.** Өсиет кез келген мемлекеттік немесе жеке практикамен айналысатын нотариуста куәландырылуы мүмкін, сондай-ақ заңмен көзделген жағдайларда – тиісті өкілеттік берілген лауазымды адамымен куәландырылуы мүмкін.

Өсиетті куәландыру барысында өсиет қалдырушының тұрғылықты мекен-жайы маңызды болып табылмайды. Өсиетті жасаудың ерекшелігі ретінде нотариустың нотариалдық округтен және нотариалдық кеңседен тыс жерде жасалу мүмкіндігін атауға болады.

Өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін:

- заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін жеке тұлғалар;
- заң бойынша мұрагерлер тобына кірмейтін жеке тұлғалар;
- заңды тұлғалар;
- Қазақстан Республикасы.

Азамат өзінің барлық мүлкін немесе оның бір бөлігін заң бойынша мұрагерлер тобына кіретін де, кірмейтін де бір не бірнеше адамға өсиет етіп қалдыра алады. Өсиет қалдырушы өсиетте көрсетілген мұрагер мұра ашылғанға дейін қайтыс болған, оны қабылдамаған не одан бас тартқан немесе ҚР АҚ-нің 1045-бабындағы тәртіппен лайықсыз мұрагер ретінде мұрагерліктен шеттетілген жағдайда, сондай-ақ мұрагер мұра қалдырушының заңды талаптарын өсиет бойынша орындамаған жағдайда, басқа мұрагер тағайындай алады (мұрагерді қосымша тағайындау). ҚР АҚ-нің 1044-бабына сәйкес мұрагер бола алатын кез келген адам қосымша тағайындалған мұрагер болуы мүмкін.

**Мұраға құқық туралы куәлік беру.** Мұра ашылған жер бойынша нотариус мұрагердің өтінішімен оған мұрагерлікке құқық туралы куәлік беруге міндетті.

Мұрагерлікке құқық туралы куәлік мұра ашылған күннен бастап алты ай өткеннен кейін беріледі.

Өсиет бойынша да, заң бойынша да мұрагерлік кезінде, егер нотариуста куәлік берілуін сұраған адамдардан басқа тиісті мүлікке не бүкіл мұраға қатысты басқа мұрагерлер туралы анық деректер болмаса, куәлік аталған мерзім өткенге дейін де берілуі мүмкін.

Мұраға құқық туралы куәлік заң бойынша, сонымен бірге өсиет бойынша да беріледі.

Нотариус ашылған мұра туралы өзіне тұрғылықты жері немесе жұмыс орны белгілі мұрагерлердің барлығына хабарлауға міндетті.

Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады.

Қайтыс болу фактісі, мұрагерлікті қабылдауға негіз болатын туысқандық қатынастар нотариусқа ұсынылған құжаттар бойынша анықталады.

Егер бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса, олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады.

Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса - мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады.

Мұраға құқық туралы куәлік мұрагердің өтініші негізінде беріледі. Өтініш жазбаша түрде рәсімделуі тиіс. Мұраға құқық туралы куәлік (заң бойынша да, өсиет бойынша да) барлық мұрагерлерге бірге не олардың қалауына қарай әрқайсысына жеке-жеке беріледі.

Мұрагерлік мүлікке ауыртпалықтар болған жағдайда мұраға құқық туралы куәлікті беру кепіл ұстаушының немесе ауыртпалық салған құзыретті органдарға хабарлау арқылы жүргізіледі.

Заң бойынша да, өсиет бойынша да мұраға құқық туралы куәлік берілген ретте нотариус белгіленген тәртіпте тіркелген жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды талап етеді.

Кәмелетке толмаған немесе әрекет қабілеті жоқ адамға мұраға құқық туралы куәлік беру кезінде (заң бойынша да, өсиет бойынша да) нотариус оның мүліктік мүдделерін қорғау үшін мұрагердің тұратын жеріндегі қамқоршы және қорғаншы органға хабарлайды.

Мұраны қабылдау туралы немесе мұрадан бас тарту туралы немесе мұраға құқық туралы куәліктер беру туралы өтініштер негізінде мұрагерлік іс қозғалады және реттік нөмір беріледі. Басқа мұрагерлердің одан кейінгі өтініштері, оның ішінде қосымша өтініштер іс жүргізу ережесінде көзделген нысан бойынша Мұрагерлік істерді есепке алу кітабына да тіркеледі. Барлық өтініштерде оның түскен күні көрсетіледі, мұралық іс нөмірі, бірінші келіп түскен өтінішке берілген нөмір сақталады.

Мұрагер мұра ашылған күннен бастап алты айдың ішінде мұрадан бас тартуға құқылы. Дәлелді себептер болған жағдайда бұл мерзімді сот ұзартуы мүмкін, алайда бұл екі айдан аспауға тиіс.

Мұрадан бас тарту мұрагердің мұраның ашылған жері бойынша нотариусқа арыз беруімен жасалады. Мұра қалдырушылар мен мұра қабылдаушы мұрагерлер арасындағы туыстық және некелік қатынастар өтініш беру кезінде немесе мұраға құқық туралы куәлік берілгенде тексеріледі.

Егер сенімхатта бас тартуға өкілеттік арнайы көзделсе, мұрадан өкіл арқылы бас тартуға болады.

Мұрадан бас тартуды кейіннен күшін жоюға немесе қайтарып алуға болмайды.

Мұрагер өзіне сол үшін берілген мерзім өткеннен кейін мұрадан бас тарту құқығын жоғалтады. Егер ол мұраға қалдырған мүлікті іс жүзінде иеленуге кіріссе не оған билік етсе, не оның осы мүлікке құқықтарын куәландыратын құжаттарды алуға өтініш жасаса, ол бұл құқықты аталған мерзім өткенге дейін де жоғалтады.

Мұрагер мұрадан бас тартқан кезде өзінің өсиет бойынша немесе кез келген кезектегі заң бойынша мұрагердің қатарындағы басқа адамдардың пайдасына, оның ішінде ұсыну құқығы бойынша мұра алуға шақырылған адамдардың пайдасына бас тартатындығын көрсетуге құқылы.

Өсиет қалдырушы мұрадан айырған мұрагерлердің пайдасына мұрадан бас тартуға жол берілмейді.

Егер мұрагер мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді дәлелді себептер бойынша өткізіп алған болса және мұраны қабылдау үшін белгіленген мерзімді өткізіп алған мұрагер бұл мерзімді өткізу себептері жойылғаннан кейін алты айдың ішінде сотқа жүгінген жағдайда осы мерзімді өткізіп алған мұрагердің өтініші бойынша сот бұл мерзімді қалпына келтіре алады және мұрагер мұраны қабылдады деп тани алады.

Мұрагер мұраны қабылдады деп танылған кезде сот барлық мұрагерлердің мұрагерлік мүліктегі үлестерін анықтайды және қажет болған жағдайда жаңа мұрагердің мұрадан өзіне тиесілі үлесін алу құқығын қорғау жөнінде шаралар белгілейді. Бұған дейін берілген мұраға құқық туралы куәліктерді сот жарамсыз деп таниды.

Мұра өсиет бойынша мұралық ету тәртібімен мемлекетке өткенде мұраға құқық туралы куәлік тиісті мемлекеттік (салық) органына табыс етіледі, ол алты ай мерзімнен бұрын берілмеуі тиіс.

**Болмаған мұрагерлердің құқықтары.** Егер мұрагерлердің арасында тұратын жері белгісіз адамдар болса, қалған мұрагерлер, өсиетті орындаушы (мұраны басқарушы) және нотариус олардың тұратын жерін анықтауға және оларды мұрагерлікке шақыруға қисынды шаралар қолдануға міндетті.

Егер тұратын жері анықталған, мұрагерлікке шақырылып, болмай қалған мұрагер Азаматтық Кодекстің 1074-бабында көзделген мерзім ішінде мұрагерліктен бас тартпаса, қалған мұрагерлер өздерінің мұраны бөлісуді жүргізу ниеті туралы хабардар етуге міндетті.

Хабардар ету кезінен бастап үш айдың ішінде болмай қалған мұрагер мұраны бөлу туралы келісімге қатысу тілегі туралы қалған мұрагерлерді хабардар етпесе, қалған мұрагерлер болмаған мұрагерге тиесілі үлесті бөлек шығарып, өзара келісім бойынша бөлісті жүргізуге құқылы.

Егер мұра ашылған күннен бастап бір жылдың ішінде болмаған мұрагердің тұратын жері анықталмаса және оның мұрадан бас тартқандығы туралы мәліметтер болмаса, қалған мұрагерлер бөлісті ҚР АҚ-нің 1077-бабының 2-тармағы екінші бөлігінің ережелері бойынша жүргізуге құқылы.

Іште қалған, бірақ әлі тұмаған мұрагер болған кезде мұраны бөлу тек мұндай мұрагер туғаннан кейін ғана жүргізілуі мүмкін.

Егер іште қалған мұрагер тірі туса, қалған мұрагерлер оған тиесілі мұралық үлесті бөліп шығару арқылы ғана мұра бөлуді жүргізуге құқылы. Жаңа туған баланың мүдделерін қорғау үшін бөліске қатысуға қорғаншылық және қамқоршылық органның өкілі шақырылуы мүмкін.

**Иесіз қалған мүлік.** Егер өсиет бойынша да заң бойынша да, мұрагерлер болмаса не мұрагерлердің ешқайсысының мұра алуға құқығы болмаса (АҚ-тің 1045-бабы), не олардың бәрі мұрадан бас тартса (АҚ-тің 1074-бабы), мұра иесіз қалған мүлік деп танылады.

Иесіз қалған мүлік мұраның ашылған жері бойынша коммуналдық меншікке ауысады.

Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыруды коммуналдық меншікті басқаруға уәкілетті орган жүзеге асырады.

Коммуналдық меншікке түскен иесіз қалған мүлікті есепке алу, сақтау, бағалау, одан әрі пайдалану және сату тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мұра ашылған күннен бастап бір жыл өткеннен кейін мұра ашылған жер бойынша республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарының өтініші негізінде сот мұраны иесіз қалған мүлік деп таниды. Егер мұраны қорғауға және оны басқаруға байланысты шығындар оның құнынан асып түссе, мұра аталған мерзім өткенге дейін иесіз қалған мүлік деп танылуы мүмкін.

Иесіз қалған мүлікті қорғау және оны басқару ҚР АҚ-нің 1071-бабына сәйкес жүзеге асырылады. АҚ-тің 1080 және 1081-баптарында көзделген қағидалар иесіз қалған мүлікке де қолданылады.

## VI. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ ҚОРҒАУДАҒЫ НОТАРИАТТЫҢ РӨЛІ

Отбасы — бірлесіп күн көретін, туыстық қатынаста тұратын адамдар тобы. Балалар тәрбиесін жүзеге асырып, басқа да қоғамдық тұрғыдан мәнді қажеттіліктерді қанағаттандыратын некелік немесе туыстық қатынастармен байланысқан адамдар тобы.

Отбасы латын тілінен алғанда «familia» жалпыға ортақ ата-бабалардан шыққан бір адамға тиесілі екенін немесе неғұрлым тар мағынада алатын болсақ бір отбасына тиесілі екенін көрсететін ұғым.

Жалпы отбасының тұжырымдамасы көп қырлы болып табылады және дәл ғылыми анықтамасын атау өте қиын. Отбасынан кейін неке ұғымы туындайтыны бәрімізге мәлім.

Неке – отбасын құрудың негізі болып табылады. Неке (ерлі-зайыптылық) – ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді туғызатын, отбасын құру мақсатында Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен тараптардың ерікті және толық келісімімен жасалған еркек пен әйел арасындағы тең құқықты одақ (Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 1-бабының 26-тармағы).

Қазақстан Республикасының Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексіне сәйкес некеге отыратын (ерлі-зайыпты болатын) адамдардың келісімі немесе ерлі-зайыптылардың некедегі (ерлі-зайыптылықтағы) және (немесе) ол бұзылған жағдайдағы мүліктік құқықтары мен міндеттерін айқындайтын келісім неке шарты деп танылады.

Неке шартында некеде (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік құқықтары көзделуі мүмкін.

Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 40-бабына сәйкес неке шарты жазбаша түрде жасалады және міндетті түрде нотариатта куәландырылуға жатады.

Неке шарты тіркеуші органға некені (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы өтініш берілген күннен бастап неке қию (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркелгенге дейін де, некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңіндегі кез келген уақытта да жасалуы мүмкін.

Неке қию (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркелгенге дейін жасалған неке шарты неке қию (ерлі-зайыпты болу) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді.

Айта кететін маңызды мәселе, неке шартының пәні ерлі-зайыптылардың арасындағы кез келген құқықтық қатынастар емес, олардың



мүлікке қатысты міндеттері мен құқықтары болып табылады. Ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлік олардың бірлескен ортақ меншігі болып табылады (Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодексінің 34-бабы).

Неке шартында ерлі-зайыптылар өзара күтіп-бағу жөніндегі өз құқықтары мен міндеттерін, бір-бірінің табыстарына қатысу тәсілдерін, өздерінің әрқайсысының отбасылық шығыстар шығару тәртібін айқындауға; неке (ерлі-зайыптылық) бұзылған жағдайда ерлі-зайыптылардың әрқайсысына берілетін мүлікті айқындауға, сондай-ақ неке шартына ерлі-зайыптылардың мүліктік қатынастарына қатысты өзге де кез келген ережелерді, сондай-ақ осы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік жағдайын енгізуге құқылы.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың құқық қабілеттілігін немесе әрекетке қабілетін, олардың өз құқықтарын қорғау үшін сотқа жүгіну құқығын шектей алмайды; ерлі-зайыптылар арасындағы мүліктік емес жеке қатынастарды, ерлі-зайыптылардың балаларға қатысты құқықтары мен міндеттерін реттей алмайды; еңбекке қабілетсіз мұқтаж жұбайдың күтіп-бағу қаражатын алуға құқығын шектейтін ережелерді және Қазақстан Республикасы неке-отбасы заңнамасының негізгі бастауларына қайшы келетін басқа да жағдайларды көздей алмайды.

Ерлі-зайыптылар неке шартымен Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген бірлескен ортақ меншік режимін өзгертуге, ерлі-зайыптылардың барлық мүлкіне, оның жекелеген түрлеріне немесе ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкіне бірлескен, үлестік немесе бөлек меншік режимін белгілеуге құқылы.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың қолда бар мүлкіне қатысты да, болашақтағы мүлкіне де қатысты жасалуы мүмкін.

Неке шарты ерлі-зайыптылардың келісімі бойынша кез келген уақытта өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін. Неке шартын өзгерту туралы немесе бұзу туралы келісім неке шартының өзі сияқты нысанда жасалады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген жағдайларды қоспағанда, неке шартын орындаудан біржақты бас тартуға жол берілмейді.

Ерлі-зайыптылардың біреуінің талап етуі бойынша неке шарты Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде шартты өзгерту және бұзу үшін белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша соттың шешімімен өзгертілуі немесе бұзылуы мүмкін.

Неке шартында неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылғаннан кейінгі кезеңге көзделген міндеттемелерді қоспағанда, неке шартының қолданылуы неке (ерлі-зайыптылық) тоқтатылған кезден бастап тоқтатылады.

Неке шартын сот Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде көзделген мәмілелер жарамсыздығының негіздері бойынша толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы мүмкін.

Егер шарттың талаптары ерлі-зайыптылардың біреуін өте қолайсыз жағдайда қалдырса немесе осы некеден (ерлі-зайыптылықтан) туған немесе асырап алынған балалардың мүліктік құқықтарын бұзса, сот ерлі-зайыптылардың осы біреуінің талап етуі бойынша неке шартын толық немесе ішінара жарамсыз деп тануы да мүмкін. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Кодекстің 41-бабы 3-тармағының талаптарын бұзатын неке шартының талаптары жарамсыз деп танылады.

Нотариус некелік шарт туралы мәмілелерді куәландырудың жалпы ережелеріне сәйкес куәландырады.

Неке шарты «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 39-43-баптарының нормаларына сәйкес жасалады.

Нотариус жұбайларға мүлік жөнінде мәмілелер жасағанда нотариустың сонымен қатар басқа да мүдделі адамдардың осы шарттың жағдайларымен танысуы тиіс екенін түсіндіреді.

Жұбайлардың біреуі жұбайлардың ортақ мүлкіне билік ету жөніндегі мәміле жасасқан кезде, егер неке шартымен мүліктің өзге тәртібі белгіленбеген болса, екіншісінің келісімі керек болады.

Жұбайлардың некеге дейінгі кезеңде өтеусіз мәміле негізінде алған немесе мұраға алу тәртібімен алғанды қоспағанда, сондай-ақ жұбайлардың неке шарты негізінде бөлек меншік ретіндегі жұбайына тиесілі болған мүліктерді қоспағанда, жұбайлардың біреуі жылжымайтын мүлікке билік ету жөніндегі мәмілені және белгіленген тәртіппен нотариаттық куәландыруды және (немесе) тіркеуді талап ететін мәмілені жасасу үшін жұбайлардың екіншісінің нотариаттық куәландырылған келісімін не иеліктен айыруға жататын мүлік иесінің некеде тұрмайтыны туралы өтінішті талап ету қажет. Соңғы жағдайда нотариусқа неке шарты ұсынылды.

Бұл туралы шарт мәтініне мүлік жұбайының келісімі негізінде иеленіп жатқандығы, мүлік иесінің тегі, аты және әкесінің аты (болған кезде), әкесінің аты, жеке сәйкестендіру нөмірі, туған жылы, айы, күні толық көрсетіледі, не болмаса, мүлік иесі шартты жасау кезінде некеде тұрмайтындығы, ал неке шарты болған жағдайда неке шартын куәландырған нотариустың тегі, аты, әкесінің аты, куәландырған күні және орны тізілім нөмірі мен мүліктің құқықтық тәртібі көрсетіледі.

Жұбайлардың некелік қарым-қатынастарын нотариус неке туралы куәлік бойынша тексереді, бұл туралы өтініште белгі жасайды және куәліктің нөмірін және берілген күнін, құжатты берген органның атауын көрсетеді.

Мүлік иесі берген сенімхаттың негізінде мүлікті иеліктен айыру жөніндегі мәмілені куәландырған кезде, егер оған осы нотариаттық іс-қимылды жасауға уәкілеттік берілген болса, сенім білдірілген өкілден некелік қатынасының жоқтығы туралы өтініш алынады.

Егер жұбайының біреуі Қазақстан Республикасында ықтиярхаты жоқ шетелдің азаматы болса, сондай-ақ неке шартында жұбайлар арасында бөлінетін меншік режимі белгіленбеген болса, (Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 23-бабында көрсетілген) пәтерлер, тұрғын үйлер, жер учаскелерін сатып алу жөніндегі шарттар ("Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы), нотариаттық куәландыруға жатпайды.

**Алимент төлеу туралы келісім.** Қазақстан Республикасының Неке және отбасы туралы заңнамасы некені бұзған ерлі-зайыптылардың арасында және басқа да алимент төлеуге міндетті тұлғалардың арасында алимент төлеу туралы келісім жасауға мүмкіндік береді.

Бұндай келісімнің субъектілері алимент төлеушілер ғана емес, сондай-ақ алимент алушылар да болып табылады.

Алимент төлеу жөніндегі келісімнің тараптары болып тек бұрынғы ерлі-зайыптылар ғана емес, сондай-ақ отбасының басқа да мүшелері: інілері (қарындастары), сіңлілері ағалары мен апалары, атасы мен әжесі, немерелері, өгей ұлдар мен өгей қыздар, өгей әке және өгей шеше танылады.

Алимент төлеу (алименттің мөлшері, оны төлеудің шарттары мен тәртібі) туралы келісім алиментті төлеуге міндетті адам мен оны алушының арасында, ал алиментті төлеуге міндетті адам және (немесе) алимент алушы әрекетке қабілетсіз болған кезде, осы адамдардың заңды өкілдерінің арасында жасалады.

Алимент төлеу туралы келісім жазбаша нысанда жасалады және ол нотариатта куәландырылуға тиіс.

Алимент төлеу туралы келісімнің заңда белгіленген нысанын сақтамау Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларында көзделген салдарларға әкеп соғады.

Нотариус алимент төлеу туралы келісімді куәландырған кезде арнайы заңнамада көзделген ҚР АҚ-нің мәмілелерді куәландыру туралы жалпы ережелерін басшылыққа алады.

Алимент төлеу туралы келісімді куәландырған кезде нотариус тексеруге міндетті маңызды шарттар мыналар болып табылады:

1) тараптардың келісімі бойынша алименттің мөлшері. Бірақ егер алимент төлеу туралы келісім кәмелетке толмаған балаларға қатысты болса, онда бұндай алименттің мөлшері сот белгілеген мөлшерден кем болмауы тиіс;

2) алимент төлеудің тәсілі мен тәртібі;

3) келісімде міндетті түрде көрсетілетін алимент төлеудің мерзімі.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы.

Алимент төлеу туралы келісімді жасауға, орындауға, өзгертуге, бұзуға және жарамсыз деп тануға Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің азаматтық-құқықтық мәмілелерді жасауды, орындауды, өзгертуді, бұзуды және жарамсыз деп тануды реттейтін нормалары қолданылады.

Алимент төлеу туралы келісімді орындаудан біржақты бас тартуға немесе оның шарттарын біржақты өзгертуге тыйым салынады.

Тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайлары елеулі түрде өзгеріске ұшыраған жағдайда және алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу жөніндегі келісімге қол жетпеген кезде, мүдделі тарап осы келісімді өзгерту туралы немесе бұзу туралы сотқа талап-арызбен жүгінуге құқылы. Алимент төлеу туралы келісімді өзгерту немесе бұзу туралы мәселені шешу кезінде сот тараптардың назар аударарлық кез келген мүддесін ескеруге құқылы.

Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға - ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің - төрттен бір бөлігін; екі балаға - үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады.

Еңбекке жарамды ата-аналар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларын күтіп-бағуға міндетті.

Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларға алимент мөлшерін сот алимент төлеу кезіндегі қолданылып жүрген айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында, тараптардың материалдық және отбасылық жағдайлары мен басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, айқындайды.

Еңбекке жарамды кәмелетке толған балалар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағуға және оларға қамқорлық жасауға міндетті.

Алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарға алимент олардың еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларынан сот тәртібімен өндіріп алынады.

Балалардың әрқайсысынан өндіріп алынатын алименттің мөлшерін сот ата-аналары мен балаларының материалдық және отбасылық жағдайлары мен тараптардың басқа да назар аударарлық мүдделерін негізге ала отырып, алимент төлеу кезіндегі айлық есептік көрсеткіштің еселенген қатынасында белгілейді.

Алимент мөлшерін айқындау кезінде сот балалардың бәріне, олардың біреуіне немесе бірнешеуіне талап қойылғанына қарамастан, осы ата-ананың еңбекке жарамды кәмелетке толған балаларының бәрін ескеруге құқылы.

Егер сот ата-аналардың осы балаларына қатысты ата-аналық міндеттерін орындаудан бұрын жалтарғанын анықтаса, балалар өздерінің көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз ата-аналарын күтіп-бағу жөніндегі міндеттерінен босатылуы мүмкін.

Балалары ата-ана құқықтарынан айырылған ата-аналарына алимент төлеуден босатылады.

Кәмелетке толған, асырап алынған балалардың асырап алушыларды күтіп-бағу жөніндегі міндеттері балалардың ата-аналары алдындағы міндеттері сияқты айқындалады.

Ерлі-зайыптылар бірін-бірі материалдық жағынан қолдауға міндетті.

Мұндай қолдаудан бас тартқан және ерлі-зайыптылардың арасында алимент төлеу туралы келісім болмаған жағдайда, алимент төлеуге қажетті қаражаты бар екінші жұбайдан:

- 1) еңбекке жарамсыз мұқтаж жұбайының;
- 2) жүктілігі кезеңінде және ортақ баласы туған күннен бастап үш жыл бойы зайыбының;
- 3) ортақ мүгедек баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-күтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж жұбайының алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге құқығы бар.

Алимент төлеуге қажетті қаражаты бар бұрынғы жұбайынан алимент төлеуді сот тәртібімен талап етуге:

- 1) жүктілігі кезеңінде және ортақ баласы үш жасқа толғанға дейін бұрынғы зайыбының;
- 2) ортақ мүгедек баланы он сегіз жасқа толғанға дейін бағып-күтуді жүзеге асырып отырған, сондай-ақ он сегіз жасқа толған соң ортақ мүгедек балаға I-II топтағы мүгедектік белгіленген жағдайда көмекке мұқтаж бұрынғы жұбайының;

3) неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғанға дейін еңбекке жарамсыз болып қалған көмекке мұқтаж, еңбекке жарамсыз бұрынғы жұбайының құқығы бар.

Алименттің мөлшері және оны неке (ерлі-зайыптылық) бұзылғаннан кейін бұрынғы жұбайына беру тәртібі бұрынғы ерлі-зайыптылардың арасындағы келісіммен айқындалуы не сот айқындауы мүмкін.

**Ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер береді.** ҚР Нотариат туралы заңының 34-бабына сәйкес нотариусқа ерлі-зайыптылардың және ортақ бірлескен меншік құқығындағы мүлкі бар өзге адамдардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер беру өкілеттігі берілген.

ҚР АҚ-нің 223-бабына сәйкес ерлі-зайыптылардың некеде тұрған кезде жинаған мүлкі, егер бұл мүлік ерлі-зайыптылардың үлесті меншігі болатыны, не олардың әрқайсысына тиесілі немесе меншік құқығында тиісті бөліктерде ерлі-зайыптылардың әрқайсысына тиесілі екені олардың арасындағы шартта көзделмесе, олардың бірлескен меншігі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезінде жинаған мүлкіне ерлі-зайыптылардың әрқайсысының еңбек қызметінен, кәсіпкерлік қызметтен және зияткерлік қызмет нәтижелерінен түскен табыс сомалары, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінен және ерлі-зайыптылардың әрқайсысының бөлек мүлкінен алынған табыс сомалары, олар алған зейнетақылар, жәрдемақылар, зейнетақы жинақтары, сондай-ақ арнаулы нысаналы мақсаты жоқ өзге де ақшалай төлемдер (материалдық көмек сомалары, мертігу не денсаулығының өзге де зақымдануы салдарынан еңбек қабілетінен айрылуына байланысты нұқсанды өтеуге төленген сомалар және басқалары) жатады. Сондай-ақ ерлі-зайыптылардың ортақ табыс сомалары есебінен сатып алынған жылжымалы және жылжымайтын мүліктер, бағалы қағаздар, пайлар, салымдар, кредиттік ұйымдарға немесе өзге де ұйымдарға салынған, капиталдағы үлестер және ол отбасында кімнің атына сатып алынғанына не ақша қаражаттарын ерлі-зайыптылардың қайсысы салғанына қарамастан, ерлі-зайыптылар некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде жинаған басқа да кез келген мүлік ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі болып табылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне құқық некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде үй шаруашылығын жүргізуді, балаларды бағып-күтуді жүзеге асырған немесе басқа да дәлелді себептермен жеке табысы болмаған жұбайға да тиесілі болады.

Ерлі-зайыптылардың некеге тұрғанға дейін тиесілі болған, сондай-ақ олардың некеде тұрған кезінде сыйға тартылған немесе мұрагерлік тәртіппен алған мүлкі олардың әрқайсысының меншігі болып табылады.

Қымбат бағалы және басқа әсемдік заттарын қоспағанда, жеке пайдаланудағы заттар (киім-кешек, аяқ киім және т.б.), некеде тұрған кезде ерлі-зайыптылардың ортақ қаражатына сатып алынғанымен, оларды пайдаланған жұбайдың меншігі деп танылады.

Егер некеде тұрған кезде ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкінің есебінен сол мүліктің құнын едәуір арттырған қаражат жұмсалғаны (күрделі жөндеу, қайта жаңғырту, қайта жабдықтау және т.б.) анықталса, ерлі-зайыптылардың әрқайсысының мүлкі олардың бірлескен меншігі деп танылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың бірінің міндеттемелері бойынша жаза өз меншігіндегі мүлікке ғана, сондай-ақ бұл мүлікті бөлісу кезінде ерлі-зайыптылардың біріне тиесілі болатын ортақ мүлкіндегі өз үлесіне ғана қолданылуы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ бірлескен меншік құқықтарының ерекшеліктері Қазақстан Республикасының неке және отбасы туралы заңдарымен белгіленеді.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін иелену, пайдалану және оған билік ету ерлі-зайыптылардың екеуінің келісімі бойынша жүзеге асырылады.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне билік ету жөнінде ерлі-зайыптылардың біреуі мәміле жасасқан кезде екінші жұбайының келісімі қажет болады. Екінші жұбайдың тек қана оның талап етуі бойынша оның келісімі болмаған себептері бойынша және егер басқа тарап осы мәмілені жасасуға екінші жұбайдың келіспеуі туралы білгендігі немесе көрінеу білуге тиіс болғандығы дәлелденген жағдайларда ғана сот ерлі-зайыптылардың біреуінің ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіне билік ету жөнінде жасасқан мәмілені жарамсыз деп тануы мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың біреуі жылжымайтын мүлікке иелік ету жөнінде мәміле және нотариатта куәландыруды және (немесе) заңда белгіленген тәртіппен тіркеуді қажет ететін мәміле жасасуы үшін екінші жұбайдың нотариатта куәландырылған келісімін алу қажет.

Аталған мәмілені жасасуға нотариатта куәландырылған келісімі алынбаған жұбай осы мәміленің жасалғандығы туралы өзі білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап үш жыл ішінде мәмілені сот тәртібімен жарамсыз деп тануды талап етуге құқылы.

Мүлкі ортақ бірлескен меншікте тұрған адамдардың бірлескен жазбаша өтініші бойынша нотариус ортақ мүліктегі үлесті алуды қалаған адамға немесе адамдарға осындай үлеске меншік құқығы туралы куәлік береді.

Жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік берген кезде нотариус мыналарды:

- 1) неке қию туралы куәлігін;
- 2) жылжымайтын мүлікке құқық белгілейтін құжаттарын;
- 3) автокөлік құралын мемлекеттік тіркеу туралы куәлігін (техникалық төлқұжаты);
- 4) жұбайлар мүлкінің құрамы мен мөлшерін растайтын өзге де құжаттарды талап етеді.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу ерлі-зайыптылардың кез келгенінің талап етуі бойынша некеде тұрған (ерлі-зайыпты болған) кезеңінде де, ол бұзылғаннан кейін де, сондай-ақ кредит беруші ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі ерлі-зайыптылардың біреуінің үлесінен өндіріп алу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу туралы талабын мәлімдеген жағдайда да жүргізілуі мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі олардың келісімі бойынша ерлі-зайыптылар арасында бөлінуі мүмкін. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлікті бөлу туралы келісімі нотариатта куәландырылуға тиіс.

Дау туған жағдайда, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу, сондай-ақ ерлі-зайыптылардың осы мүліктегі үлестерін айқындау медиация тәртібімен немесе сот тәртібімен жүргізіледі.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлу кезінде сот кәмелетке толмаған баланың мүдделерін ескере отырып, ерлі-зайыптылардың талап етуі бойынша ерлі-зайыптылардың әрқайсысына қандай мүліктің берілуге жататынын айқындайды. Егер ерлі-зайыптылардың біреуіне құны оған тиесілі үлестен асатын мүлік берілсе, екінші жұбайға тиісті ақшалай немесе өзге өтемақы алып беріледі.

Тек қана кәмелетке толмаған балалардың қажеттерін қанағаттандыру үшін сатып алынған заттар (киім-кешек, аяқ-киім, мектеп және спорт керек-жарағы, музыкалық аспаптар, балалар кітапханасы және басқалары) бөлуге жатпайды және балалары өзімен бірге тұратын жұбайға өтемақысыз беріледі.

Ерлі-зайыптылар өздерінің кәмелетке толмаған ортақ балаларының атына ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкі есебінен салған салымдары сол балаларға тиесілі болып есептеледі және ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкін бөлген кезде есепке алынбайды.



**Көзі тірі жұбайының өтінішімен ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру.** Ерлі-зайыптылардың бірі қайтыс болған жағдайда, нотариус мұра ашылған жерде көзі тірі жұбайының жазбаша өтініші бойынша мұраны қабылдаған мұрагерлерді хабардар ете отырып, ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік береді.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік көзі тірі жұбайына олардың некеде тұрған кезінде жинаған ортақ мүлкінің жартысына, егер неке келісім-шартында өзгеше белгіленбесе, берілуі мүмкін.

Ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі өлген жұбайының үлесіне меншік құқығы туралы куәлік өлген жұбайдың мұрагерлеріне олардың өтініші бойынша берілуі мүмкін.

Жұбайлардың бірі қайтыс болған жағдайда ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәлікті нотариус мұраны қабылдаған мұрагерлерді хабарлай отырып, көзі тірі жұбайының жазбаша өтініші бойынша мұраның ашылған жері бойынша береді.

Жұбайлардың бірі қайтыс болған жағдайда жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру туралы көзі тірі жұбайдың өтінішін алған жағдайда, нотариус қайтыс болған жұбайдың мұраны қабылдаған мұрагерлеріне хабарлайды, онда көзі тірі жұбайының меншік құқығы туралы куәлік беру туралы үлесіне жұбайлардың ортақ мүлкінің құрамы көрсетіледі.

Нотариус қайтыс болған жұбайының некеде тұрған кезде жинаған ортақ мүліктегі үлесіне меншік құқығы туралы куәлікті көзі тірі жұбайының не оның мұрагерлерінің өтініші бойынша беруі мүмкін.

Мұрагерлер осындай куәлікті беру мәселесі бойынша жүгінген кезде оны нотариус көзі тірі жұбайының келісімімен береді.

Жұбайлардың екеуі де қайтыс болған жағдайда жұбайлардың үлесін бөлу сот тәртібімен шешіледі.

Көзі тірі жұбайына жұбайлардың ортақ мүлкіндегі үлеске құқық туралы куәлік берген кезде нотариус мына құжаттарды талап етеді:

- қайтыс болғанын растайтын жұбайының қайтыс болуы туралы куәлігі;
- өтініш берушінің қайтыс болған жұбайымен некелік қатынасын анықтайтын құжат (неке туралы куәлік);
- оның сатып алу, яғни некеде сатып алу фактісін белгілеу үшін ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі меншік құқығын растайтын құжат;

- жұбайлардың ортақ мүлкіндегі меншік құқығының тәртібін анықтау үшін өтініш берушімен қайтыс болған жұбайының арасында жасалған неке келісім-шартын. Бұндай шарт болған жағдайда, нотариус көзі тірі жұбайының үлесін анықтау үшін аталған келісім шартты талап етеді;

- кәмелетке толмаған немесе әрекетке қабілетсіз мұрагерлер болған жағдайда тиісті қорғаншылық және қамқоршылық органының келісімі.

Жұбайлардың ортақ бірлескен мүлкіндегі үлесіне меншік құқығы туралы куәлік немесе ортақ бірлескен мүлкіне құқығы бар басқа адамдардың меншік құқығы туралы куәлік бөлінген үлеске құқық белгілеуші құжат болып табылады.

Куәлікті беру туралы белгісі бар құқық белгілеуші құжат қайтарылады, бұл жағдайда нотариустың ісінде құқық белгілеуші құжаттың көшірмесі қалдырылады.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік тіркеуге жататын ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы берілетін куәлік тіркеуші органда тіркеледі, ол туралы куәлікке белгі қойылады.

## VII. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ НОТАРИАТТЫҢ РӨЛІ

Нотариус сотта немесе басқа құзыретті органда іс туындаған жағдайда, егер кейіннен дәлелдемелерді табыс ету мүмкін емес немесе қиын болады деп топшылауға негіз болса, мүдделі тұлғалардың өтініші бойынша қажетті дәлелдемелерді қамтамасыз етеді.

Нотариус мүдделі тұлғалар өзіне өтініш жасаған кезде соттың немесе басқа құзыретті органның қарауында жатқан іс бойынша дәлелдемелерді қамтамасыз етпейді.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету тәртібі бойынша нотариус азаматтарға сауалдар қояды, құжаттар мен заттарды қарайды, қажет болған жағдайда сараптама тағайындайды.

Дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөнінде іс жүргізу әрекеттерін жасаған кезде нотариус Қазақстан Республикасы азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларын басшылыққа алады.

Нотариус тараптар мен мүдделі адамдарға дәлелдемелерді қамтамасыз ету уақыты мен орны туралы хабарлайды, бірақ олардың келмей қалуы дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекетті жасауға кедергі болып табылмайды.

Тараптар мен мүдделі адамдардың біреуін хабардар етпей дәлелдемелерді қамтамасыз ету тек кейінге қалдыруға немесе іске кейіннен кімнің қатысатынын анықтауға болмайтын жағдайларда ғана жүргізіледі.

Куә немесе сарапшы шақыру бойынша келмеген жағдайда, нотариус Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген шараларды қолдану үшін куәнің немесе сарапшының тұрғылықты жері бойынша сотқа бұл туралы хабарлайды.

Нотариус азамат пен маманды көрінеу жалған айғақ немесе қорытынды бергені және айғақ немесе қорытынды беруден бас тартқаны немесе жалтарғаны үшін жауап беретіні туралы ескертеді.

Мүдделі адам нотариусқа дәлелдерді қамтамасыз ету талап етілетін жағдайларды баяндап, дәлел болатын объектіні немесе жағдайларды көрсетіп, өтініш береді, сондай-ақ сотта немесе қандай да бір құзыретті органда қозғалған іс жоқ деген мағлұмат беріледі. Өтініш қабылдаған кезде нотариус мүдделі адамның өтініштегі қолының дұрыстығын куәландырады. Нотариус мүдделі адамға егер дәлелдерді қамтамасыз ету сотта немесе өзге құзыретті органда іс қозғалған соң жүргізілсе, мұндай қамтамасыз етудің заң талаптарына сәйкес күші болмайтындығын түсіндіреді.

Дәлелдерді қамтамасыз ету туралы мәселені нотариус әрбір кезде нақты жағдайларды ескере отырып шешеді. Дәлелдерді қамтамасыз ету қажеттілігі туралы мәселені шешу кезінде нотариус болашақта дәлел алуды қиындататын немесе мүмкін емес ететін мән-жайларды анықтайды. Егер нотариус дәлелді қамтамасыз ету туралы өтініштің негізсіздігі туралы қорытындыға келсе, ол аталған нотариаттық әрекетті жасаудан бас тартады және бас тарту туралы қаулы шығарады.

Нотариус дәлелдерді қамтамасыз ету тәртібінде азаматтардан жауап алады, құжаттар мен заттарды қарауды жүргізеді. Мүдделі тұлғаларға хабарламай дәлелдемелерді қамтамасыз ету, кейінге қалдырғысы келмейтін не нәтижесінде істе кімнің қатысатыны алдын ала анықталмаған жағдайда мүмкін.

Бұл ретте, сұрау хаттамасында не жазбаша және айғақтық дәлелдемелерді қарау хаттамасында мүдделі тұлғаларға хабарламау себептері көрсетіледі.

Нотариус хаттама толтырады, онда:

1. сауалдың күні, уақыты және орны;
2. нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), лицензияның нөмірі және күні, жауап алған мемлекеттік нотариаттық кеңсенің атауы;
3. жауап алуға қатысқан тұлғалардың тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), туған жылы, тұратын жері, жеке сәйкестендіру нөмірі;
4. куәгердің тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), туған жылы, тұратын жері, жеке сәйкестендіру нөмірі;
5. жалған айғақтар берген және жауап беруден бас тартқаны үшін жауапкершілікті ескерту туралы нұсқау;
6. куәгерлердің жауаптарының мазмұны (қойылған сұрақтар және оның жауаптары) көрсетіледі.

Хаттаманың әрбір бетіне сұралушы қол қояды, ал соңғы бетте сауалнамаға қатысушылар және нотариус қол қояды.

Жазбаша және айғақты заттар оларды қарау жолымен қамтамасыз етіледі. Қарау нотариусқа алып келу мүмкін емес дәлелдердің тұрған жерінде жүргізіледі.

Жазбаша және айғақты заттарды қарау нәтижелері туралы хаттама жасалады, онда мыналар көрсетіледі:

1. қарау жүргізілген күн және орын;
2. қарауды жүргізген адам;
3. қарауға қатысқан адамдар туралы мәліметтер;

4. нотариаттық іс-әрекет жасауға жүгінген адамның өтінішінің мазмұны, дәлелдемелерді бекітуді кейінге қалдыруға болмайтыны туралы қорытынды жасаған нотариустың дәлелдері, қажет болған жағдайларда болжанып отырған тараптар мен мүдделі адамдар алдын ала хабарланбаған нотариаттық іс-әрекеттер жасалынған негіздемелер;

5. дәлелдемелерді қараудың нәтижелері.

Дәлелдемелерді қарау хаттамасына қарауға қатысушылар, нотариус қол қояды және нотариустың мөрінің бедерімен бекітіледі. Хаттаманың бір данасы өтініш берушіге беріледі, екіншісі – нотариаттық мұрағаттық қорда қалады.

Бір беттен артық бетке жазылған хаттама нөмірленеді, бауланады және нотариустың қолымен және мөрдің бедерімен бекітіледі.

**Құжаттар көшірмесінің және олардың үзінділерінің дұрыстығын куәландыру.**

Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңының 76-бабына сәйкес нотариус құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын егер ол Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмеген және заңдық мәні болған жағдайда куәландырады.

Нормативтік құқықтық актілердің, сондай-ақ газет баспаларының, кітаптардың, мақалалардың, монографиялардың, заңдық мәні жоқ жеке хаттар мен басқа да құжаттарының көшірмелерінің және үзінділерінің дұрыстығы куәландырылмайды.

Заңды тұлғалар ұсынған, факсимиле бедерлемесімен куәландырылған құжаттардың көшірмелерінің дұрыстығын куәландыруға рұқсат етілмейді.

Өсиеттің көшірмесінің дұрыстығы өсиет қалдырушының қайтыс болғаны туралы куәлік көрсетілген кезде ғана куәландырылады.

Тазартылған, қосымша жазу жазылған, сызып тасталған сөздері, сондай-ақ ескертілмеген өзге де түзетулері бар құжаттың және одан алынған үзінділердің дұрыстығын, не егер құжат қарындашпен жазылса, мәтіні түсініксіз болса, тиісті түрде нөмірленбеген, бауланбаған және бекітілмеген бірнеше бетке жазылса, немесе мөрдің бедерлемесі анық болмаса куәландырылмайды.

Нотариалды куәландырылған көшірмеде түпнұсқа құжаттың дәлме-дәл мәтіні болуға, лауазымды адамдардың қолдарының бар екендігі көрсетілуге, сондай-ақ құжат бекітілген мөрдің нақты мәтіні болуға тиіс. Көшірмеде нотариустың куәландыру жазбасы, оның қолы және мөрдің бедерлемесі қойылады.

Шетел мемлекетінің ресми мекемелері берген құжаттың көшірмесінің және одан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландыруды құжатта

заңдастыру немесе апостиль қойылғаны туралы белгі болғанда ғана жүргізеді. Егер Қазақстан Республикасы мен шетел мемлекеті арасында тиісті келісім болған жағдайларда құжатты заңдастыру немесе апостиль қою талап етілмейді.

Көшірменің дұрыстығы көшірме жасалатын құжатта өзара байланысты емес жеке бөлек мәселелер туралы мәліметтер болған жағдайда куәландырылады.

Үзінді құжаттың мәтінінен механикалық түрде жазба машинасымен, компьютермен, қолдан қайта жазу арқылы, ксерокөшірмеленіп және сканерленіп жүзеге асырылады.

Келесі құжаттардың үзінділері ксерокөшірме және сканерлеу арқылы жүзеге асырылады:

- 1) Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;
- 2) Қазақстан Республикасының дипломаттық паспорты;
- 3) Қазақстан Республикасының қызметтік паспорты;
- 4) шет ел паспорты;
- 5) әскери билеті;
- 6) еңбек кітапшасы.

Осындай құжаттардың үзінділері ұсынылған құжаттың үзіндісіне тиісті екенін анықтауға мүмкіндік беретін мәселе мен мәліметтерді айқындау бойынша құжаттың бір бөлігінің толық мәтінін қайталауы тиіс.

Азаматтың қалауы бойынша жоғарыда аталған құжаттардың барлық беттерінің көшірмелерінің дұрыстығын куәландыруға болады.

Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңының 77-бабына сәйкес, нотариус азамат берген құжат көшірмесінің дұрыстығын куәландырады. Нотариус азамат ұсынған құжат көшірмесінің дұрыстығын, азаматтың құжатқа қойған қолының түпнұсқалығын нотариус немесе осы заңмен нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адам растаған жағдайда ғана куәландырады.

Егер құжаттағы азаматтың қолының дұрыстығын нотариус немесе нотариаттық іс-әрекет жасауға уәкілеттік берілген лауазымды тұлға куәландырған жағдайда, азамат берген құжаттың көшірмесінің және одан алынған үзінділердің дұрыстығы куәландырылады.

Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңының 78-бабына сәйкес, нотариус құжаттың көшірмесінен алынған көшірменің дұрыстығын куәландырады.

Нотариус құжаттың көшірмесінен алынған көшірменің дұрыстығын, осы көшірме нотариаттық тәртіппен куәландырылған немесе түпнұсқаны құжат жасаған заңды тұлға берген жағдайда куәландырады. Соңғы жағдайда

құжаттың көшірмесі сол заңды тұлғаның бланкісінде жасалып, мөрмен бекітілуі және құжаттың түпнұсқасы заңды тұлғада екендігі туралы белгісі болуға тиіс.

Құжаттың көшірмесінен алынған көшірменің дұрыстығы бұрын нотариаттық тәртіпте куәландырылған болса және оны түпнұсқа құжатты берген заңды тұлға берген болса ғана куәландырылады.

Соңғы жағдайда құжаттың көшірмесі аталған заңды тұлғаның бланкісінде жасалуға, оның мөрімен бекітілуге және оның түпнұсқасы құжатты берген заңды тұлғада жатыр деген белгісі болуға тиіс.

**Құжаттағы қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландыру.** Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңының 79-бабына сәйкес нотариус мазмұны жағынан заң актілеріне қайшы келмейтін және мәмілені баяндауды білдірмейтін құжаттағы қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландырады.

Нотариус қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландыра отырып, құжатта жазылған фактілерді куәландырмайды, белгілі бір адамның қол қойғанын ғана растайды.

Қолдардың түпнұсқалылығын куәландырған кезде нотариус азаматтардың іс-әрекетке қабілеттілігін анықтайды.

Келісімшартта, өсиетте, сенімхатта және азаматтық-құқықтық мәміленің мазмұны көрсетілетін басқа құжаттарда, физикалық ақаулар, ауру немесе басқа да себептер бойынша құжатқа өздігінен қол қоя алмағандығы себебінен оның орнына басқа адамның қойған қолының түпнұсқалығы ғана куәландырылуы мүмкін.

Бұндай жағдайда қолтаңбаның түпнұсқалылығын куәландыратын нотариус қол қойған тұлғаның да, және белгілі себептермен құжатқа өздігінен қол қоя алмаған тұлғаның да жеке басын анықтайды.

Егер куәландыру, растау құқығы міндеттемелері мемлекеттік органға жататын болса, азаматтың құжаттағы қолының түпнұсқалылығы куәландырылмайды (мысалы, туылған уақыты, некеге тұрған уақыты, қайтыс болған уақыты т.с.с).

Кәсіпорындардың, мекемелердің, ұйымдардың лауазымды тұлғаларының банктерге және басқа да кредиттік ұйымдарға берілетін белгіленген нысандағы карточкаларға қол қою үлгілерін куәландырған кезде нотариус осы адамдардың қолдарының түпнұсқалылығын ғана емес, сондай-ақ осы заңды тұлғалардың құрылтай құжаттарына және өзге де құжаттарына сәйкес қол қою құқығын тексереді.

Лауазымды тұлғалардың өкілеттіктерін анықтау үшін нотариусқа мынандай құжаттар ұсынылуы тиіс:

Лауазымды тұлғаның тағайындалғандығы туралы бұйрық немесе оның сайланғандығы туралы хаттама, заңды тұлғаның құрылтай құжаттары (жарғы, құрылтай құру туралы келісім-шарт), лауазымды тұлғаға берілген өкілеттіктер көрсетілген сенімхат. Карточкада аталған заңды тұлғаның мөрінің үлгісі болуы тиіс.

**Аударымның дұрыстығын куәландыру.** Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңының 80-бабына сәйкес егер нотариус тиісті тілдерді білетін болса, бір тілден екінші тілге аударылған аударымның дұрыстығын куәландырады.

Егер нотариус тиісті тілдерді білмейтін болса, аударманы аудармашы жасап, қойған қолының түпнұсқалығын нотариус куәландырады.

Бұл ретте нотариус, аудармашының жеке басын анықтайды.

Аудармашының өкілеттілігі мына құжаттардың бірімен расталады: жоғары білімі туралы дипломы, жоғары білімі туралы дипломға қосымшасы, аудармашы біліктілігін растайтын сертификаты, еңбек шарты, аудармашы қызметіне қабылданғаны туралы бұйрығы.

Егер аударманың дұрыстығын куәландыру үшін шетел мемлекетінің ресми мекемелері берген құжат ұсынылса, мұндай нотариаттық әрекет құжатта оның заңдастырылғаны немесе апостиль қойылғаны туралы белгісі болған жағдайда ғана жүзеге асырылады.

Егер нотариаттық әрекет жасау кезінде (мәмілені куәландыру, көшірменің дұрыстығын куәландыру) бір мезгілде басқа тілге аудару да жүзеге асырылса, онда аударма түпнұсқамен бір бетте жазылады, түпнұсқа сол жақта, аударма оң жақта тұратындай етіп тік сызықпен сызылған бір бетте аударма түпнұсқамен бірге, екі мәтін қатар орналастырылады немесе жеке параққа тігіледі. Аударма аударылатын құжаттың бүкіл мәтінінен жасалуға (соның ішінде куәландыру жазуы, құжатты заңдастыру туралы жазба және т.б.) және қойылған қолдармен аяқталуға тиіс. Аударма астына аудармашының қолы қойылады. Куәландыру жазбасы құжат мәтінінің және оның аудармасының астына жазылады.

Газет басылымдарының, кітаптардың, мақалалардың, монографиялардың, Қазақстан Республикасының заңдары мен заңға тәуелді актілерінің аудармаларымен нотариаттық іс-әрекеттер жасау авторлық құқықтар сақтала отырып және заңмен белгіленген тәртіппен жүргізіледі.

Аударма аударылған құжаттың түпнұсқалы данасына, ол мүмкін болмаған жағдайда оның көшірмесіне қоса тігіледі.

Түпнұсқадан бөлек мәтінде орналастырылған аударма түпнұсқа құжатқа бекітіледі, нөмірленеді, бауланады, нотариустың қолымен және оның мөрімен бекітіледі.



**Даусыз фактілерді куәландыру.** Қазақстан Республикасының Нотариат туралы заңына сәйкес, нотариус азаматтың тірі екендігі, азаматтың белгілі бір жерде екені туралы куәлік береді және осы Заңның 81, 82, 83-баптарына сәйкес құжатты ұсынған уақытын жазбаша өтінішінің негізінде куәландырады.

Кәмелетке толмаған азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру оның заңды өкілдерінің (ата-аналарының, асырап алушыларының, қорғаншыларының, қамқоршыларының), сондай-ақ кәмелетке толмаған азаматты қорғаншылыққа алған мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша жүргізіледі. Мүдделі адамдарға аталған фактіні растап куәлік беріледі.

Кәмелетке толмаған азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру, оның заңды өкілдерінің (ата-аналарының, асырап алушыларының, қорғаншыларының, қамқоршыларының), сондай-ақ кәмелетке толмаған азаматты қорғаншылыққа алған мекемелер мен ұйымдардың өтініші бойынша жүргізіледі. Мүдделі адамдарға аталған фактіні растап куәлік беріледі.

Нотариус өзіне құжаттың көрсетілген уақытын куәландырады. Бұл туралы куәландыру жазбасы құжатқа оны көрсеткен адамның тегі, аты, әкесінің аты көрсетіле отырып жазылады.

**Ақшаны депозитке қабылдау.** Заңнамада көзделген жағдайларда нотариус ақшаларды борышкерден депозит жағдайында, ал бағалы қағаздарды нотариустың атына сақтау жағдайында қабылдайды. Ақшаларды депозит жағдайында енгізу немесе бағалы қағаздарды нотариустың атына сақтау міндеттемені орындау болып табылады. Нотариус ақша түскені туралы кредиторға хабарлайды және оның талабы бойынша оған тиесілі ақшаны береді.

Нотариус ақшаны борышкердің өтінішінің негізінде депозит жағдайында қабылдайды, қолының түпнұсқалылығы нотариаттық куәландырылады. Нотариустың депозит жағдайында борышкерден тиесілі ақшаны қабылдауы туралы борышкердің өтініші кіріс құжаттарын тіркеу журналында ол түскен күні тіркеледі. Нотариус ақшаны депозит жағдайында қабылдай отыра, жарна негізін, яғни кредитордың құқықтары және борышкердің міндеттері туындау негізін тексереді. Міндеттемелерді растайтын құжаттың көшірмесі нотариустың істерінде қалады.

Нақты депозиттік операциялардың құжаттарымен бірге нотариустың депозиттік жағдайда ақшаны қабылдауымен байланысты барлық құжаттар, депозиттік жағдайда ақшаны енгізу үшін негіздердің, нотаруска өтініш жасаушы тұлғаның депозитке қарызды енгізумен міндеттемені орындау

құқығының, нотариустың депозиттік шотына ақша қаражатын аудару туралы банк құжатының болуын растайтын құжаттар қоса орналастырылады.

Нотариус ақшаның депозиттік жағдайда қабылданғаны туралы кредиторға тапсырысты хатпен хабарлама жібереді. Хабарламаны табыстағаны туралы хабарлама нақты депозиттік операцияларда сақталады. Хабарламаны жөнелткені үшін шығысты борышкер көтереді.

Егер борышкер кредитордың мекен-жайын және/немесе орналасқан жерін көрсетпесе немесе көрсетілген мекен-жайда кредитор болмаса, нотариус борышкерге, кредиторға ақша жарнасы туралы хабарлау борышкердің міндеті болып табылатындығы туралы жазбаша ескертеді.

Ақшаны депозиттік жағдайда қабылдауды нотариус кредитор - жеке тұлға үшін міндеттеме туындаған сәтте оның орналасқан жері, ал кредитор - заңды тұлға үшін оның мемлекеттік тіркелген орны бойынша ақша міндеттемесін орындау орны бойынша жүргізеді.

Нотариус банкте ағымды шот ашады. Шоттың ашылу және қызмет көрсету шығындарын нотариусқа жүгінген борышкер төлейді.

Борышкерден ақша қабылдағаннан кейін нотариус борышкерге ақша қабылдағаны туралы акті береді, онда:

- 1) күні;
- 2) нотариустың тегі, аты, әкесінің аты (егер бар болса), лицензияның нөмірі және күні, ақшаны қабылдаған мемлекеттік нотариаттық кеңсенің атауы;
- 3) борышкер мен кредитордың тегі, аты және әкесінің аты (егер бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, туған жылы және тұратын жері;
- 4) соның негізінде міндеттеме пайда болған құжаттың атауы;
- 5) қабылданған ақшаның сомасы (банкте берілген құжат негізінде көрсетіледі);
- 6) тізілім нөмірі, нотариусқа төленген сомасы, нотариустың мөрі және қолы көрсетіледі.

Депозиттегі ақша депоненттің өтініші бойынша беріледі, қолдың түпнұсқалылығы нотариаттық түрде куәландырылады. Заңды тұлғаларға ақша қолма-қол ақшасыз тәсілмен олардың шотына аударылады. Жеке тұлғаларға ақшалар қолма-қол ақшамен немесе қолма-қол ақшасыз тәсілмен беріледі.

Нотариус нотариус депозитіне салынған ақшаны борышкерге қайтаруға келісімі туралы өтінішіндегі тұлғаның қолының түпнұсқалылығын куәландырады.

**Құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау.** Нотариус Нотариат туралы Заңның 93-бабына сәйкес құжаттар мен бағалы қағаздарды жазбаша өтініш негізінде сақтауға қабылдайды.

Нотариустар сақтауға тапсырылатын құжаттар мен бағалы қағаздарды олардың мазмұнына, сондай-ақ белгілі адамға (адамдарға) тиесілігіне қарамастан қабылдайды. Куәліктің данасы нотариустың істерінде сақталады.

Сақтауға қабылданған құжаттар және бағалы қағаздар оларды сақтауға тапсырған адамға немесе заңды түрде уәкілетті адамға куәлікті және олардың тізімін көрсеткенде не соттың шешімі бойынша қайтарылып беріледі.

Құжаттарды немесе бағалы қағаздарды сақтауға тапсырған адам қайтыс болған жағдайда құжаттар немесе бағалы қағаздар мұраға құқық туралы куәліктің негізінде мұрагерлерге беріледі.

**Теңіз наразылықтарын жасау.** Теңіз наразылықтарын жасау – сотта іс қозғалған жағдайда дәлелдемелерді қамтамасыз етудің бір тәсілі болып табылады.

Нотариус кемеңіз жүзу немесе тоқтау кезеңінде орын алған оқиғалар туралы кеме капитанының мәлімдемесін кеме иесінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін дәлелдемелерді қамтамасыз ету мақсатында қабылдайды, бұл мәлімдеме кеме иесіне мүліктік талап қоюға негіз болуы мүмкін.

Теңіз наразылығы туралы мәлімдемеде оқиғаның мән-жайы мен өзіне сеніп тапсырылған мүліктің сақталуын қамтамасыз ету үшін капитанның қолданған шаралары көрініс табуға тиіс.

Теңіз наразылығы туралы мәлімдемеде баяндалған мән-жайды растау ретінде кеме капитаны сауда мақсатында теңізде жүзуді реттейтін заңнамаға сәйкес нотариусқа қарап шығу үшін кеме журналын және кеме журналынан капитан куәландырған үзіндіні мәлімдемемен бір мезгілде не портқа кірген кезден немесе, егер оқиға портта орын алса, ол болған кезден бастап күнтізбелік жеті күннен кешіктірмей ұсынуға міндетті.

Теңіз саудасын реттейтін заңдарға сәйкес теңіз наразылығы туралы мәлімдеме кеме портқа кірген кезден бастап жиырма төрт сағаттың ішінде беріледі.

Егер теңіз наразылығын мәлімдеудің қажеттігін туғызған оқиға портта болса, наразылық оқиға болған сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде мәлімделуге тиіс.

Белгіленген мерзім ішінде наразылықты мәлімдеу мүмкін болмаған жағдайда, оның себептері теңіз наразылығы туралы мәлімдемеде көрсетілуге тиіс.

Нотариус капитан мәлімдемесінің, кеме журналы деректерінің, сондай-ақ капитанның өзін және мүмкіндігінше кеме командасының құрамынан ең кемі екі күні және кеме командасынан екі күні сұрау негізінде теңіз наразылығы туралы акт жасайды, оған өзінің қолын қойып, мөрмен куәландырады. Теңіз наразылығы туралы актінің бір данасы капитанға немесе уәкілетті адамға беріледі.

## **VIII. АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБАЛАРДЫ ЖАСАУ**

Қазақстан Республикасының Нотариат туралы Заңының 14-1 тарауына сәйкес нотариусқа атқарушылық жазбаларды жасау өкілеттігі берілген.

Атқарушылық жазба дегеніміз - өндіріп алушыға тиесілі белгілі бір ақша сомасын борышкерден өндіріп алу немесе жылжымалы мүлікті талап ету туралы нотариустың өкімі.

Атқарушылық жазбалар негізінде берешекті өндіріп алу даусыз тәртіппен жүргізілетін талаптар тізбесі Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексі 135-бабының 1), 2), 3), 4), 10), 11) және 17) тармақшаларында белгіленген.

Атқарушылық жазбаны:

егер ұсынылған құжаттар берешектің даусыздығын немесе борышкердің өндіріп алушы алдындағы өзге де жауапкершілігін растаса;

егер талап қоюға (өтінішке) құқық туындаған күннен бастап үш жылдан аспаса, нотариус жасайды.

Атқарушылық жазба берілетін талап үшін Қазақстан Республикасының заңнамасында өзге ескіру мерзімі белгіленген жағдайда, атқарушылық жазба осы мерзім шегінде беріледі.

Атқарушылық жазба, егер заңнамада өзге мерзімдер белгіленбесе, ол жасалған күннен бастап үш жыл ішінде мәжбүрлеп орындатуға ұсынылады. Атқарушылық жазбаны ұсыну үшін өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру Қазақстан Республикасының азаматтық процестік заңнамасына сәйкес жүргізіледі.

Борышкерден ақша сомасын өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін өндіріп алушы нотариусқа өндіріп алушы мен борышкердің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде), олардың ЖСН мен тұрғылықты жерін қамтитын атқарушылық жазбаны жасау туралы өтініш (бұдан әрі - өтініш) береді.

Егер өндіріп алушы және/немесе борышкер заңды тұлға болса, өтініште заңды тұлғаның толық атауы, оның БСН, орналасқан жерінің мекенжайы, банк деректемелері көрсетіледі, сондай-ақ бірінші басшының немесе оның өкілінің қол қоюға және өтінішті беруге өкілеттігі расталады.

Өтініште өндіріп алушы атқарушылық жазбаны жасау кезінде борышкермен міндеттемелерді орындау және берешекті өтемеу туралы сот дауының болмауы туралы мәліметтерді де көрсетеді.

Жеке тұлғаның өтінішінде қойылған қолдың төлнұсқалығын нотариат куәландырады. Заңды тұлға атынан берілетін өтінішке бірінші басшы мен бас бухгалтер (ол болған кезде) қол қояды, заңды тұлғаның мөрімен расталады.

Егер заңды тұлға (шағын кәсіпкерлік субъектісі) мөрсіз жұмыс істесе, өтініш беруші қойған қолдың төлнұсқалығын нотариат куәландырады.

Жеке тұлғалар, заңды тұлғалар және олардың басшылары туралы мәліметтерді нотариус БНАЖ арқылы салыстырып тексереді.

Өтініш кіріс құжаттарын тіркеу журналында тіркеледі.

Өндіріп алушы өтінішті өндіріп алушы мен борышкердің орналасқан жеріне және жазба бойынша атқару орнына қарамастан, кез келген нотариусқа беруге құқылы.

Өтінішті берген кезде өндіріп алушы атқарушылық жазба жасау үшін негіз болған құжаттарды, сондай-ақ берешек есебін ұсынады. Заңды тұлға атынан ұсынылатын берешек есебіне бірінші басшы мен бас бухгалтер қол қояды.

Ұсынылған құжаттар негізінде нотариус борышкердің өндіріп алушы алдындағы берешегінің немесе өзге де жауапкершілігінің даусыздығын, берешек мөлшерін, мәлімделген талап ету бойынша мерзімнің өтуін тексереді.

**Атқарушылық жазба мынадай құжаттарды:**

1) **нотариат куәландырған мәмілеге негізделген міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алуға атқарушылық жазбаны жасау үшін:** нотариат куәландырған шарттың (келісімнің) төлнұсқа данасы не оның төлнұсқасы (ақшаны қарызға алу шартын қоспағанда);

2) **орындау мерзімі басталған және міндеттемені орындамау борышкер деп танылатын, оның ішінде дауды сотқа дейін реттеу тәртібімен өндіріп алушыға жіберілген наразылыққа жауап ретінде, жазбаша мәмілеге негізделген міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алуға атқарушылық жазбаны жасау үшін:**

төлнұсқа шарттар (сатып алу-сату, жеткізу, мердігерлік, тасымалдау, қызметтерді өтеулі көрсету, сақтау және т.б.);

шарттар бойынша (тауарға ілеспе құжаттар, тауар-көліктік жүкқұжат, тауар жүкқұжаты, жүк жүкқұжаты, коносамент немесе өзге де құжат) берешекті төлеу жөніндегі борышкердің міндеті туындағанын растайтын құжаттар, екі тарап та қол қойған мүлікті (тауарды) беру туралы құжатты (қабылдау-тапсыру туралы акт, мүлікті (тауарды) беру туралы акт, мүлікті (тауарды) саны мен сапасы бойынша қабылдау туралы акт), екі тарап қол қойған атқарылған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) қабылдауды

куәландыратын құжат (атқарылған жұмыстарды (көрсетілген қызметтерді) қабылдау және басқалар), заказ-наряд, шот-фактура және т.б.;

борышкердің берешек сомасын жазбаша мойындағанын растайтын құжаттар, (өсімақылар) (өндіріп алушы мен борышкер қол қойған және мөрмен (ол болған кезде) расталған есептерді салыстырып тексеру актісі), борышкер ақша қаражатын төлеу бойынша міндеттемені мойындайтын наразылыққа жауап, акцептелген төлем талабы немесе заңнаманың талаптарына сәйкес ресімделген және уәкілетті адам қол қойған өзге де құжат;

**3) нотариус жасаған төленбеген төлем, акцептелмеген және сауалнамаға күн қоймау векселінің наразылығына негізделген міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алуға атқарушылық жазбаны жасау үшін:** төлнұсқа вексель және нотариус жасаған төленбеген төлем, акцептелмеген және акцептке қол қойылмаған құжаттар;

**4) әке (ана) болуды белгілеуге немесе үшінші тұлғаларды тарту қажеттігімен байланысты емес, кәмелетке толмаған балаларды күтіп-ұстауға алименттерді өндіріп алу туралы міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алуға атқарушылық жазба жасау үшін:** алименттерді төлеу туралы нотариат куәландырған келісім;

**5) қосымша шығыстарды өндіріп алу туралы талаптарды қоспағанда, «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңында бекітілген кондоминиум объектілерінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға міндетті шығыстарға қатысуға жалтаратын, үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелерінен берешекті өндіріп алу туралы міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алуға атқарушылық жазба жасау үшін:**

қызмет көрсетуге шарттың куәландырылған көшірмесі (егер өндіріп алушы басқарушы компания болса);

тарифтерді белгілеу, өсімақы белгілеу (хаттама, үй-жайлар (пәтерлер) меншік иелері кооперативінің жалпы жиналысы шешімінен үзінді көшірме) туралы құжаттардың көшірмесі, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу, осындай төлемді уақытында және/немесе толық көлемде төлемегені үшін өсімақы бойынша берешек сомасының (өндіріп алушы куәландырған, берешек сомасының есебі бар дербес шоттың көшірмесі немесе өндіріп алушы куәландырған дербес шоттан үзінді көшірме) есебі туралы құжат ұсынылғанда жасалады. Құжат берешекті төлеу мерзімі туралы, төлем енгізу бойынша міндеттің туындаған күні туралы мәліметті және борышкерге жіберілген берешек сомасы және оны өтеу мерзімдері туралы жазбаша хабарламаны (хабарлауды) қамтиды.

**б) нақты тұтынылған көрсетілетін қызметтер (электр, газ, жылу, сумен жабдықтау және басқалар) үшін жария шарттар, сондай-ақ белгіленген тарифтерге сәйкес төлеу мерзімі басталған көрсетілетін қызметтер үшін өзге шарттар негізінде берешекті өндіріп алу туралы міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алуға атқарушылық жазбаны жасау үшін:**

өндіріп алушы куәландырған шарт көшірмесі, көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу бойынша берешек сомасының есебі (өндіріп алушы куәландырған, берешек сомасының есебі бар дербес шоттың көшірмесі немесе өндіріп алушы куәландырған, дербес шоттан үзінді көшірме) туралы құжат ұсынылғанда жасалады.

Құжат берешекті төлеу мерзімі туралы, төлем енгізу бойынша міндеттің туындаған күні туралы мәліметті және борышкерге жіберілген берешек сомасы және оны өтеу мерзімдері туралы жазбаша хабарламаны (хабарлау) қамтиды.

**7) жалға беру шартында белгіленген мерзімде төлемдерді төлемеуіне орай жалға беру төлемдерін өндіріп алу туралы міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алуға атқарушылық жазбаны жасау үшін:** жалға беру шарты, берешекті өтеу туралы наразылық ұсынылғанда жасалады.

Борышкерден ақша сомасын өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету үшін нотариус берешекті белгілейтін төлнұсқа құжатта атқарушылық жазбаны жасайды. Егер атқарушылық жазба құжатқа сыймаса, ол құжатқа қоса берілген парақта жазылады.

Егер берешекті өндіріп алу бөлек-бөлек жүргізілсе, онда борышкердің міндеттемесін растайтын құжатта өндіріліп алуға жататын сома, өндіріп алу жүргізілетін кезең, нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімінде тіркелген атқарушылық жазбаның күні мен нөмірі көрсетіле отырып, атқарушылық жазбаның жасалғаны туралы белгі қойылады. Атқарушылық жазбаның жасалғаны туралы белгі нотариустың қолымен куәландырылады және оның мөрімен расталады.

Егер белгі құжатқа сыймаса, ол құжатқа қоса берілген парақта жазылады.

Осы борыштық міндеттеме бойынша берешекті өндіріп алу бөлек-бөлек жүргізілген жағдайларды қоспағанда, әрбір борыштық міндеттеме бойынша бір атқарушылық жазба жасалады.

#### **Атқарушылық жазбада:**

1) атқарушылық жазбаны жасаған нотариустың тегі және аты-жөні;



2) өндіріп алушының атауы, оның туған күні, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

3) борышкердің атауы, оның туған күні, тұрғылықты жері немесе орналасқан жері, жеке сәйкестендіру нөмірі (егер ол өтініш берушіге белгілі болса), заңды тұлғаның деректемелері, бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

4) өндіріп алу жүргізіліп отырған мерзімнің көрсетілуі;

5) өндіріліп алуға жататын соманың немесе талап етілуге жататын заттардың, оның ішінде, егер өсімақы, пайыздар тиесілі болса, олардың көрсетілуі;

6) өндіріп алушы төлеген мемлекеттік баж сомасының немесе жекеше нотариустың нотариаттық іс-әрекеттеріне төленген соманың көрсетілуі;

7) атқарушылық жазба жасалған күн (жыл, ай, күн);

8) атқарушылық жазбаның тізілімде тіркелген нөмірі;

9) атқарушылық жазбаны жасаған нотариустың қолтаңбасы мен мөрінің бедері қамтылады.

Атқарушылық жазбаны жасағаннан кейін нотариус келесі жұмыс күнінен кешіктірмей табыс ету туралы хабарламамен бірге борышкерге оның көшірмесін жібереді. Ілеспе хат шығыс құжаттарын тіркеу журналында тіркеледі. Жеткізу бойынша шығыстарды өндіріп алушы өз бетінше төлейді.

Борышкерге хатты табыс еткен күннен бастап (күн хабарламада көрсетіледі) он жұмыс күні өткен соң және борышкер тарапынан қойылған талаптарға қарсылық туралы жазбаша өтініш болмаған кезде, нотариус өндіріп алушыға атқарушылық жазбаны борышкердің тұрғылықты жері немесе орналасқан жері бойынша сот орындаушысына орындауға ұсыну үшін береді.

Егер борышкерден он жұмыс күні ішінде өзіне қойылған талапқа жазбаша қарсылық келіп түссе, нотариус қарсылық келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей, атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы шығарады.

Борышкердің қарсылығы нотариусқа жеке беріледі не хабарламамен жіберіледі және кіріс құжаттарын тіркеу журналында тіркеледі.

Жеке тұлғаның өтінішінде қойылған қолдың төлнұсқалығын нотариат куәландырады.

Заңды тұлға атынан берілетін өтінішке бірінші басшы мен бас бухгалтер (ол болған кезде) қол қояды, заңды тұлғаның мөрімен расталады. Егер заңды тұлға (шағын кәсіпкерлік субъектісі) мөрсіз жұмыс істесе, өтініш беруші қойған қолдың төлнұсқалығын нотариат куәландырады.

**Атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулыда:**

- 1) қаулы шығарылған күні мен жері;
- 2) қаулы шығарған нотариус туралы мәліметтер;
- 3) өзіне қойылған талапқа қарсы қарсылық білдірген борышкер өтініш беруші туралы мәліметтер;
- 4) күші жойылатын атқарушылық жазба туралы мәліметтер (кім және қашан жасады, борышкер мен өндіріп алушы туралы мәліметтер, өндіріліп алуға жататын сома және талаптар негізі);
- 5) атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулы шығарған нотариустың қолы мен мөр бедерін қамтылады.

Атқарушылық жазбаның күшін жою туралы қаулының көшірмелері ол шығарылған күннен кейін келесі жұмыс күнінен кешіктірмей өндіріп алушыға және борышкерге жіберіледі.

Атқарушылық жазбаны жасағаны үшін ақыны жекеше нотариус «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы 2-тармағына және 30-1-бабы 22-1) тармақшасына сәйкес алады.

Мемлекеттік бажды және/немесе құқықтық және техникалық сипаттағы көрсетілетін қызметтерге ақы төлеуден босатылған өндіріп алушы атқарушылық жазбаны жасау үшін жүгінген кезде оларды төлеу бойынша міндет борышкерге жүктеледі.

Атқарушылық жазбаның күші жойылған кезде нотариусқа оны жасау үшін төленген сома қайтарылуға жатпайды.

Нотариустың істерінде берешекті белгілейтін құжаттың көшірмесі оған жасалған атқарушылық жазбасымен бірге қалады.

Егер атқарушылық жазбаны жасау үшін берешекті белгілейтін құжаттан басқа, берешекті өндіріп алу даусыз тәртіппен жүргізілетін басқа да құжаттарды ұсыну қажет болса, онда олар атқарушылық жазбаға тігілмейді, нотариустың істерінде қалады.

## ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ

### **1. НОТАРИАТ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК, НОТАРИАТТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ.**

1. Нотариат және нотариаттық іс-әрекеттерді жасайтын органдар мен лауазымды адамдар туралы түсінік.
2. Нотариаттық қызметтің құқықтық негіздері.
3. Қазақстан Республикасында нотариаттың дамып-қалыптасу тарихы.
4. Нотариаттық қызметтің кепілдіктері, қағидаттары және нотариаттық қызметтегі шектеулер.
5. Нотариустың құқықтық мәртебесі: құқығы, міндеті және жауапкершілігі.
6. Нотариалдық қауымдастық органдары.

#### **Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 10.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).
2. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы №531 Заңы// «Егемен Қазақстан» 2004 жылғы 12 наурыз №57-58; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004ж., №5, 24-құжат.
3. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.
4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ//«Егемен Қазақстан» 09.07.2014ж. №132 (28356); Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014ж., №13-1, 83-құжат.
5. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.
6. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 26 мамырдағы №269-273 (27347).
7. «Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустар куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының

нысанын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы №104 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 27.04.2017ж., №81 (29062).

8. «Тағылымдамадан өткен адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы №56 Бұйрығы//«Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесі 05.03.2015ж.

9. «Нотариустың үй-жайы талаптарын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №29 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жыл 26 мамырдағы №269-273 (27347).

10. Концепция развития нотариата в Республике Казахстан на период с 2015 до 2020 года Утверждена XI, внеочередным, Съездом представителей территориальных нотариальных палат 3 апреля 2015 года//adilet.gov.kz.

11. Бурибаев Е.А. Нотариат и нотариальная деятельность в Республике Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2014. – 304 с.

12. Елекеев И. Становление и перспективы развития нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. – 2002. - №5.- С.4-7.

13. Елекеев И. Этапы развития частного нотариата в Республике Казахстан и его стратегические ориентиры//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №6. - С.7-9.

14. Жанабилова А. Особенности развития независимого нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №5. С.8-10.

15. Жылысбаева М. Из истории нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №2. - С.31-32.

16. Елегенова Н. Перспективы развития нотариальных палат, как профессионального сообщества нотариусов//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №5. - С.22-24.

## **2. НОТАРИУСТАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ БАҚЫЛАУ ЖАСАУ. НОТАРИАЛДЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ.**

1. Нотариустардың қызметін бақылаудың нысандары. Кейбір бақылау түрлерін жүзеге асырудың тәртібі.

2. Нотариустардың қызметін қаржылық қамтамасыз ету.

3. Жекеше практикамен айналысатын нотариустың қызметін сақтандыру.

4. Мемлекеттік баж және нотариалдық тарифті төлеудің жалпы шарттары.

5. Нотариалдық тарифті төлеуден бостаудың негіздері. Мемлекеттік баж және нотариалдық тарифтерді төлеу кезіндегі жеңілдіктер.

**Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 10.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).

2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.

3. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ//«Егемен Қазақстан» 09.07.2014ж. №132 (28356); Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014ж., №13-1, 83-құжат.

4. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.

5. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процесік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.

6. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., №21, 98 құжат.

7. Нотариустың ар-намыс кодексі. (аумақтық палаталар өкілдерінің 27.04.2012 жылы өткен Съезд шешімімен енгізілген өзгерістермен). Жеке тәжірибемен айналысушы нотариустардың Республикалық Съезімен 2001 жылдың 16 ақпанында бектілген//adilet.gov.kz.

8. Положение о системе повышения профессиональной квалификации нотариусов в республике. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 27 января 2017 года//adilet.gov.kz.

9. Положение о Центре повышения квалификации нотариусов при Республиканской нотариальной палате. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 2014 года//adilet.gov.kz.

10. Хамзина Ж.А., Бурибаев Е.А. «Организация нотариата и нотариальной деятельности: опыт государств-участников организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР)»: Монография. – М: «БИБЛИО-ГЛОБУС», 2016. - 428с.

11. Дербисалинов А. История создания и развития частного нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. - 2002г. - №4. – С.32-35.

12. Дербисалинов А. Нотариальные палаты - законные представители интересов частного нотариата Казахстана//Бюллетень нотариуса. - 2002г.- №5. - С.21-30.

13. Жапакова С. Взаимодействие управление юстиции с нотариатом// Бюллетень нотариуса. - 2001.- №4. – С.24.

### **3. НОТАРИАТТЫҚ ӨНДІРІСТІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ.**

1. Нотариустардың және нотариаттық іс-әрекет жасауға уәкілеттік берілген тұлғалардың пәндік, аумақтық өкілеттіктері.

2. Нотариаттық іс-әрекеттердің түсінігі және белгілері. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудың ережесі.

3. Нотариаттық өндірістің түсінігі және сатылары.

4. Нотариаттық іс жүргізудің тәртібі. Нотариаттық құжаттардың және куәландыру жазбаларының нысаны.

#### **Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 10.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).

2. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процестік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.

3. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.

4. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 26 мамырдағы №269-273 (27347).

5. Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустар куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысанын бекіту туралы ҚР Әділет министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы бұйрығы// «Егемен Қазақстан» 27.04.2017ж., №81 (28460).

6. Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в Республике Казахстан. Учебное пособие. - Костанай, 2001. – 258с.

7. Карагусов У.Е. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О нотариате». - Астана: ТОО Издательский дом Сарыарка, 2007.

8. Основные положения делопроизводства в нотариальной деятельности РК / Сост. Л.К. Бакунина. - Костанай: Гамма. – 2006.

#### **4. НОТАРИАТТЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕРДІ ЖАСАУДЫҢ ТӘРТІБІ.**

1. Мәмілелерді куәландырудың жалпы шарттары.
2. Суррогат ана болу шартын куәландыру.
3. Рента шартын куәландыру.
4. Жылжымайтын мүлікті иеліктен айыру туралы шарттарды куәландыру.

#### **Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім), № 409//«Егемен Қазақстан», 1999 жыл. 17 шілде №150-157.

3. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексі//«Егемен Қазақстан», 2003 жылғы 26 маусым №156-159.

4. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.

5. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі №310 Заңы//«Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 9 тамыз, №237-238.

6. Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы №2723 Заңы//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).

7. Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустар куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысанын бекіту туралы ҚР Әділет министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы бұйрығы// «Егемен Қазақстан», 27.04.2017ж., №81 (28460).

8. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІV Кодексі//«Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 7 қаңтардағы №5-8 (27079).

9. Методические рекомендации по отчуждению доли в уставном капитале товариществ с ограниченной ответственностью. Утверждено решением Республиканской нотариальной палаты 28 октября 2016 года//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).

10. О порядке выдачи свидетельств о праве собственности на долю в общем имуществе супругов. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 27 июня 2014 года//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).

11. Бурибаев Е.А. Конституционно-правовые основы нотариата Республики Казахстан: проблемы теории и практики: Монография. – Астана, 2010. – 258с.

12. Карагусов У.Е. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О нотариате». - Астана: ТОО Издательский дом Сарыарка, 2007.

13. Жапакова С. Взаимодействие управление юстиции с нотариатом// Бюллетень нотариуса. - 2001.- №4. – С.24.

## **5. АЗАМАТТЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ НОТАРИАТТЫҢ РӨЛІ.**

1. Сенімхаттарды куәландырудың тәртібі.
2. Өсиетті куәландырудың тәртібі. Өсиеттің құпиялылығы.
3. Өсиеттің күшін жою және оны өзгертудің тәртібі.
4. Мұрагерлік құқықтарды нотариалдық рәсімдеу.

### **Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім), № 409//«Егемен Қазақстан», 1999 жыл. 17 шілде №150-157.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процесілік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.

4. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.

5. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 26 мамырдағы №269-273 (27347).

6. Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы №2723 Заңы//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).

7. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі №310 Заңы//«Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 9 тамыз, №237-238.



8. Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы №5 Нормативтік қаулысы//«Егемен Қазақстан» 2009 жылғы 8 тамыз, №262 (25659).

9. Рекомендации по удостоверению доверенностей. Республиканская нотариальная палата//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).

10. Методические рекомендации по оказанию практической помощи нотариусам в решении отдельных вопросов, связанных с наследованием. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 20 августа 2016 года//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).

11. Рекомендации по определению обязательной доли в наследстве. Республиканская нотариальная палата//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).

12. Идрышева С.Қ. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Жеті Жарғы». – 2013. - 183б.

13. Макаренко О.Н. Нотариат в вопросах и ответах. – Ростов на Дону: «Феникс», 2002. – 196с.

## **6. ОТБАСЫЛЫҚ ҚҰҚЫҚТАРДЫ РЕТТЕУДЕГІ НОТАРИАТТЫҢ РӨЛІ.**

1. Ерлі-зайыптылардың ортақ мүліктегі үлеске меншік құқығы туралы куәліктер берудің тәртібі мен шарттары.

2. Неке шарты және оны куәландырудың тәртібі.

3. Алимент төлеу туралы келісімді куәландыру.

### **Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім), № 409//«Егемен Қазақстан», 1999 жыл. 17 шілде №150-157.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процестік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.

4. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.

5. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі//«Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 7 қаңтардағы №5-8 (27079).

6. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі №310 Заңы//«Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 9 тамыз, №237-238.

7. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 26 мамырдағы №269-273 (27347).

8. Методические рекомендации по удостоверению брачного договора. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 28 октября 2016 года//adilet.gov.kz.

9. Методические рекомендации по удостоверению об уплате алиментов. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 20 августа 2016 года//adilet.gov.kz.

10. Урисбаева А. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті». – 2011. – 110б.

11. Идрышева С.Қ. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Жеті Жарғы». - 2013. – 183б.

## **7. ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ НОТАРИАТТЫҢ РӨЛІ.**

1. Құжаттар көшірмесінің және олардың үзінділерінің дұрыстығын куәландыру.

2. Құжаттағы қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландыру.

3. Аударымның дұрыстығын куәландыру.

4. Фактілерді куәландыру: негізі және тәртібі.

5. Теңіз наразылықтарын жасау.

6. Құжаттар мен бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау.

7. Ақшаны депозитке қабылдау.

8. Сотта немесе басқа құзыретті органда іс туындаған жағдайда дәлелдемелерді қамтамасыз ету.

### **Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.

2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім), № 409//«Егемен Қазақстан», 1999 жыл. 17 шілде №150-157.

3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процестік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.

4. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.

5. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі//«Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 7 қаңтардағы №5-8 (27079).

6. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі №310 Заңы//«Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 9 тамыз, №237-238.

7. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 26 мамырдағы №269-273 (27347).

8. Методические рекомендации для нотариусов Республики Казахстан по свидетельствованию верности копий документов и выписок из них, а также свидетельствованию подлинности подписи на заявлениях. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 26 апреля 2013 года//adilet.gov.kz.

9. Кузнецова Е. «Особенности совершения нотариального действия «Принятие в депозит денежных сумм и ценных бумаг// Бюллетень нотариуса. - 2004г. - №3. – С. 14-22.

10. Идрышева С.Қ. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Жеті Жарғы». – 2013. - 183б.

11. Урисбаева А. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті». – 2011. – 110б.

## **8. АТҚАРУШЫЛЫҚ ЖАЗБАЛАРДЫ ЖАСАУ.**

1. Атқарушылық жазбаны жасаудың шарттары.
2. Атқарушылық жазбаның мазмұны.
3. Атқарушылық жазба бойынша өндіріп алу тәртібі.

## **Қайнар көздер:**

1. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.
2. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім), № 409//«Егемен Қазақстан», 1999 жыл. 17 шілде №150-157.
3. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процесілік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.
4. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.
5. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесін бекіту туралы ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 26 мамырдағы №269-273 (27347).
6. Методические рекомендации по совершению исполнительной надписи. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 9 марта 2016 года//[adilet.gov.kz](http://adilet.gov.kz).
7. Асаинова Л. Обобщение результатов совещания, проведенного в рамках пилотного проекта по расширению практики применения исполнительной надписи нотариусами в Бостандыкском районном суде города Алматы//Бюллетень нотариуса. - 2017г. - №5. – С. 20-23.
8. Бурибаев Е.А. Об исполнительной надписи нотариуса//[zakon.kz](http://zakon.kz).
9. Каракузиева С.О. Исполнительная надпись. Упрощенное производство и примирительные процедуры// [zakon.kz](http://zakon.kz).
10. Идрышева С.Қ. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Жеті Жарғы». - 2013. – 183б.

## АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР:

1. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының Заңына жалпы сипаттама.
2. Нотариат қызметінің ұйымдық және құқықтық негіздері.
3. Қазақстан Республикасындағы нотариат: түсінігі, мақсаты, міндеттері.
  4. Нотариат туралы заңдар.
  5. Нотариаттық қызмет.
  6. Нотариаттық қызметтің кепілдіктері.
  7. Нотариаттық іс жүргізу.
  8. Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйе.
  9. Нотариаттық іс жүргізілетін тіл.
  10. Нотариустың құқықтық жағдайы.
  11. Қазақстан Республикасындағы нотариус .
  12. Нотариустың көмекшілері.
  13. Нотариустың тағылымдамадан өтушілері.
  14. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы.
    15. Аттестаттауды өткізу тәртібі мен шарттары.
    16. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия.
    17. Нотариус лицензиясын беруден бас тарту.
    18. Нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру.
    19. Нотариусты лицензиясынан айыру.
    20. Нотариус лицензиясының күшін тоқтату.
    21. Мемлекеттік нотариус.
    22. Мемлекеттік нотариат кеңсесі.
    23. Жеке практикамен айналысатын нотариус.
    24. Жекеше нотариустың қызметін сақтандыру.
    25. Нотариустың құқықтары.
    26. Нотариустың міндеттері.
    27. Нотариустың қызметін шектеу.
    28. Нотариаттық округ.
    29. Нотариустың қызмет ету аумағы.
    30. Нотариаттық округтегі нотариустардың ең аз санын айқындау критерийлері.
    31. Нотариустың мөрі, мөртабандары мен бланкілері.

32. Аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдарын аттестациялау.

33. Нотариустың және нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілетті лауазымды адамдардың жауапкершілігі.

34. Нотариаттық іс-әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға шағымдану.

35. Нотариаттық палата.

36. Нотариаттық палатаның басқару органдары.

37. Нотариаттық палатаның төрағасы.

38. Нотариаттық палатаның өкілеттігі.

39. Нотариаттық палатаның жарғысы.

40. Республикалық нотариаттық палатаның өкілеттігі.

41. Жеке нотариаттық архив.

42. Нотариаттық іс-әрекеттерге ақы төлеу.

43. Жекеше нотариус нотариаттық іс-әрекеттер жасаған кезде құқықтық және техникалық сипаттағы қызметтер көрсетуге ақы төлеу.

44. Нотариустың қызметін бақылау. Әділет органдарының нотариатты реттеу саласындағы құзыреті.

45. Аумақтық нотариаттық палаталардың қызметін бақылау.

46. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нотариатты реттеу саласындағы құзыреті.

47. Аумақтық әділет органының нотариатты реттеу саласындағы құзыреті.

48. Нотариус пен уәкілетті лауазымды адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер.

49. Аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың, ауылдық округтің әкімі аппаратының лауазымды адамы жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер

50. Консулдық қызметті жүзеге асыратын адамдар жасайтын нотариаттық іс-әрекеттер.

51. Нотариаттық түрде куәландырылған құжаттарға теңестірілген өсиеттер мен сенімхаттарды лауазымды адамдардың куәландыруы.

52. Лауазымды адамдар куәландырған өсиеттерді нотариусқа беру.

53. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау тәртібі.

54. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мерзімдері.

55. Нотариаттық іс-әрекеттер жасауды кейінге қалдырудың және тоқтата тұрудың негіздері мен мерзімдері.

56. Нотариаттық іс-әрекетті жасауды өтінген адамның жеке басын анықтау.
57. Мәмілелерге қатысушы жеке адамдардың іс-әрекетке қабілеттілігі мен заңды тұлғалардың құқықтық қабілеттілігін анықтау.
58. Нотариаттық құжаттарға қол қою тәртібі.
59. Куәландырылатын мәмілелер мен айғақталатын құжаттардың мәтіндеріне қойылатын талаптар.
60. Нотариаттық іс-әрекет жасау құқығын шектеу.
61. Куәландыратын жазбалар жасау, куәліктер беру және қаулылар шығару.
62. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тарту.
63. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу.
64. Нотариаттық іс-әрекеттерді тіркеу тізілімдерінің (оның ішінде бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің электрондық тізілімінің), нотариаттық куәліктердің, куәландыратын жазбалардың нысаны.
65. Нотариаттық куәландырылған құжаттың дубликатын беру.
66. Нотариаттық тәртіпшен куәландырылатын мәмілелер.
67. Мәміле жобасының мазмұны мен мағынасын тараптарға түсіндіру.
68. Тіркелуге жататын мүлікті иеліктен алу және кепілге салу туралы шарттарды куәландыру.
69. Өсиеттерді куәландыру.
70. Өсиеттерді өзгерту және күшін жою тәртібі.
71. Сенімхаттарды куәландыру.
72. Мәміленің мазмұны баяндалатын құжат даналарының саны.
73. Ашылған мұра туралы мұрагерлерге және бас тартылған мұраны алушыларға (легатарийлерге) хабарлау.
74. Мұрадан бас тарту немесе оған құқық туралы куәлік беру туралы өтініштерді қабылдау.
75. Мұраға құқық туралы куәлік беру орны мен мерзімі.
76. Мұраға құқық туралы куәлік беру тәртібі.
77. Заң бойынша мұраға құқық туралы куәлікті беру шарттары.
78. Өсиет бойынша мұраға құқық туралы куәлік беру шарттары.
79. Ортақ бірлескен меншік үлесіне меншік құқығы туралы куәлік беру.
80. Көзі тірі жұбайының өтінішімен ерлі-зайыптылардың ортақ мүлкіндегі үлеске меншік құқығы туралы куәлік беру.
81. Мүлікті иеліктен алуға тыйым салу және оны алып тастау.

82. Құжаттардың көшірмелері мен олардан алынған үзінділердің дұрыстығын куәландыру.
83. Азамат берген құжат көшірмесінің дұрыстығын куәландыру
84. Құжаттың көшірмесінен алынған көшірменің дұрыстығын куәландыру.
85. Құжаттағы қойылған қолдың түпнұсқалығын куәландыру.
86. Аударымның дұрыстығын куәландыру.
87. Азаматтың тірі екендігі фактісін куәландыру.
88. Азаматтың белгілі бір жерде болу фактісін куәландыру.
89. Құжаттардың көрсетілген уақытын куәландыру.
90. Өтініштерді беру.
91. Ақшаны депозитке қабылдау.
92. Ақшаны депозитке салған адамға оларды қайтару.
93. Вексель наразылығы.
94. Борышкерден ақшаны өндіріп алу немесе өзге де жылжымалы мүлікті талап ету.
95. Атқарушылық жазбаны жасау шарттары.
96. Атқарушылық жазбаның мазмұны.
97. Атқарушылық жазба бойынша өндіріп алу тәртібі.
98. Атқарушылық жазбаны ұсыну мерзімдері.
99. Борышкерге атқарушылық жазбаның көшірмелерін жіберу.
100. Атқарушылық жазбаны өндіріп алушыға беру.
101. Атқарушылық жазбаның күшін жою және оған дау айту.
102. Құжаттарды және бағалы қағаздарды сақтауға қабылдау.
103. Сақтауға қабылданған құжаттарды және бағалы қағаздарды қайтару.
104. Теңіз наразылығы туралы мәлімдеме.
105. Теңіз наразылығы туралы мәлімдеменің мерзімдері.
106. Теңіз наразылығы туралы акт жасау.
107. Сотта немесе басқа құзыретті органда іс туындаған жағдайда дәлелдемелерді қамтамасыз ету.
108. Нотариустың дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттері.
109. Нотариустың басқа мемлекеттердің құқық нормаларын қолдануы.
110. Нотариустың шетелде жасалған құжаттарды қабылдауы.
111. Қазақстан Республикасында нотариат институтының пайда болуы мен даму тарихы.
112. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау тәртібі туралы ереже.



## ТЕСТІЛІК ТАПСЫРМАЛАР

1. Қазақстан Республикасындағы нотариат:
  - A) құқықтық институт
  - B) мемлекеттік орган
  - C) коммерциялық орган
  - D) кәсіпкерлік орын
  - E) кәсіподақ
  
2. Нотариаттық іс-әрекеттер жасауға құқылы:
  - A) Қазақстан Республикасының атынан консулдық қызмет атқаратын адамдар
  - B) әкімдер
  - C) судьялар
  - D) адвокаттар
  - E) заңгерлер
  
3. Нотариаттың қызметін реттейтін Заң:
  - A) Азаматтық кодекс
  - B) Қылмыстық кодекс
  - C) Қылмыстық-процестік кодекс
  - D) Азаматтық-процестік кодекс
  - E) Мемлекеттік қызмет туралы заң
  
4. Нотариаттық қызметтің қағидаттары:
  - A) тәуелсіздік
  - B) аумақтық
  - C) мемлекеттік
  - D) саяси
  - E) тәуелділік
  
5. Нотариаттық қызмет:
  - A) кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды
  - B) кәсіпкерлік қызмет болып табылады
  - C) мемлекеттік қызмет болып табылады
  - D) арнайы қызмет болып табылады
  - E) саяси қызмет болып табылады
  
6. Нотариустар нотариаттық іс-әрекеттер жасағанда:

- A) тәуелсіз және тек заңға ғана бағынады
- B) тәуелсіз және тек әділет органдарына бағынады
- C) тәуелсіз және тек прокуратура органдарына бағынады
- D) тәуелсіз және тек заң шығарушы органға ғана бағынады
- E) тәуелсіз және тек сот органдарына ғана бағынады

7. Нотариус ретінде қызметін тоқтатқан адамдар нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтауға:

- A) міндетті
- B) құқылы
- C) құқылы емес
- D) міндетті емес
- E) кей жағдайда ғана міндетті

8. Нотариаттық іс-әрекеттердің құпиясын сақтауға міндетті тұлға:

- A) нотариустың көмекшісі
- B) прокурор
- C) тергеуші
- D) судья
- E) әкім

9. Нотариаттық іс-әрекеттер туралы мәліметтер беріледі:

- A) жеке немесе заңды тұлғаға
- B) кез келген адамға
- C) әкімге
- D) алқа билерге
- E) журналистерге

10. Заңда көзделген тәртіппен нотариаттық іс-әрекеттер жасай алады:

- A) жекеше нотариус
- B) архивариус
- C) әкім
- D) анықтаушы
- E) кез келген заңгер

11. Нотариаттық іс-әрекет жасауға өкілеттік берілген тұлға:

- A) мемлекеттік нотариус
- B) судья
- C) адвокат

- Д) заң кеңесшісі
- Е) заңгер

12. Жеке нотариустардың құжаттары тапсырылады:

- А) жеке нотариаттық архивке
- В) мемлекеттік архивке
- С) әділет органдарына
- Д) прокуратура органдарына
- Е) сот органдарына

13. Мемлекеттік нотариустардың құжаттары тапсырылады:

- А) мемлекеттік архивке
- В) Нотариаттық Палатаға
- С) жеке нотариаттық архивке
- Д) тергеу органдарына
- Е) әділет органдарына

14. Нотариус болу үшін қойылатын жас мөлшері:

- А) 25 жас
- В) 30 жас
- С) 20 жас
- Д) 35 жас
- Е) 40 жас

15. Нотариус бола алады:

- А) жоғары заң білімі бар адам
- В) арнайы орта заң білімі бар адам
- С) жоғары білімі бар кез келген адам
- Д) ғылыми дәрежесі бар адам
- Е) ғылыми атағы бар адам

16. Нотариус болу үшін міндетті:

- А) заңгер мамандығы бойынша кемінде екі жыл жұмыс өтілі
- В) заңгер мамандығы бойынша кемінде бір жыл жұмыс өтілі
- С) заңгер мамандығы бойынша кемінде алты ай жұмыс өтілі
- Д) заңгер мамандығы бойынша кемінде үш жыл жұмыс өтілі
- Е) заңгер мамандығы бойынша кемінде үш ай жұмыс өтілі

17. Нотариус бола алмайды:

- A) іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі адам
- B) 25 жасқа толған адам
- C) заң мамандығы бойынша екі жыл жұмыс өтілі бар адам
- D) тағылымдамадан жақсы өткен адам
- E) тиісті біліктілік емтиханын тапсырған адам

18. Жекеше және мемлекеттік нотариустардың нотариаттық қызметті жүзеге асырған кездегі құқықтары мен міндеттері:

- A) тең
- B) әртүрлі
- C) құбылмалы
- D) нақты құжатқа байланысты
- E) сан алуан

19. Нотариустың көмекшісі бола алады:

- A) Қазақстан Республикасының азаматы
- B) азаматтығы жоқ тұлғалар
- C) шетел азаматтары
- D) тиісті білімі бар тұлғалар
- E) тек қана заң білімі бар тұлғалар

20. Нотариустың тағылымдамадан өтушілері бола алады:

- A) жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары
- B) жоғары заң білімі бар шетел азаматтары
- C) жоғары заң білімі бар азаматтағы жоқ тұлғалар
- D) арнаулы орта заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары
- E) жоғары білімі бар кез келген Қазақстан Республикасының азаматы

21. Нотариустың тағылымдамадан өтушілер тағылымдамадан өтеді:

- A) жекеше немесе мемлекеттік нотариуста
- B) Нотариаттық Палатада
- C) Әкімдікте
- D) Әділет органдарында
- E) Прокуратура органдарында

22. Тағылымдаманың мерзімі қысқартылуы мүмкін:

- A) Заң мамандығы бойынша кемінде бес жыл өтілі бар адамдар үшін

- В) Заң мамандығы бойынша кемінде үш жыл өтілі бар адамдар үшін
- С) Заң мамандығы бойынша кемінде екі жыл өтілі бар адамдар үшін
- Д) Заң мамандығы бойынша кемінде он жыл өтілі бар адамдар үшін
- Е) Заң мамандығы бойынша кемінде он бес жыл өтілі бар адамдар үшін

23. Тағылымдаманың ұзақтығы:

- А) үш айдан кем болмауы керек
- В) алты айдан кем болмауы керек
- С) екі айдан кем болмауы керек
- Д) бес айдан кем болмауы керек
- Е) бір жылдан кем болмауы керек

24. Бір нотариустан бір мезгілде тағылымдамадан өте алады:

- А) екеуден аспайтын тағылымдамадан өтуші
- В) бір ғана тағылымдамадан өтуші
- С) бесеуден аспайтын тағылымдамадан өтуші
- Д) алтаудан аспайтын тағылымдамадан өтуші
- Е) төртеуден аспайтын тағылымдамадан өтуші

25. Тағылымдамадан өту аяқталған соң нотариус тағылымдамадан өтушінің кәсіптік даярлау бағдарламасын орындағанын көрсететін:

- А) қорытынды дайындайды
- В) шешім дайындайды
- С) үкім дайындайды
- Д) нұсқау дайындайды
- Е) қаулы дайындайды

26. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар аттестаттаудан өтеді:

- А) әділет аттестаттау комиссияларында
- В) Нотариаттық Палатада
- С) Әділет Министрлігінде
- Д) Әкімдікте
- Е) Прокуратура органдарында

27. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы:

- А) жеті мүшеден тұрады

- В) он мүшеден тұрады
- С) сегіз мүшеден тұрады
- Д) алты мүшеден тұрады
- Е) бес мүшеден тұрады

28. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссияларының құрамын бекітеді:

- А) Қазақстан Республикасы Әділет министрі
- В) Қазақстан Республикасының Мәжілісі
- С) Қазақстан Республикасының Сенаты
- Д) Қазақстан Республикасының Президенті
- Е) Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры

29. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы аттестаттауды қажеттілігіне қарай, бірақ:

- А) тоқсанына кемінде бір рет өткізеді
- В) тоқсанына кемінде екі рет өткізеді
- С) тоқсанына кемінде үш рет өткізеді
- Д) бір жылды бір рет өткізеді
- Е) бір жылда екі рет өткізеді

30. Аттестатталғаны туралы комиссия шешімі ол шығарылған кезден бастап жарамды болып табылады:

- А) үш жыл бойы
- В) бес жыл бойы
- С) алты жыл бойы
- Д) бір жыл бойы
- Е) екі жыл бойы

31. Аттестаттаудан шеттетілген үміткер нотариаттық қызметпен айналысу құқығына әділет аттестаттау комиссиясы шешім шығарған күннен бастап Заңда көзделген тәртіппен аттестаттауға жіберу туралы қайта өтініш беруге құқылы:

- А) үш ай өткен соң
- В) екі ай өткен соң
- С) бес ай өткен соң
- Д) алты ай өткен соң
- Е) бір жыл өткен соң

32. Нотариусқа нотариаттық іс-әрекеттер жасауға уәкілдік беретін құжат:

- А) лицензия
- В) патент
- С) паспорт
- Д) куәлік
- Е) акт

33. Нотариус лицензиясының мерзімі:

- А) мерзімі шектелмей беріледі
- В) алты жыл мерзімге беріледі
- С) он жыл мерзімге беріледі
- Д) жиырма жыл мерзімге беріледі
- Е) отыз жыл мерзімге беріледі

34. Нотариустың лицензиясы қолданылады:

- А) Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында
- В) Алматы қаласының аумағында
- С) Астана қаласының аумағында
- Д) Нотариаттық Палата аумағында
- Е) Қазақстан Республикасында және шет мемлекеттерде

35. Аттестаттаудан өтпестен нотариаттық қызметті жүзеге асыру үшін лицензия алуға құқылы тұлғалар:

- А) тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар
- В) кез келген заңгер
- С) адвокаттар
- Д) заң мамандығы бойынша он жыл жұмыс өтілі бар адамдар
- Е) мемлекеттік қызметшілер

36. Нотариус лицензиясын беруден бас тартылған жағдайда өтініш иесіне ол қабылданған күннен бастап бас тарту себептері көрсетіле отырып жазбаша түрде дәлелді шешім беріледі:

- А) үш күн ішінде
- В) бес күн ішінде
- С) он күн ішінде
- Д) бір апта ішінде
- Е) алты күн ішінде

37. Лицензияны беруден бас тарту туралы шешім жөнінде шағымдануға болады:

- A) сот органдарына
- B) прокуратура органдарына
- C) әділет органдарына
- D) заң шығарушы органдарға
- E) үкіметке

38. Нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұруға өкілетті:

- A) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі
- B) Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі
- C) Қазақстан Республикасының Лицензиялау министрлігі
- D) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы
- E) Қазақстан Республикасының Үкіметі

39. Нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру үшін негіз:

- A) азаматтардың арыздары
- B) Үкіметтің қаулысы
- C) Президенттің Жарлығы
- D) Сенаттың қаулысы
- E) Парламенттің шешімі

40. Нотариустың лицензиясының күшін тоқтататыла тұруы мүмкін:

- A) анықтау органдарының ұсыныстары негізінде
- B) әкімнің шешімі бойынша
- C) прокурордың бұйрығы бойынша
- D) Президенттің Жарлығы бойынша
- E) Үкіметтің қаулысы бойынша

41. Нотариус қылмыстық іс бойынша айыпталушы ретінде тартылған жағдайда лицензиясының күші тоқтатыла тұруы мүмкін:

- A) алты ай мерзімге
- B) өмір бойына
- C) үш ай мерзімге
- D) бір жыл мерзімге
- E) екі ай мерзімге



42. Нотариус өзінің тегін, атын, әкесінің атын өзгерткені туралы мәліметтерді аумақтық әділет органына бір ай ішінде хабарламағанда, оның лицензиясының күші тоқтатыла тұрады:

- A) алты ай мерзімге
- B) екі жыл мерзімге
- C) бір жыл мерзімге
- D) екі ай мерзімге
- E) үш ай мерзімге

43. Нотариус нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабардар еткен күннен бастап үш ай өткеннен кейін іс жүзінде нотариаттық қызметке кіріспеген болса:

- A) лицензиясының күші тоқтатыла тұрады
- B) лицензиясынан айырылады
- C) лицензиясының күші жойылады
- D) лицензиясы кері қайтарылып алынады
- E) лицензиясының күші тоқтатылады

44. Тоқтата тұруға себеп болған мән-жайлар жойылған кезде нотариус тоқтата тұруға себеп болған мән-жайларды жойғаны туралы мәліметтерді назарға жеткізген күннен бастап лицензиар лицензияның қолданылуын қалпына келтіру туралы шешім шығарады

- A) күнтізбелік үш күн мерзімде
- B) күнтізбелік бес күн мерзімде
- C) күнтізбелік он күн мерзімде
- D) күнтізбелік жеті күн мерзімде
- E) күнтізбелік алты күн мерзімде

45. Нотариустың лицензиясының күші тоқтатыла тұрған кезеңде нотариаттық іс-әрекеттер жасауына тыйым салынады және нотариустың мөрі тапсырылады:

- A) аумақтық әділет органына
- B) прокуратура органына
- C) сот органдарына
- D) Нотариаттық палатаға
- E) мемлекеттік мұрағатқа

46. Нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру туралы шешім жөнінде шағымдануға болады:

- A) сотқа
- B) прокуратураға
- C) тергеу органдарына
- D) анықтау органдарына
- E) Нотариаттық Палатаға

47. Лицензиясының қолданылуы тоқтатыла тұрған нотариустың іс жүргізуінде жатқан құжаттар беріледі:

- A) басқа нотариусқа
- B) Нотариаттық Палатаға
- C) жекеше мұрағатқа
- D) әділет органдарына
- E) мемлекеттік мұрағатқа

48. Нотариус лицензиясы кері қайтарылып алынады:

- A) Соттың шешімімен
- B) Әділет Министрлігінің шешімімен
- C) Прокуратураның қаулысымен
- D) аумақтық Нотариаттық Палатаның шешімімен
- E) Республикалық Нотариаттық Палатаның шешімімен

49. Лицензияның күшін тоқтата тұру себептері жойылмағанда:

- A) лицензиясы кері қайтарылып алынады
- B) лицензияның күші бір жылға тоқтатыла тұрады
- C) лицензияның күші он жылға тоқтатыла тұрады
- D) лицензияның күші үш жылға тоқтатыла тұрады
- E) лицензияның күші екі жылға тоқтатыла тұрады

50. Жекеше нотариус Нотариустың ар-ождан кодексін бірнеше рет бұзғанда:

- A) лицензиясы кері қайтарылып алынады
- B) лицензиясының күші тоқтатылады
- C) лицензияның күші үш жылға тоқтатыла тұрады
- D) лицензияның күші бір жылға тоқтатыла тұрады
- E) лицензияның күші он бір жылға тоқтатыла тұрады

51. Нотариус азаматтығын өзгерткенде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерге тұрғылықты мекен-жайына кеткенде:

- A) лицензиясының күші тоқтатылады

- В) лицензиясының күші тоқтатыла тұрады
- С) лицензиясынан айырылады
- Д) лицензиясы шет мемлекетте жарамды болады
- Е) лицензиясының күші бес жыл мерзімге тоқтатылады

52. Нотариус заңдарда белгіленген тәртіппен іс-әрекет жасауға қабілетсіз не іс-әрекет жасауға қабілеттілігі шектеулі деп танылғанда:

- А) лицензиясының күші тоқтатылады
- В) лицензиясынан айырылады
- С) лицензиясының күші он бес жыл мерзімге тоқтатылады
- Д) лицензиясының күші тоқтатылмайды
- Е) лицензиясының күші он жыл мерзімге тоқтатылады

53. Нотариус хабар-ошарсыз кеткен деп танылғанда немесе қайтыс болған деп жарияланғанда:

- А) лицензиясының күші тоқтатылады
- В) лицензиясының күші тоқтатылмайды
- С) лицензиясының күші тоқтатыла тұрады
- Д) лицензиясының күші он жыл мерзімге тоқтатылады
- Е) лицензиясының күші үш жыл мерзімге тоқтатылады

54. Нотариус лицензиясының күшін тоқтату туралы ұсынысты енгізеді:

- А) нотариаттық палата
- В) сот органдары
- С) прокуратура органдары
- Д) тергеу органдары
- Е) анықтау органдары

55. Нотариус лицензиясының күшін тоқтату туралы ұсынысты енгізуге уәкілетті орган:

- А) аумақтық әділет органы
- В) сот органдары
- С) заң шығарушы орган
- Д) акимат
- Е) прокуратура органы

56. Жеке практикамен айналысатын нотариус:

- А) лицензия негізінде нотариаттық қызметті жүзеге асыратын тұлға

- В) мемлекеттік қызметші
- С) мемлекеттік органда нотариаттық қызметті жүзеге асыратын тұлға
- Д) әкімдік аппаратының қызметшісі
- Е) кәсіпкер

57. Нотариаттық палатаның мүшесі болып табылады:

- А) жекеше нотариус
- В) мемлекеттік нотариус
- С) әділет органының қызметшісі
- Д) кәсіпкер
- Е) кез келген заңгер

58. Нотариус қызметтік үй-жайының орналасқан жерін көрсете отырып, нотариаттық қызметті жүзеге асырудың басталғаны туралы хабарлама жіберуге міндетті:

- А) аумақтық әділет органына
- В) нотариаттық палатаға
- С) прокуратура органдарына
- Д) әкімдікке
- Е) сот органдарына

59. Ғылыми, педагогтік және шығармашылық қызметпен айналысу нотариустың:

- А) құқығы
- В) міндеті
- С) қызметі
- Д) құқығы жоқ
- Е) нотариус болу үшін басты шарт

60. Нотариус кәсіптік қызметін жүзеге асыруға байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді құпия ұстауға:

- А) міндетті
- В) міндетті емес
- С) құқылы
- Д) барлық жағдайда міндетті емес
- Е) тек заңмен көзделген реттерде құқылы

61. Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес келмейтін жағдайда нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартуға:

- A) міндетті
- B) құқылы
- C) міндетті емес
- D) барлық жағдайда міндетті емес
- E) тек заңмен көзделген реттерде құқылы

62. Нотариус кәсіпкерлік қызметпен айналысуға:

- A) құқылы емес
- B) құқылы
- C) тек қана кейбір кәсіпкерлікпен айналысуға құқылы емес
- D) міндетті емес
- E) міндетті

63. Нотариус делдалдық қызмет көрсетуге:

- A) құқылы емес
- B) делдалдықтың кейбір түрлерін көрсетуге құқылы
- C) міндетті
- D) міндетті емес
- E) құқылы

64. Нотариаттық округ шегіндегі мемлекеттік нотариустың қызмет ету аумағын белгілейді:

- A) аумақтық әділет органы
- B) аумақтық нотариаттық палата
- C) акимат
- D) Әділет Министрлігі
- E) Республикалық Нотариаттық палата

65. Нотариустың қызметтік үй-жайына қойылатын талаптарды белгілейді:

- A) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
- B) Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
- C) Қазақстан Республикасының Парламенті
- D) Нотариаттық Палата
- E) Жергілікті өзін-өзі басқару органдары

66. Жеке практикамен айналысатын нотариус өзінің кәсіптік міндеттері мен әдеп нормаларын бұзған жағдайда оны Нотариустың ар-ождан кодексіне сәйкес жауапқа тартады:

- A) нотариаттық палата
- B) акимат
- C) прокуратура органдары
- D) сот органдары
- E) әділет басқармасы

67. Нотариаттық іс-әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға түскен шағымдарды азаматтық іс жүргізу заңдарының нормаларына сәйкес:

- A) сот органдары қарайды
- B) тиісті нотариаттық палата қарайды
- C) прокуратура органдары қарайды
- D) аумақтық әділет органдары қарайды
- E) Әділет Министрлігі қарайды

68. Жеке практикамен айналысатын нотариустардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, сондай-ақ нотариаттық іс-әрекеттер жасау кезінде нотариат туралы заңдардың орындалуына бақылау жасау үшін құрылатын коммерциялық емес, кәсіптік, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым:

- A) Нотариаттық Палата
- B) Әділет басқармасы
- C) Әділет Министрлігі
- D) Нотариустардың құрылтайы
- E) Нотариаттық Пленум

69. Нотариаттық палата:

- A) заңды тұлға болып табылады
- B) жеке тұлға болып табылады
- C) кәсіпкерлік мекеме болып табылады
- D) құрылтайшы болып табылады
- E) мемлекеттік орган болып табылады

70. Қазақстан Республикасының әрбір облысы, республикалық маңызы бар қалалары мен астанасы аумағында құрылады:

- A) бір нотариаттық палата
- B) бірнеше нотариаттық палата

- С) үш нотариаттық палата
- Д) бес нотариаттық палата
- Е) екі нотариаттық палата

71. Нотариаттық палатаның басқару органы:

- А) жалпы жиналыс
- В) жалпы құрылтай
- С) қоғамдық кеңес
- Д) жалпы отырыс
- Е) съезд

72. Нотариаттық палатаның жарғысын қабылдайды, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізеді:

- А) жалпы жиналыс
- В) акимат
- С) әділет органдары
- Д) Әділет министрлігі
- Е) Әділет біліктілік алқасы

73. Нотариаттық палатаның бюджетін бекітеді:

- А) жалпы жиналыс
- В) Үкімет
- С) Парламент
- Д) Сенат
- Е) Президент

74. Нотариаттық палата төрағасын, басқарманың және тексеру комиссиясының мүшелерін сайлайды:

- А) жалпы жиналыс
- В) жалпы құрылтай
- С) әділет органдары
- Д) Президент
- Е) Сенат

75. Нотариаттық палата мүшелері жалпы жиналысының, нотариаттық палата басқармасының және нотариаттық палата төрағасының құзыреті регламенттеледі:

- А) нотариаттық палатаның жарғысымен
- В) әділет органдарының бұйрығымен

- С) Сенаттың қаулысымен
- Д) Президенттің Жарғысымен
- Е) нотариаттық палатаның үкімімен

76. Басқарма мүшелері жасырын дауыс беру арқылы сайланады:

- А) төрт жыл мерзімге
- В) үш жыл мерзімге
- С) бес жыл мерзімге
- Д) бір жыл мерзімге
- Е) он жыл мерзімге

77. Басқарманың құрамына кемінде:

- А) бес адам кіреді
- В) төрт адам кіреді
- С) он адам кіреді
- Д) жеті адам кіреді
- Е) үш адам кіреді

78. Нотариаттық палатаның төрағасы болып оны сайлаған күнге дейін нотариаттық палатаның мүшесі болған нотариус сайланады:

- А) кемінде бес жыл
- В) кемінде үш жыл
- С) кемінде жеті жыл
- Д) кемінде төрт жыл
- Е) кемінде екі жыл

79. Нотариаттық палатаның төрағасы жасырын дауыс беру арқылы сайланады:

- А) төрт жыл мерзімге
- В) үш жыл мерзімге
- С) бес жыл мерзімге
- Д) екі жыл мерзімге
- Е) алты жыл мерзімге

80. Мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдарда нотариаттық палатаның мүддесін білдіреді:

- А) Нотариаттық палатаның төрағасы
- В) Әділет Министрі
- С) Әділет Біліктілік алқасының төрағасы



- Д) мемлекеттік нотариус
- Е) жекеше нотариус

81. Жекеше нотариустың лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныс енгізеді:

- А) Нотариаттық Палата
- В) Мәжіліс
- С) Сенат
- Д) Акимат
- Е) Сот жюриі

82. Жекеше нотариусты кәсіптік міндеттері мен әдепті бұзғаны үшін Нотариустың ар-ождан кодексiне сәйкес жауапқа тартады:

- А) Нотариаттық Палата
- В) Жоғарғы Сот Кеңесі
- С) Әділет Біліктілік алқасы
- Д) Акимат
- Е) Тәртіптік Кеңес

83. Нотариаттық палата жарты жылдың және жылдың қорытындылары бойынша өзінің қызметі туралы ақпарат беріп отырады:

- А) Республикалық нотариаттық палатаға
- В) Қазақстан Республикасының Президентіне
- С) Қазақстан Республикасының Сенатына
- Д) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотына
- Е) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасына

84. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің нотариат мәселелері бойынша заң жобалары жөніндегі және сарапшылық қызметіне қатысады:

- А) Республикалық нотариаттық Палата
- В) Әділет басқармасы
- С) мемлекеттік нотариус
- Д) жекеше нотариус
- Е) адвокат

85. Нотариустың ар-ождан кодексін әзірлеп, бекітеді:

- А) Республикалық нотариаттық Палата
- В) Әділет Министрлігі

- С) аумақтық нотариаттық палата
- Д) аумақтық әділет органдары
- Е) Қазақстан Республикасының Үкіметі

86. Республикалық Нотариаттық палатаның төрағасы болып оны сайлаған күнге дейін нотариаттық палатаның мүшесі болған нотариус сайланады:

- А) кемінде бес жыл
- В) кемінде он жыл
- С) кемінде жеті жыл
- Д) кемінде төрт жыл
- Е) кемінде он бес жыл

87. Республикалық нотариаттық палатаның төрағасы төрт жыл мерзімге сайланады:

- А) жасырын дауыс беру арқылы
- В) ашық дауыс беру арқылы
- С) тағайындалады
- Д) ашық және жасырын дауыс беру арқылы сайланады
- Е) онлайн дауыс беру арқылы сайланады

88. Жеке нотариаттық архив - филиалы болып табылады:

- А) аумақтық нотариаттық палатаның
- В) Республикалық нотариаттық палатаның
- С) аумақтық әділет органдарының
- Д) акиматтың
- Е) сот органдарының

89. Жасалған нотариаттық іс-әрекеттердің заңдылығын және мемлекеттік нотариустың және аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарының іс жүргізу ережелерін сақтауын бақылауды жүзеге асырады:

- А) аумақтық әділет органы
- В) сот органдары
- С) акимат
- Д) прокуратура органдары
- Е) тергеу органдары

90. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекеттерді жасау қағидасын бекітеді:

- А) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
- В) аумақтық әділет органдары
- С) акимат
- Д) Республикалық нотариаттық палата
- Е) Жоғарғы Сот Кеңесі

91. Республикалық нотариаттық палатаның келісімі бойынша тағылымдамадан өтушілердің кәсіптік даярлығының бірыңғай бағдарламасын бекітеді:

- А) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
- В) Қазақстан Республикасының Президенті
- С) Қазақстан Республикасының Үкіметі
- Д) Қазақстан Республикасының Сенаты
- Е) Қазақстан Республикасының Мәжілісі

92. Нотариаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі туралы ережені бекітеді:

- А) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
- В) Қазақстан Республикасының Мәжілісі
- С) Республикалық Нотариаттық Палата
- Д) аумақтық әділет органдары
- Е) Қазақстан Республикасының Үкіметі

93. Нотариустардың қызметін лицензиялайды:

- А) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
- В) Республикалық лицензиялау орталығы
- С) Республикалық Нотариаттық Палата
- Д) Қазақстан Республикасының Үкіметі
- Е) Қазақстан Республикасының Мәжілісі

94. Әрбір нотариаттық округ бойынша нотариустардың ең аз санын бекітеді:

- А) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
- В) Қазақстан Республикасының Мәжілісі
- С) Республикалық лицензиялау орталығы
- Д) Жоғарғы Сот Кеңесі
- Е) Адвокаттар алқасы

95. Нотариат мәселелері бойынша әдістемелік, нұсқамалық және түсіндірмелік материалдар әзірлейді:

- A) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
- B) Қазақстан Республикасының Сенаты
- C) Қазақстан Республикасының Мәжілісі
- D) Қазақстан Республикасының Бас Прокуратурасы
- E) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сот Кеңесі

96. Нотариустарды лицензияларынан айыру туралы талаптарға бастамашылық етеді:

- A) Қазақстан Республикасының Әділет Министрлігі
- B) Астана қаласының соты
- C) Алматы қаласының соты
- D) Әділет біліктілік алқасы
- E) Әділет аттестаттау комиссиясы

97. Мемлекеттік нотариаттық кеңселерді ашады және таратады:

- A) аумақтық әділет органдары
- B) аумақтық нотариаттық палата
- C) акимат
- D) сот органдары
- E) прокуратура органдары

98. Азаматтар мен заңды тұлғалардың нотариустардың іс-әрекеттеріне өтініштерін қарайды:

- A) аумақтық әділет органдары
- B) Республикалық нотариаттық қоғам
- C) акимат
- D) тәртіптік біліктілік алқасы
- E) қоғамдық кеңес

99. Нотариус лицензиясының күшін тоқтата тұру, кері қайтарып алу және тоқтату туралы ұсыныстар енгізеді:

- A) аумақтық әділет органдары
- B) сот органдары
- C) акимат
- D) Жоғарғы Сот Кеңесі
- E) төрелік сот

100. Нотариаттық іс-әрекет жасауға уәкілетті аудандық маңызы бар қалалардың, кенттердің, ауылдардың, ауылдық округтердің әкімдері аппараттарының лауазымды адамдарын аттестациялауды жүргізеді:

- A) аумақтық әділет органдары
- B) аумақтық нотариаттық палата
- C) Әділет біліктілік алқасы
- D) Сот жюриі
- E) тәртіптік кеңес

101. Нотариаттық практиканы қорытады:

- A) аумақтық әділет органдары
- B) сот органдары
- C) прокуратура органдары
- D) акимат
- E) тәртіптік кеңес

102. Сақтауға құжаттар және бағалы қағаздар қабылдайды:

- A) нотариус
- B) мемлекеттік қызметші
- C) әкімшілік мемлекеттік қызметші
- D) тергеу судьясы
- E) судья

103. Вексель наразылықтарын жасайды:

- A) нотариус
- B) прокурор
- C) судья
- D) тергеуші
- E) тергеу судьясы

104. Ақшаны депозитке қабылдайды:

- A) нотариус
- B) прокурор
- C) әкім
- D) әділет органдарының маманы
- E) нотариаттық палата

105. Теңіз наразылықтарын жасайды:

- A) нотариус
- B) әділет органы
- C) нотариаттық палата
- D) қорғаушы
- E) прокурор

106. Лауазымды адамдар өсиет куәландырылған күннен бастап немесе осындай мүмкіндік пайда болған кезде куәландырылған өсиеттің бір данасын сақтауға дереу беруге міндетті:

- A) нотариусқа
- B) аумақтық әділет органына
- C) тиісті нотариаттық палатаға
- D) прокуратура органдарына
- E) сот органдарына

107. Лауазымды адамдар өсиет куәландырылған күннен бастап, ал егер бұл дәлелді себептермен мүмкін болмаса, осындай мүмкіндік пайда болған кезде куәландырылған өсиеттің бір данасын өсиет қалдырушының тұрақты тұрғылықты жеріндегі нотариусқа сақтауға дереу беруге міндетті:

- A) күнтізбелік он күн ішінде
- B) күнтізбелік отыз күн ішінде
- C) күнтізбелік жеті күн ішінде
- D) күнтізбелік жиырма күн ішінде
- E) күнтізбелік үш күн ішінде

108. Нотариаттық іс-әрекеттер жасау мынадай негіздер бойынша кейінге қалдырылуы мүмкін:

- A) құжаттардың сараптамаға жіберілуі негізінде
- B) прокуратура органдарының бұйрығы негізінде
- C) сот шешімінің негізінде
- D) Нотариаттық палатаның ұсынысы негізінде
- E) аумақтық әділет органдарының нұсқауы негізінде

109. Нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген азаматтың жеке басы мына құжаттың негізінде анықталады:

- A) азаматтың жеке куәлігі
- B) соттың бұйрығы
- C) көлік жүргізетін куәлік
- D) прокуратура органдарының шешімі

Е) арнайы рұқсат қағазы

110. Нотариаттық іс-әрекет жасауға қатысушылар нотариус куәландырған мәмілелерге, өтініштер мен басқа құжаттарға қол қояды:

- А) нотариустың қатысуымен
- В) куәгерлердің қатысуымен
- С) прокурордың қатысуымен
- Д) мемлекеттік қызметшінің қатысуымен
- Е) жергілікті басқару органдары өкілінің қатысуымен

111. Нотариаттық іс-әрекеттер жасаудан бас тартудың негіздері:

- А) іс-әрекетті басқа нотариус жасауға тиіс болса
- В) нотариустың біліктілігі жетпесе
- С) нотариус басқа бір жұмыспен бос болмаса
- Д) нотариустың лицензиясы бұл қызмет түрін жасауға мүмкіндік бермесе
- Е) нотариус басқа клиенттен босамаса

112. Заңды тұлға атынан жасалатын мәміле оның жарғысында немесе ережесінде көрсетілген мақсаттарға қайшы келсе:

- А) нотариус мұндай іс-әрекеттер жасаудан бас тартады
- В) нотариус мұндай іс-әрекетті жасауды кейінге қалдырады
- С) нотариус мұндай іс-әрекетті жасайды
- Д) нотариус мұндай жағдайда құжаттарға тиісті өзгертулер енгізеді
- Е) нотариус Жарғыға толықтырулар енгізеді

113. Нотариаттық іс-әрекет жасауды өтінген адамға нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартылған кезде, нотариус жазбаша түрде бас тартудың себебі көрсетілген дәлелді:

- А) қаулы береді
- В) үкімді береді
- С) шешімді береді
- Д) бұйрықты береді
- Е) наразылықты береді

114. Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тартуға немесе нотариаттық іс-әрекеттің дұрыс жасалмағаны үшін шағымдануға болады:

- А) сот органдарына
- В) әкімдікке

- С) тергеу органдарына
- Д) анықтау органдарына
- Е) Президентке

115. Тіркелуге жататын жылжымайтын мүлікті иеліктен алу мен кепілге салу шартын куәландыру жасалады:

- А) сол мүлік тұрған жерде
- В) барлық жерде жасалады
- С) Астана қаласында ғана жасалады
- Д) сол мүлікті сатып алушының тұрған жерінде жасалады
- Е) сол мүліктің иесі тұрған жерде жасалады

116. Теңіз саудасын реттейтін заңдарға сәйкес теңіз наразылығы туралы мәлімдеме кеме портқа кірген кезден бастап беріледі:

- А) жиырма төрт сағаттың ішінде
- В) он сағаттың ішінде
- С) он екі сағаттың ішінде
- Д) екі сағаттың ішінде
- Е) қырық сегіз сағаттың ішінде

117. Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» заңы қабылданды:

- А) 1997 жылы
- В) 1998 жылы
- С) 1996 жылы
- Д) 2000 жылы
- Е) 2012 жылы

118. Нотариаттық іс-әрекеттер жасалады:

- А) нотариаттық кеңсенің үй-жайында
- В) аумақтық нотариаттық палатада
- С) аумақтық әділет органында
- Д) сот органдарында
- Е) әкімдікте

119. Нотариаттық іс-әрекет жасаудан бас тарту туралы қаулы жасалады:

- А) екі данада
- В) бір данада



- С) үш данада
- Д) төрт данада
- Е) бес данада

120. Нотариус деген сөз мынандай мағына береді:

- А) жазба жүргізуші
- В) айыптаушы
- С) қорғаушы
- Д) қолдаушы
- Е) тергеуші

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл оқу құралы «Құқықтану» мамандығы бойынша білім алатын студенттерге арналған. Аталған оқу құралы «Нотариат» курсы бойынша дәріс жинақтарынан, тәжірибелік сабақтардың құрылымынан, аралық немесе емтихан тапсыру үшін сұрақтар тізімінен және тестілік тапсырмалардан құралған авторлық бағдарламадан тұрады.

Студенттердің «Нотариат» курсына оқып-үйренуі тек қана теориялық білімдерді қалыптастыру ғана емес, сонымен қатар осы саладағы тәжірибелік дағдыларды игеруге бағытталған.

Студенттерге әртүрлі заңдық басылымдармен, арнайы ғылыми еңбектермен, сондай-ақ нотариаттық тәжірибеден нақты мысалдар келтірілетін «Бюллетень Нотариуса» басылымымен танысу ұсынылады.

2001 жылы Республикалық нотариаттық палата құрған ғылыми-тәжірибелік журнал «Бюллетень нотариуса» шығарыла бастады, бұл бюллетень нотариустардың кәсіби дайындығын жоғарлату мен жақсартуға, тәжірибе мен пікір алмасуға арналған. 2006 жылдан бастап журналда мемлекеттік тілде мерзімдік мәліметтер және консультациялар басылып отыр, олар басылымның 30-40 % құрайды.

«Бюллетень нотариуса» - қазақстандық нотариаттың ғылыми-тәжірибелік журналы болып табылады.

Журналда отандық нотариаттың қазіргі жағдайы, оның проблемалары мен шешу жолдары туралы мәселелер баяндалады.

Әрбір нотариусқа маңызды деректерді, оның ішінде нотариаттық тәжірибедегі өзекті мәселелерді, әсіресе нотариаттық іс-әрекеттерді жасау барысында туындайтын сұрақтар бойынша ұсыныстарды осы журналдың беттерінен кездестіруге болады.

Сондай-ақ студенттерге «Нотариат» курсына оқып-үйрену барысында еліміздегі нотариаттың қызметін ұйымдастырудағы, құқықтық реттеудегі бірден-бір салалық заң болып табылатын Қазақстан Республикасының «Нотариат» туралы заңымен танысу міндетті болып табылады.

Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесі Қазақстан Республикасы Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығымен бекітілген. Нотариаттық іс-әрекеттермен байланысты нормативтік-құқықтық актілердің тізімі, Азаматтық, Азаматтық-процессуалдық, Отбасылық т.б. құқық саларымен тығыз байланысты екендігін көрсетеді. Соған қарамастан, бұл актілер салалық заңнаманың біркелкі жүйесін құрамайды, яғни құқық жүйесіндегі нотариаттың жеке

құқық саласы екендігін білдірмейді. Бірақ, «Нотариатты» оқу курсы ретінде өзіндік жеке дара пән ретінде айқындауға болады.

Нотариаттың заңмен көзделген өкілеттіктер шегінде жеке және заңды тұлғалардың құқығы мен бостандығын қорғаудағы қызметін оқып-үйрену барысында, болашақ мамандар Қазақстан Республикасындағы нотариат институтына қатысты толық және қажетті ақпараттар алады.

## ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы, 10.03.2017 жылғы өзгертулер мен толықтырулармен // Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 жылғы №4, 217-құжат (Қазақстан Республикасы Парламентінің басылымы).

2. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету және құқықтық қатынастар туралы Конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 10 наурыздағы №531 Заңы// «Егемен Қазақстан» 2004 жылғы 12 наурыз №57-58; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2004ж., №5, 24-құжат.

3. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексі. Жалпы бөлім, № 268-ХІІІ//ҚР Жоғарғы Кеңесі Жаршысының 1994 жылғы 23-24 номерлерінің жеке қосымшасы.

4. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. ҚР 2014 жылғы 3 шілдедегі №226-V ҚРЗ//«Егемен Қазақстан» 09.07.2014ж. №132 (28356); Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2014ж., №13-1, 83-құжат.

5. Нотариат туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 14 шілдедегі №155 Заңы// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., №13-14.

6. Нотариустардың нотариаттық іс-әрекет жасау ережесі. ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №31 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жылғы 26 мамырдағы №269-273 (27347).

7. «Нотариаттық куәліктердің, қаулылардың, нотариустар куәландырған құжаттардағы және мәмілелердегі куәландыру жазбаларының нысанын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2016 жылғы 29 ақпандағы №104 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 27.04.2017ж., №81 (29062).

8. «Тағылымдамадан өткен адвокаттық қызметпен айналысуға және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдарды аттестаттаудан өткізу қағидаларын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2015 жылғы 27 қаңтардағы №56 Бұйрығы//«Әділет» ақпарттық-құқықтық жүйесі 05.03.2015ж.

9. «Нотариустың үй-жайы талаптарын бекіту туралы» ҚР Әділет Министрінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы №29 Бұйрығы//«Егемен Қазақстан» 2012 жыл 26 мамырдағы №269-273 (27347).

10. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы Азаматтық процестік кодексі, №377-V ҚРЗ// Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2015 ж., №20-V, 114-құжат.

11. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)//Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2008 ж., №21, 98 құжат.

12. Нотариустың ар-намыс кодексі. (аумақтық палаталар өкілдерінің 27.04.2012 жылы өткен Съезд шешімімен енгізілген өзгерістермен). Жеке

тәжірибемен айналысушы нотариустардың Республикалық Съезімен 2001 жылдың 16 ақпанында бектілген//adilet.gov.kz.

13. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 шілдедегі Азаматтық кодексі (ерекше бөлім), № 409//«Егемен Қазақстан», 1999 жыл. 17 шілде №150-157.

14. Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексі//«Егемен Қазақстан», 2003 жылғы 26 маусым №156-159.

15. Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 26 шілдедегі №310 Заңы//«Егемен Қазақстан», 2007 жылғы 9 тамыз, №237-238.

16. Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 23 желтоқсандағы №2723 Заңы//adilet.gov.kz.

17. Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-IV Кодексі//«Егемен Қазақстан», 2012 жылғы 7 қаңтардағы №5-8 (27079).

18. Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы №375-V Кәсіпкерлік кодексі//«Егемен Қазақстан», 03.11.2015ж., №210 (26688).

19. Рұқсаттар мен хабарламалар туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 16 мамырдағы №202-V ҚРЗ//«Егемен Қазақстан», 20.05.2014ж., №97 (28321).

20. Соттардың мұрагерлік туралы заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 29 маусымдағы №5 Нормативтік қаулысы//«Егемен Қазақстан» 2009 жылғы 8 тамыз, №262 (25659).

21. Методические рекомендации по отчуждению доли в уставном капитале товариществ с ограниченной ответственностью. Утверждено решением Республиканской нотариальной палаты 28 октября 2016 года//adilet.gov.kz.

22. Методические рекомендации по удостоверению брачного договора. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 28 октября 2016 года//adilet.gov.kz.

23. Правила внутреннего контроля в целях противодействия легализации (отмыванию) доходов, полученных преступным путем, и финансированию терроризма для нотариусов. Республиканская нотариальная палата//adilet.gov.kz.

24. Рекомендации по определению обязательной доли в наследстве. Республиканская нотариальная палата//adilet.gov.kz.

25. Рекомендации по удостоверению доверенностей. Республиканская нотариальная палата//adilet.gov.kz.

26. Методические рекомендации по оказанию практической помощи нотариусам в решении отдельных вопросов, связанных с наследованием. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 20 августа 2016 года//adilet.gov.kz.

27. Методические рекомендации по удостоверению об уплате алиментов. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 20 августа 2016 года//adilet.gov.kz.

28. Методические рекомендации по совершению исполнительной надписи. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 9 марта 2016 года//adilet.gov.kz.

29. Методические рекомендации для нотариусов Республики Казахстан по свидетельствованию верности копий документов и выписок из них, а также свидетельствованию подлинности подписи на заявлениях. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 26 апреля 2013 года//adilet.gov.kz.

30. О порядке выдачи свидетельств о праве собственности на долю в общем имуществе супругов. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 27 июня 2014 года//adilet.gov.kz.

31. Концепция развития нотариата в Республике Казахстан на период с 2015 до 2020 года Утверждена XI, внеочередным, Съездом представителей территориальных нотариальных палат 3 апреля 2015 года//adilet.gov.kz.

32. Положение о системе повышения профессиональной квалификации нотариусов в Республике. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 27 января 2017 года//adilet.gov.kz.

33. Положение о Центре повышения квалификации нотариусов при Республиканской нотариальной палате. Утверждено решением Правления Республиканской нотариальной палаты 2014 года//adilet.gov.kz.

34. Бурибаев Е.А. Нотариат и нотариальная деятельность в Республике Казахстан: учебное пособие. – Алматы: Жеті жарғы, 2014. – 304 с.

35. Бурибаев Е.А. Конституционно-правовые основы нотариата Республики Казахстан: проблемы теории и практики: Монография. – Астана, 2010. – 258с.

36. Хамзина Ж.А., Бурибаев Е.А. «Организация нотариата и нотариальной деятельности: опыт государств-участников организации экономического сотрудничества и развития (ОЭСР)»: Монография. – М: «БИБЛИО-ГЛОБУС», 2016. - 428с.

37. Елекеев И. Становление и перспективы развития нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. – 2002. - №5.- С.4-7.

38. Елекеев И. Этапы развития частного нотариата в Республике Казахстан и его стратегические ориентиры//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №6. - С.7-9.

39. Жанабиллова А. Особенности развития независимого нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №5. С.8-10.

40. Дербисалинов А. История создания и развития частного нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. - 2002г. - №4. – С.32-35.

41. Дербисалинов А. Нотариальные палаты - законные представители интересов частного нотариата Казахстана//Бюллетень нотариуса. - 2002г.- №5. - С.21-30.

42. Жылысбаева М. Из истории нотариата в Казахстане//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №2. - С.31-32.
43. Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в Республике Казахстан. Учебное пособие. - Костанай, 2001. – 258с.
44. Карагусов У.Е. Комментарий к Закону Республики Казахстан «О нотариате». - Астана: ТОО Издательский дом Сарыарка, 2007.
45. Основные положения делопроизводства в нотариальной деятельности РК / Сост. Л.К. Бакунина. - Костанай: Гамма. – 2006.
46. Жапакова С. Взаимодействие управление юстиции с нотариатом// Бюллетень нотариуса. - 2001.- №4. – С.24.
47. Кузнецова Е. «Особенности совершения нотариального действия «Принятие в депозит денежных сумм и ценных бумаг// Бюллетень нотариуса. - 2004г. - №3. – С. 14-22.
48. Елегенова Н. Перспективы развития нотариальных палат, как профессионального сообщества нотариусов//Бюллетень нотариуса. - 2002. - №5. - С.22-24.
49. Вергасова Р.И. Нотариат в России: учеб.пособие. - М.: Юристъ, 2006. – 381 с.
50. Власов Ю.Н., Калинин В.В. Нотариат в Российской Федерации: учебник. - М.: Омега-Л. - 2006. – 431 с.
51. Әленова А.Х., Қосанов Ж.Х., Мадиярова А.С. Нотариаттық іс-әрекеттер және оларды іске асыру ережелері. – Астана. – 2007. - 458 б.
52. Урисбаева А. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Қазақ университеті». – 2011. – 110б.
53. Идрышева С.Қ. Қазақстан Республикасының нотариаты. Оқу құралы. – Алматы: «Жеті Жарғы». – 2013. - 183б.
54. Макаренко О.Н. Нотариат в вопросах и ответах. – Ростов на Дону: «Феникс», 2002. – 196с.

## МАЗМҰНЫ

<b>АЛҒЫСӨЗ</b>	<b>3</b>
<b>ДӘРИСТЕР ЖИНАҒЫ. ТЕОРИЯЛЫҚ БӨЛІМ</b>	<b>4</b>
I. Нотариатты ұйымдастыру және оның құрылымы	4
II. Нотариаттық іс-әрекеттер және оларды жасаудың тәртібі	13
III. Нотариалдық органдардың қызметіне бақылау, оларды қаржылық қамтамасыз ету	18
IV. Мәмілелерді куәландыру	24
V. Мұрагерлік құқықтарды қорғаудағы нотариаттың рөлі	35
VI. Отбасылық құқықтарды қорғаудағы нотариаттың рөлі	47
VII. Дәлелдемелерді қамтамасыз етудегі нотариаттың рөлі	58
VIII. Атқарушылық жазбаларды жасау	68
<b>ТӘЖІРИБЕЛІК БӨЛІМ</b>	<b>74</b>
1. Нотариат туралы түсінік, нотариатты ұйымдастыру және оның құрылымы	74
2. Нотариустардың қызметіне бақылау жасау. Нотариалдық қызметті қаржыландыру	75
3. Нотариаттық өндірістің жалпы шарттары	77
4. Нотариаттық іс-әрекеттерді жасаудың тәртібі	78
5. Азаматтық құқықтарды реттеудегі нотариаттың рөлі	79
6. Отбасылық құқықтарды реттеудегі нотариаттың рөлі	80
7. Дәлелдемелерді қамтамасыз етудегі нотариаттың рөлі	81
8. Атқарушылық жазбаларды жасау	82
<b>АРАЛЫҚ БАҚЫЛАУҒА АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР</b>	<b>84</b>
<b>ТЕСТІЛІК ТАПСЫРМАЛАР</b>	<b>88</b>
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b>	<b>113</b>
<b>ҚАЙНАР КӨЗДЕР ТІЗІМІ</b>	<b>115</b>





















Жұманбаева Н.А.

Қазақстан Республикасындағы Нотариат

Оқу құралы

Подписано в печать 25.10.2018 г.

Формат 60x84, 1/16.

Плотность 80 г/м<sup>2</sup>.

Усл.печ.л. 7.44.

Тираж 1000 шт.

Отпечатано в ТОО «ColorCity».

Наурызбай батыра, 9.

Тел. +7 727 329 24 40